


ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ
ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

7



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ

М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

АЛМАТЫ
“ҒЫЛЫМ” ғылыми баспа орталығы
2003

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ,
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНАСЫ
МЕН М. О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

7

Т О М

ЖЕТІНШІ КІТАП

ΕΡΤΕΓΙΑΕΡ

هَرْتَه گِلَهَر



Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. – Алматы: “Ғылым” ғылыми баспа орталығы, 2003. 7-том. - 224 б.

Әдебиет жұртшылығына ұсынылып отырған бұл кітап қазақ ертегілерінің сипаттамасына арналған. Кітапта ҚР Ұлттық ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорларындағы 270-ден астам ертегі қамтылған. Ертегілердің басым көпшілігі бұрын жарияланбаған. Сипаттамада бұрын жарық көрген ертегілердің библиографиялық көрсеткіші берілді.

Сипаттама әдебиетші ғалымдарға, түрколог мамандарға, жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінің студенттері мен аспиранттарына, жалпы әдебиетті сүйетін оқушы қауымға арналған.

Редакциялық алқа:

З. Ахметов, Б. Әзібаева, С. Қасқабасов (жауапты редактор),
С. Қирабаев, Ш. Ыбыраев, М. Шафиғи

Ж а у а п т ы ш ы ғ а р у ш ы
Мақсұт Шафиғи

ҚАЗАҚ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫНЫҢ
7 ТОМЫН (ЕРТЕГІЛЕР) ЖАЗУҒА ҚАТЫСҚАҢДАР ЖӘНЕ
ОЛАРДЫҢ ЖАЗҒАН СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ НӨМІРЛЕРІ:

- Әбішев Жарылғасын* – 5, 6, 15, 17, 18, 22, 23, 28, 29, 30, 31,
34, 39, 42, 57, 67, 70, 89, 90, 91, 92, 97,
104, 163, 250, 255, 256, 262, 264
- Әзібаева Бақытжан* – 7, 41, 71, 80, 84, 99, 112, 115, 131,
158, 171, 176, 177, 227, 228, 229, 230,
231, 232, 233, 234, 235, 237, 238, 239,
240, 245, 253
- Байтоқов Елубек* – 19, 20, 32, 35, 36, 38, 43, 54, 55, 69,
78, 79, 93, 102, 103, 106, 107, 108, 117,
118, 119, 120, 124, 126, 127, 135, 136,
137, 138, 143, 145, 146, 156, 157, 174,
207, 211, 217, 252, 260, 267
- Бөжеев Мұратбек* – 20, 44, 45, 46, 76, 85, 86, 101, 105,
129, 148, 149, 151, 152, 155, 193, 212,
266
- Қанағатов Төлмұхамет* – 3, 8, 10, 63, 66, 72, 74, 75, 87, 88,
114, 130, 159, 161, 162, 165, 166, 167,
175, 178, 184, 185, 188, 199, 200, 213,
214, 218, 241, 244, 245, 246, 247, 248,
249, 261
- Қабдолова Қалимаш* – 2, 14, 27, 59, 60, 68, 81, 82, 100, 109,
111, 121, 123, 128, 144, 147, 154, 168,
169, 170, 172, 179, 180, 191, 198, 206,
224, 225, 226
- Шафиғи Мақсұт* – 1, 4, 9, 11, 12, 25, 26, 37, 40, 47, 48,
49, 50, 51, 52, 53, 58, 61, 62, 65, 83, 94,
96, 98, 110, 116, 122, 132, 142, 173, 181,
182, 183, 187, 189, 190, 192, 194, 195,
196, 197, 201, 202, 203, 204, 208, 209,
210, 215, 216, 220, 221, 222, 223, 236,
242, 243, 251, 254, 257, 258, 263, 268
- Шоқпарова Сара* – 13, 24, 33, 56, 77, 95, 113, 134, 139,
140, 141, 150, 153, 164, 186, 205, 219,
263

Шартты қысқартулар:

Алм. обл.	- Алматы облысы (бұрынғы)
Гур. обл.	- Гурьев облысы (бұрынғы)
Жамб. обл.	- Жамбыл облысы (бұрынғы)
Жезқ. обл.	- Жезқазған облысы (бұрынғы)
Қарағ. обл.	- Қарағанды облысы (бұрынғы)
Павл. обл.	- Павлодар облысы (бұрынғы)
Сем. обл.	- Семей облысы (бұрынғы)
Талд. обл.	- Талдықорған облысы (бұрынғы)
Шымк. обл.	- Шымкент облысы (бұрынғы)
Ж.б.	- Жылы белгісіз
Айт.	- Айтушысы
Жин.	- Жинаушысы
Тап.	- Тапсырушысы
Дөп.	- Дәптері

Сипаттаманың сол жақ бұрышындағы Ш.116 (ӘӨИ) немесе (ОҒК) деген белгілер қолжазбаның шифрын – Ш., қайда сақталғанын (ӘӨИ) – Әдебиет және өнер институты; ОҒК – Орталық ғылыми кітапхана көрсетеді.

Сипаттаманың оң жақ бұрышындағы П. 18; Б.18; Ж.30; 20x30; 17x20 деген белгілерге тоқталсақ, ол былай:

Шығарманың неше парақтан тұратыны – П., беті – Б., жолы – Ж. әріптерімен берілген. Ал кейінгі бірінші цифрлар - қолжазбаның ұзындығы мен көлденеңін, екінші цифрлар шығарма жазуының ұзындығы мен көлденеңін аңғартады.

Ш. № 59 (ОФК)

Б.33, П.33, Ж.22
31x19; 28x17

Аталуы. **ابىرالى مەن سا بىرالى** Абыралы мен Сабыралы (1 б.)
Жинаушысы. Құлбайұлы Рахым.

Аннотациясы. Сабыралы деген кедей жалғыз ұлын молдаға беріп оқытады. Молда баланы үш ай оқытқаны үшін үш тілдә алтын сұрайды. Тілдәсі жоқ Сабыралы әбден қиналған соң сол елдің өзінің есесі кетіп жүрген Абыралы деген байының қолшоқпары болып жүрген адамдарын алдап, оларға өзінің арық, көрі өгізін, жаман көк есегін мақтап қымбатқа сатып, берешегінен құтылады.

Ертегі 33 бетке келіп аяқталмай қалған.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1,33 бетінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі, 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жылы жазылып, 1948 ж. қордың есебіне алынған

Қосымша белгілері. Қолжазбаның үстінен қызыл сиямен түзету жүргізген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп жөндеуден өткен.

Папкасы. № 59. “Абыралы-Сабыралы” ертегілері.

Ш.125 (ӘӨИ)

Б.13; П.26; Ж.22
23x17; 18x15**Аталуы.** Адам болған жылан.**Жинаушысы.** Әбішев Қалымтай.

Аннотациясы. Құрман деген кедей жиырма жыл бойы байдың қойын бағады. Бір күні қой бағып жүргенде алыстан жанған отты көреді. Ол Құрманға жақындай түседі. Оттың алдында бір жылан келеді де Құрманға тығылады. Құрман отты өшіріп, жыланды аман алып қалады. Жылан адам қалпына келіп, өзін ажалдан құтқарғаны үшін Құрманға қызын береді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1960 жыл, бұрынғы Талдықорған облысы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.**Папкасы № 25 (ӘӨИ).** Ертегілер мен әңгімелер. 2-дәптер.

Ш.700 (ӘӨИ)

Б.21; П.10; Ж.30
18x20; 16x17

Аталуы. Азгүл, Назгүл, Жаннат, Бақия, Мағражын сұлулардың хикаясы (174-бет). **ازگول، نازگول، جاننات، باقيا، ماغراجين سولولاردىڭ حيكاياسى**

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (195 бет).

Аннотациясы. Жұрын шаһарының патшасы Мерсқабтың шаһарына ешқандай жау басқыншылық етіп кіре алмастай үлкен қорған салдыруы, екі жүз мың әскер ұйымдастырып, оларды қаруларының түріне қарай топ-топқа бөліп соғысқа әзірлеуі, жүз мың әскермен Илмен патшалығына шабуыл жасауы, Илмен патшалығын құлатып, ондағы барлық сұлу қыздарды тұтқындап өз патшалығына алдыруы, Илмен патшасы Абділқамитке (әйелімен) бостандық беріп, үлкен қызы Азгүлді әскер қолбасы Тағат мырзаның әйелдікке алуы, кіші қызы Назгүлдің патшадан дат сұрап, осы патшалықтан өзі таң-

дап бір жігітке тиюге бас еркіндігін алуы. Патшалықтағы үміткер жігіттердің айлап, күндеп Назгүл сұлудың алдынан өтуі, Назгүл сұлудың бұрыл тұлпар мініп өткен Уалихан мырзаны таңдауы, Уалихан мырзамен Назгүл сұлудың жайы. Күндерден күн, айлардан ай өтіп Назгүл сұлу жүкті болып, Мерқап мырза атты ұл көруі. Бұл ұлдың өсіп жігіт болып, Бағдат шаһарының патшасы Хасан Уалиттің қызы Жаннат сұлуға ғашық болуы, онан бес батырды жолдас етіп сапарға шығуы. Жаннат сұлуды алып, Мерқап мырзаның өз шаһарына келіп салтанатты той жасауы, Бағдат шаһарының патшасы Хасан Уалиттің ұлы Шаһмараттың қарындасын (Жаннат сұлуды) іздеп жүріп патшалығына келуі, Мерқап мырзаның қарындасы Мағражын сұлудың Шаһмаратқа ғашық болуы, ақыры екі патша қарсы құда болып, татуласып, бейбіт өмір кешкендігі ұзақ баян етіледі. **Жинаушысы** Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні бұрын Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын 1913-1914 жылдары оқып жадында сақтап кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 21 бет. Ұзын жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып сөздері әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. “Ертегілер” 2 дәптер, “36-ертегі” Азгүл, Назгүл, Жаннат, Бақия, Мағражын сұлулардың хикаясы”.

4

Ш.23 (ОФК)

Б.21; П.21; Ж.20
31x22; 28x20

Аталуы. **ای استنرا ایبارشا سؤلؤ** Ай астындағы Айбарша сұлу (1 б.).
Жинаушысы. Иса Байзақ ұлы.

Аннотациясы. Құдус ханның қызы – Айбарша сұлу пері оқуын оқиды. Күлмес ханның баласы Өлмеске ғашық болып оның көзіне алтын киік суретінде елестейді. Алтын киікті іздеп шыққан Өлмес жолында Қыран қарақшы деген дүниенің оқуын бітіріп қарақшы болып кеткен адамды өлімнен құтқарып алып онымен дос болады. Қыран қарақшы досы үшін перілердің жеті қабат шаһарында мыстан кемпір күзетіп жатқан сарайдағы Алтын киікті (Айбаршаны) алып келіп Өлмеске қосады. Бұл үшеуі бірігіп қыздың өкесін және оның шаһарын халқымен бірге тасқа айналдырып жіберген екі дәуді

ұстап өлтіріп, адамдарын тірілтіп, шаһарын қалпына келтіреді. Ақырында Өлмес өз елі мен Құдұс ханның еліне хан болады. Қыран қарақшы бас уәзірі болып бәрі де мұраттарына жетеді.

Ертегі көркем тілмен жақсы жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1,21-беттерінде ҚазССР ҒА-сы ОҒК-нің сопақ мөрі, 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1926 жылы жазылып, 1948 жылы қордын есебіне алынған.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның үстінен жасыл сиямен түзету жүргізген. 21-бетінде “Жарайды. Сөйлем құрылысы түзетілді. Басуға кетеді. Бірақ кейінгі бір жинақтарға қалсын, себебі бұл ертегінің варианты басқаларында аздап қайталанып отырады. 6/ҮІ-36 Ес.” деген жазуы бар.

Текстің орналастырылуы. Мәтін жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, түбі ақ жіппен тігілген. Сұрғылт түсті арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 23. “Ай астындағы Айбарша сұлу” ертегісі.

5

Ш.68 (ОҒК)

Б.4; П.4; Ж.15
22x18; 18x14

Аталуы.

ایلالی پاتشا

Айлалы патша.

Жинаушысы. Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы.

دیوایف ابوباکر احمد تھان ولی

Аннотациясы. Көпке дейін өздерін ұстатпай жүрген, хан қазынасын күнделікті келіп тонаумен болған ұрылардың құпиясын ашқан ақылды да айлакер патша жайында әңгіме болады. “Ханның қазынасы” атты ертегінің бір нұсқасы іспетті. Кей текстологиялық ерекшеліктері бола тұрса да бұл екі үлгінің сюжеттік желісінде айырма жоққа тән.

Қолтаңбасы. Кімдікі екені белгісіз.

Қосымша жазуы.

1. “Жарайды” (1-б. араб әрпінде).
2. “Басылған” (1-б. латын әрпінде).

3. “Диваевтан түскен” (4-парақ, араб әрпінде)

Мөрі. Қолжазба Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-ның сопақша (титұльдық бетте) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағаздарға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қашан және қай жерде жазылғаны белгісіз. ОҒК сирек қорына 1948 жылы түскен.

Беттелуі. Араб үлгісімен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 68 (ОҒК). Ертегілер, 1-дәп.

6

Ш.99 (ОҒК)

Б.5; П.5; Ж.29
20,5x32; 16x25,5

Аталуы. *Ajlalъ tazsa* Айлалы тазша.

Жинаушысы. Диваев Әбубәкір. *Djwaev Abubakir*

Аннотациясы. Халық арасында жиі айтылып келе жатқан ертегі. Бірінші рет жарияланған. Бұнда әйгілі тазшаның тапқырлық істері әңгіме болады.

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-ның сопақ (5-б.) мөрлері кездесті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкаға басылған, латын әрпінде.

Жазылған жылы, жері. Қашан және қай кезде жазылғаны белгісіз. ОҒК сирек қорында 1948 жылдан сақтаулы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі тексті қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен; жеке қағаздар түптері біріктіріле тігіліп, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 99 (ОҒК). “Айлалы тазша” ертегісі.

7

Ш.131 (ӘӨИ)

Б.8; П. 4; Ж.20;
20x16; 20x15;

Аталуы. Айлакер түлкі.

Жинаушысы. Ибрагим Өкпенев.

Айтушысы. Әбдірахман Дүйсенбеков (1893 ж. бұрынғы Қарағанды облысында туған).

Аннотациясы. Ертеде бір айлакер түлкі болған екен. Осы түлкі өзіне пана берген қасқырды алдап кетеді, бірақ та өзі бөдененің сөзіне алданып қалып бір жүйрік тазыға жем болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ сызықты жұқа дәптерге көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текстің жолдары парактың екі жағында орналасқан, ертегі қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба тысталып, арнайы папкада сақтаулы.

Папкасы. № 131 (ӘӨИ). Ауыз әдебиет үлгілері. Ел арасынан жинаушы – Өкпенев Ибрагим. Институт қорына 1959 жылы түскен.

8

Ш.693 (ӘӨИ)

Б.17; П.9; Ж.30

18x20; 16x18

ایم قزدلغ اسقاقتاپ بارپ تازعا تیوی

Аталуы. Айым қыздың асқақтап барып тазға тиюі (20 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (37 бет).

Аннотациясы. Баршау шаһарының патшасы Диануи түс жорушының шарты бойынша жалғыз қызы Әлім сұлуды түс жорушының ұлына береді. Улиямның шаһарына шабуыл жасалып, қырғынға ұшырауы. Тоқпақ шаһарының патшасы Асқардың асқан мықты батыры Шынжыр батырдың жорығы, Шынжыр батырдың Баршау шаһарын басып алуы, Патша қызы Айым сұлудың асқақтап жүріп, Есен тазға тиюі, Шынжыр батырдың жеңіспен қайта оралып, Асқар патшаның қызы Мариягүлді алуы, ең ақырында Шынжыр батыр Әлім сұлумен Мариягүлді бірдей алып, дүниені шайқап өткендігі баян етіледі. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы ертегіні Стамбул баспасынан шыққан (авторы Сақи Базул) “Қырық сұлу” кітабын 1914 жылы оқып, жадында сақтап кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 17 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693 “Ел аузынан түскен материалдар”. 25-дөптер “18-ертегі Айым қыздың асқақтап барып тазға тиюі”.

9

Ш.207 (ОФК)

Б.20; П.20; Ж.30;
28x19; 24x16

Аталуы. Ақбай (4-б.) *Aqbaj*

Жинаушысы. Құдыяров Ж.

Аннотациясы. Екі ағайынды бай жігіттің кішісі Ақбай үйленбек болып елден қыз іздейді. Көп жыл іздеп көңіліне ұнаған қыз таба алмай жүргенде бір сиқыршы қызға кездесіп көп бейнет көріп барлық малдан айрылады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1 және 20-беттерінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды қағазға қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы жазылған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың оң жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Папкасы. №207. “Ақбай” ертегісі.

Библиографиясы. “Ақбай”, “Қазақ ертегілері”, III том, А., 1964, 9-16-бб.

10

Ш.693 (ӘӨИ)

Б.16; П.6; Ж.30
11x20; 14x18

Аталуы. Ақтүл сұлудың көркіне қызық (1 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (16 бет).

Аннотациясы. Мадина шаһарының халифасы Салфидың бір Мағау атты кедей шалға құда болуы, құдалыққа берілген жиһаз-мүліктер, Баудуеннің Ақтүл сұлуға үйленіп отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізуі, күндердің күнінде Ақтүл сұлу жүкті болып, Маран атты әрі сұлу, әрі ақылды ұл көруі. Бұл ұлы ер жетіп, жігіт болып, Оман шаһары патшасының Майнұр атты қызына ғашық болуы, Маранның Майнұр сұлуды алып мұратына жетуі баян етіледі.

Қағазы, сиясы, жазуы. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған. Көлемі 16 бет. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан “Қырық сұлу” атты кітабынан 1914 жылы оқып, жадына сақтап кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693 “Ел аузынан түскен материалдар”. 22 дәптер. “Ақтұл сұлу”.

11

Ш.54 (ОФК)

Б.23; П.11; Ж.12
19x15; 17x13

Аталуы. Ақыл, бақ, дәулет (1 бет).

Жинаушысы. Ахметов Мағзұм.

Аннотациясы. Ақыл, бақ, дәулет үшеуінің айтыс, таласы туралы.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі, 2-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғайып тозған жолсыз ақ қағазға қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1934 жылы жазылып, 1948 ж. фондыға түскен.

Қосымша белгілері. 1-бетінде қызыл сиямен “1-жинаққа кірген” деген жазуы бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, басқа қолжазбамен бірге арнайы папкаға салынған.

Ақауы. Жазуы өбден өшуге айналған.

Папкасы. № 54. 1 дөп. “Ақыл, бақ, дәулеттің айтысы”, 2-дөп. “Ханша мен баласы”.

12

Ш. 1452 (ОФК)

Б.8; П.4; Ж.32
30x21; 26x14

Аталуы. Ақылдың атасы Сабыр (1 б.). Өлеңмен жазылған ертегі.
Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Өткен заманда Тиман деген жігіт Мекке барып жиырма жыл оқып молда болып, тоғыз түйе кітап артып еліне қайтады. Орта жолда үлкен өзенге кезігіп оның көпірінен өтпек болғанда көпірдің күзетшісі: “Көп оқыдым дейсің, ондай болса ақылдың атасы кім? Осыған жауап бер, бере алмасаң көпірден өткізбеймін”, – дейді. Жігіт тоғыз түйедегі кітаптарды түгел ақтарып қарап әлгі сұраққа жауап іздеп таба алмайды да Меккеге қайтып барып бұрынғы ұстазынан сұрап келіпті. Ұстазы ақылдың атасы – сабыр деген екен. Осы жауапқа қанағаттанған күзетші жігітті көпірден өткізіп жіберіпті.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды қағазға көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1948 жылы жазылған. Түскен жылы және тапсырушысы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Ертегі өлеңмен жазылып, орыс әрпінде көшірілген. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, қызыл түсті папка басқа қолжазбалармен бірге салынған.

Папкасы. № 1452. “Ақындар өлеңдерінің жинағы”. 2-дөп.

Библиографиясы. Бұл сипаттаманың қара сөзбен айтылған нұсқасы ертегілер жинағына енген. “Сабыр”, “Қазақ ертегілері”, III том, А., 1964. 249-250-бб.

13

Ш. 125 (ӘӨИ)

Б.7; П.14; Ж.20
20x17; 18x15

Аталуы. Ақылсыз берілген жаза.

Жинаушысы. Нұртазин Әбетай, бұрынғы Талдықорған облысы, Матай станциясынан.

Аннотациясы. Ертеде бір ауқатты бай адам болады. Оның жалғыз қарындасы болады. Байдың әйелі қызбен шығыса алмай көзін құртудың жолын іздейді. Бай алыс сапарға кеткенде үйдің көптеген мүліктерін бүлдіріп оны қызға жабады. Оған сенген бай қарындасын арбаға салып алып алыс орман арасына апарып тастайды. Қыз көптеген қиыншылықтарды басынан өткізеді, әбден қайыршылық түрге түседі. Сүйтіп жүргенде бір бай адамға жолығады, соған тұрмысқа шығады, бірақ бұл жолы да күншілдіктің құрбаны болады. Екі баласымен далада тағы да қаңғырып қалады. Ақырында әйел өзінің

адалдығы арқасында күйеуіне қайтадан қосылып тату-тәтті өмір кешеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959 жыл. Талдықорған облысы, Матай станциясы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, толық жөндеуден өткен.

Папқасы. № 125. ӘӨИ. Ертегілер. 1-дәптер.

14

Ш. 163 (ОҒК)

Б.30; П.60; Ж.23
20x15; 16x13

Аталуы.

اقئل اءامعا ءوس

Ақыл адамға дос.

Жинаушысы.

مولءاءانوؤ، ءوسرءان

Молдаханов Өміржан.

Аннотациясы. Ертеде бір шаһарда ғажайып дүкен ашылады. Ол дүкенде сататын еш зат болмайды, тек бір қария дүкен ішінде кешке дейін отырады. Әркім оның былай отырғандығына таңданады. Бұл хабар шаһардың патшасының құлағына да тиеді.

Патша қариядан не істеп отырғандығын сұраса, қария: “Ақыл сатамын, бір ақылым мың діллә”, – дейді. Патша қарияның айтқан нарқын беріп оның ақыл сөзін сатып алады. Осы ақыл сөздің арқасында патша талай өлімнен аман қалады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға күлгін түсті сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 ж. Бұрынғы Алматы облысы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке бір қатардан орналастырылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен. Сырты қатырма ақ қағазбен қапталған.

Папқасы. № 163. ОҒК. Ертегілер. 1-дәп. 1-31-бб.

Ш. 50 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.21
22x31; 20x27**Аталуы.** Ақылды қыз (Қыз бен таз). *Aqyldy qyz (Qyz ben taz)***Жинаушысы.** *Bekenuly* Бекенұлы. Ол туралы мәлімет қолжазбада көрсетілмеген.**Аннотациясы.** Бұрынғы заманда бір шал болыпты. Оның жеті-сегіз меншікті ешкілері және жар дегенде жалғыз қызы бар екен. Бір күндері ешкісін бағып жүрген шал ертеқ айтысып отырған таз бен сартқа жолығады. Бел суытпақ оймен ол таздың жанына қисайып отыра кетеді...

Бұл айтыста жеңіліс тапқан таз: “Сен менің ертегімнің құйрығын бастың”, – деп шалға дүрсе қоя береді. Әбден таяқ жегізсе де ұрып-соғуын қоймаған тазды шал жалғыз қызын беретін болып әзер тоқтатады. Өрмен қарайғы оқиға шалдың болған жағдайды қызына айтып беруімен басталып, ақылдылығының арқасында таздан аман-есен құтылған қыздың барша мұратына жетуімен аяқталады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Қосымша жазуы.**

1. “Ертегілерге қосылсын” (1-б. қызыл қарындашпен латын әрпінде жаз.)

2. “Ертегі балалар әдебиетіне тиісті”

(2-парақтың таза бетінде, күлгін сиямен латын әрпінде жазылған).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нің сопақша (1-б. 2-парақтың таза бетінде) мөрлері кездесті.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қазір сарғыш тартқан, ұзын, енді қағаздарға жасыл сиямен латын әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Қашан және қай жерде жазылғаны белгісіз. ОФК сирек қорына 1936 жылы түскен.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Текстің орналастырылуы.** Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуден толық өткен.**Папкасы.** № 50. ОФК. “Ақылды қыз (Қыз бен таз)” ертегісі.

Ш. 102 (ОФК)

Б.8; П.4; Ж.21
16,5x21; 14x19**Аталуы.** *Aqyldy «Gaman»* Ақылды “Жаман”**Жинаушысы.** *Qizatov Galel* Физатов Жәлел. Бұрынғы Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданынан. Ауыл шаруашылығы техникумының оқушысы.**Аннотациясы.** Қазақ ертегілерінің 1957 жылы шыққан I томына енген “Қаңбақ шал” ертегісінің бір нұсқасы іспеттес. Тек “Ақылды Жаманда” сюжеттік қоспалар кездеседі және негізгі кейіпкер де басқаша аталады. “Қаңбақ шал” өңгіме болып отырған ертегіде “Нұғман” деп өзгертілген. Сол сияқты “Ақылды Жаманда” суреттелетін, дәу үйінде өтетін оқиғалы жәйт жарияланған нұсқаға кірмей қалған.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қосымша жазуы.**

1. “Ленин ауылы (шаруашылық техникумының студентімін), Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы”. (8-б. латын әрпінде).

2. “СССР Ғылым академиясының қазақстандық филиалына жіберілсін” F. (8-б. латын әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-ның сопақша (1-б.) мөрлері кездесті.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Төменгі сынып оқушыларына арналған дәптерге күлгін сиямен латын әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1939 жыл. Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы. ОФК сирек қорына осы, 1939 жылы келіп түскен.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Текстің орналастырылуы.** Ертегі тексті қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуден өткен: қағаз түптері біріктіріле тігіліп, ақ таза қағазбен тысталып, қоңыр папка ішіне салынған.**Папкасы.** № 102. ОФК. Ертегілер. 1-дөп.

Ш. 102 (ОФК)

Б.3; П.2; Ж.101
13,5x85; 11x81**Аталуы.** *Aqymaqbay men Aqylbaj***Жинаушысы.** *Bolatbaev Sagadj*

Ақымақбай мен Ақылбай.

Болатбаев Сағади.

Оңтүстік Қазақстан (Қазіргі Шымкент) облысы, Жамбыл стансасынан. Осы жердегі 38-санды орталау қазақ мектебінің қызыл бұрыш қызметкері.

Аннотациясы.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Беруші Болатбаев Сағади”. 26/1-39 ж. (3-б., күлгін сиямен латын әрпінде жазылған).

2. “Баспаға! Осы ертегімді кітап-журналға басуды өзіме хабар беріңіздер (шыққанын, шықпағанын). Оңтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл стансасы, 38-санды орталау қазақ мектебінің қызыл бұрыш қызметкері Болатбаев Сағади.

Осындай ертегілерді беріп тұруға бола ма? Егер болатын болса, хабар етіңіздер жоғары көрсетілген әдіріске. Бір ауыз сөзіме қанша төленеді екен, соны айтып жіберіңіздер.

Сағади. 26/1-39 ж.

(3-парақтың таза бетінде, күлгін сиямен латын әрпінде жазылған).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі (1-б.) бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қазір сарғыш тартқан ақ қағаздарға күлгін сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жылғы қаңтар айы, бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл стансасы.

ОҢК сирек қорына осы, 1939 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 102. ОҢК. Ертегілер. 2-дәп.

Аталуы.

Жинаушысы. **اققويان** Акқоян.
ناجمي ۆلى قولباي Нәжмиұлы Құлбай.

Аннотациясы. Қайта өңдеуді қажет ететін бұл ертегіде кедейлеу тұрмысты шалдың үш баласының кенжесі — Акқоянның бар бай-

лықтары — жалғыз ала биелерінің жылдағы құлынын жылда алып кетумен болған қара құспен арпалысты айқасқа түсуі, бірталай қиыншылықтарды бастан кешіре отырып, одан жеңіспен оралуы, олжасын бөліскен ағаларының оған қастандық жасауы суреттеледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Мұны жазушы Нәжмиұлы Құлбай”. (8-парақтың 2-б. араб әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (8-б.) және ОҒК-ның сопақ (1-б., 8-б.,) мөрлері кездесті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағаздарға қызыл және көк сиялармен араб әрпінде жазылған (Түзетулер жасыл сиялы қаламмен енгізілген).

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1934 жылы түсірілген, жері белгісіз.

ОҒК сирек қорына 1936 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен: жеке қағаздар біріктіріле жапсырылып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 38. ОҒК. “Аққоян” ертегісі.

19

Ш. 124 (ОҒК)

Б.8; П.8; Ж.17
20x16,5; 17x15

Аталуы. Ақжан батыр.

Айтушысы. Қуанышқали Бақышұлы.

Жинаушысы. Қиыс Жұбаншалиев.

Аннотациясы. Асқан бай жылқысын қатты қыста Ақжан деген батыр бастаған бес жігітке бақтырады. Жігіттер қатты боранда жылқыны кезектесіп күзетеді. Бірде байдың інісі қоста қалып, оны жалғыз көзді дәу өлтіріп, етін нақтап жейді. Ақжан батыр жауыздан кегін қайырып, малды жұттан аман алып қалады.

Бұл қолжазбада “Етінші” (3 бет), “Алдар көсе мен қу бала” (6 бет) және “Пеш көсесі” (5,5 бет), “Қойшы мен Шайтан” (2,5 бет), “Алдар көсе мен бай” (4 бет), “Қожанасырдың сәудагерді ұтуы” (4 бет), “Батыр қойшы туралы” (6,5 бет) және “Алдар көсе мен молда” (2,5 бет),

“Бойы бір қарыс, сакалы қырық қарыс” (6 бет) атты ертегілер бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге көк сиялы қаламмен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1957 ж. Орал обл., Шыңғырлау ауданы.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Папкасы. № 124. 4-дөп. “Ертегілер”.

20

Ш. 242 (ОҒК)

Б.4; П.4; Ж.28

20x16; 18x13,5

Аталуы. *الاشاخان، جوشى خان تۇرالى* Алашахан, Жошы хан туралы.

Жинаушысы. *ناۋرىزبايەۋ ابلقاسىم* Наурызбаев Әбілқасым.

Аннотациясы. Алашаханның Жошыхан деген баласы құлан қуып жүріп мерт болады. Домбауыл деген батыры жер бетіндегі құланды құртуға аттанады. Алашахан ұлының жаман хабарын жеткізген адамның көмейіне қорғасын құям деп ант етеді. Жошының өлімін тек асқан домбырашы қарт күй тілімен ұқтырған екен. Ашулы Алашахан домбыраның шанағына қорғасын құйғызыпты.

Аңыз соңында Алашахан туралы сөз деген жазба бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптер қағазына көк сиялы қаламмен, араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қолжазба бұрынғы Жезқазған облысы Қарсақбай поселкесінде жазылған. Институт қорына 1963 жыл, февраль айында түскен.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған дәптер ақ қағазбен түптеліп, папкаға тігілген.

Папкасы. № 242. 3 дөп. “Ауыз әдебиет үлгілері”.

21

Ш. 140 (ОҒК)

Б.4; П.2; Ж.28

20x16; 18x13

Аталуы. Алдар көсе мен хан.

Жинаушысы. Диваев Ә.

Аннотациясы. Алдар көсенің ханның асын алдап ішкені, алдап қызын алғаны, қойшыны, сиыршыны алдағаны айтылады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қарындашпен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген сұрғылт түсті жұқа папкада сақталған.

Ақауы. Қолжазбаның сақталуы орташа.

Папкасы. № 140.

22

Ш. 66 (ОФК)

Б.3; П.2; Ж.30
21x33; 19x28

Аталуы.

Жинаушысы. **الد اکبر** Алда-әкбер.
مراقمبای قندربای ولی Ырақымбай

Қыдырбайұлы. Ол туралы дерек кездеспеді.

Тапсырушысы. **دیوایف ابوبسر** Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы.

Аннотациясы. Әлі жарияланып үлгірмеген үлгілердің бірі. Әйгілі Қожанасыр, Алдар көсе жайындағы аңыз-ертегілермен ұқсастығы мол, күлкі тудырар эпизодтарға бай. Ертегіде “Базардан ет сатып әкел”, – деген әйелінің тапсырмасын орындау мақсатымен бір күні жолға шыққан жазылғыш адам – Алда - әкбердің осы қысқа да болса неше түрлі оқиғаларға толы сапары жайында баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “V класс. Ырақымбай Қыдырбайұлы. 28.11.27 ж.” (3-б. қара қарындашпен араб әрпінде жаз.).

2. “Жарайды. Есмағамбет. 7.Х.1934 ж.” (3-б. күлгін сиямен араб әрпінде жаз.).

3. “Шамғали ағай! Қатесі көп болды, себебі асығып жаздым. Кешірім сұраймын. Ырақымбай”. (3-парақтың таза бетінде, қара қарындашпен араб әрпінде жазылған).

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағаздарға қара қарындашпен араб әрпінде жазылған (түзетулер көк сиямен енгізілген).

Жазылған жылы, жері. 1927 жылғы ақпан айында қағазға түсірілген, жері белгісіз.

ОҒК сирек қорына 1934 жылы түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 66. ОҒК. Ертегілер. 1-дөп.

23

Ш. 17 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.26

21x35; 19,5x28

Аталуы.

الذار كوسه Алдар көсе.

Жинаушысы. سارسه نباي ولى موحتر سәрсенбайұлы

Мұхтар. Ол жайындағы мәлімет қолжазбада көрсетілмеген.

Тапсырушысы.

ديوايف ابوباکر Диваев Әбубөкір

Ахметжанұлы (1856-1933). Белгілі этнограф, фольклорист. 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесінде жұмыс істеген. Ол – қазақ елінің тарихымен, этнографиялық һәм фольклорлық үлгілерімен, мәдени өмірімен орыс оқырмандарын және зерттеушілерін таныстырған, оларды кең көлемде жария еткен алғашқылардың бірі.

Аннотациясы. Бұл ертегі – халық арасына кең тараған, әйгілі аңыздық кейіпкер Алдар көсе жайындағы көп үлгілердің бірі.

“Алдар көсенің” қысқартылған нұсқасы қазақ ертегілерінің үш томдық жинағының I томына енген. Бұдан басқа да жинақтарда басылған, жеке кітап та болып шыққан.

Ертегіде Алдардың өзінің белгілі тәсілдерімен қу жауырынды бір тоқтыға айырбастап, ал бір тоқтысының орнына он қойды иеленіп, еліне байып қайтуы әңгіме болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Енді бұл ертегіні осыменен төмам қыламын. Ағай, қатесі болса айып қылмаңыз. Сәрсенбайұлы Мұхтар. 19.4.27 ж.” (2-б. араб әрпінде).

2. “Жарайды. Ес. 9/Х-34 ж.” (2-б., араб әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі (1-б.) бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды, ақшыл түсті іс қағазына қаракөк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1927 жылғы 4 март күні түсірілген, қай жерде жазылғаны белгісіз.

ОҒК сирек қорына 1934 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі тексі қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, ақ таза қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 17. ОҒК. Ертегілер, 2-дәп.

24

Ш. 475(ӘӨИ)

Б.34; П.34; Ж.36
23x20; 22x16

Аталуы. Алтын балық.

Жинаушысы. Бермағанбетов Ықсан.

Экспедициясы. 1957 жылғы Гурьев экспедициясы. Оны ұйымдастырған Тіл және әдебиет институты.

Жинаушысы. Омаров Әнуар.

Аннотациясы. Бұл ертегіде кедей балықшы шалдың Ибрагим деген баласының басынан өткен жағдаяттар әңгіме болады. Ибрагим шаһар патшасына өзі ұстап алған алтын балығын сыйға тартады. Патшаның Ибрагимге деген құрметін көре алмаған уәзірлер оны патшаға шағыстырады. Баланы өлтіру үшін оны ұзақ сапарға аттандырады. Ибрагим пері қызы Қорлығайымның арқасында патшаның бүкіл шарттарын орындап, ақыр аяғында өзі патша болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі өлеңмен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 475. ӘӨИ. Ертегілер. 1-дәп. 1-34-бб.

Ш. 72 (ОҒК)

Б.22; П.16; Ж.32
35x22; 30x20

Аталуы. Алтын құс пен сұр қасқыр. *التن قوس پەن سۇرقاسقىر*
Жинаушысы. Ә.Диваев.

Айтушысы: Мариям Ханқожақызы.

Аннотациясы. “Алтын құс пен сұр қасқыр”. Бір патшаның мәуелі бағына келіп қонып оның миуаларын жеп ұшып кеткен алтын құсты іздеп сол патшаның үш ұлы үш жаққа жолға шығады. Кіші баласының жолында бір сұр қасқыр кезігіп оның атын жеп қояды. Бірақ қасқыр балаға үлкен жақсылық жасап алтын құсты тауып береді. Еліне жақындап қалғанда құр қайтып келе жатқан үлкен екі ағасы жолығып қалып інісіне қастық жасайды да алтын құсты тартып алып әкесіне (патшаға) алып келеді. Бірақ көп ұзамай солардың қылмыстары ашылады. Патша кіші баласына патшалығын беріп, үлкен екі ұлын оған құл етіп қояды.

Қолтаңбасы. Айтушыныкі.

Жазылған жылы, жері. 1920 жылы жазылып, 1948 жылы фондыға түскен.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның үстімен көк сиямен түзету жүргізген.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 72. “Ертегілер”. 1 дәптер.

Ш. 6 (ОҒК)

Б.18; П.9; Ж.20
20,5x14,5; 19x14

Аталуы. Алтын сақа. (1-б.)

التن ساقا

Жинаушысы. Сыздықұлы Нұртай.

Аннотациясы. Алтын сақа. Бір бай өз басының амандығы үшін туған баласын жалмауыз кемпірге беруге келіседі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар. 17-бетінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге көк сиямен араб әрпінде көшірілген.

Жазылған жылы, жері. 1935 жылы жазылып, 1948 жылы қордың есебіне алынған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 6. “Құламерген, Жоя мерген”, “Бай мен кедей” ертегісі.

Библиографиясы. “Алтын сақа”, “Қазақ ертегілері”, I том, А., 1957. 91-б.

27

Ш. 141 (ОҒК)

Б.11; П.22; Ж.22
21x13; 18x11

Аталуы. *Алтын мастери*

Алтын мастери.

Жинаушысы. *Bajtasulь Q .*

Байтасұлы Қабзәкір.

Аннотациясы. Ертеде ағайынды екі адам болады. Үлкенінің баласы болмайды да, кішісінің екі ұлы болады. Бір күні балалар тоғайға барып ағаш қиып жүрсе, алтын құсты көреді. Олар құсты ұстап алып, үлкен ағаларының үйіне әкеп береді. Ағаларының әйелі құсты сойып, қазанға салып пісіреді. Қарны ашқан балалар үлкендерге көрсетпей бірі құстың басын, бірі жүрегін жеп қояды. Құстың басын жеген үлкеніне ақыл бітеді, ал жүрегін жеген кішісінің жастығының астынан күніге таңертең алтын шығатын болады. Ақырында екеуі, екі елді билеген патша болып, дүниеден өтеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жыл.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. № 144. ОҒК. Ертегілер. 1-дөп. 1-13-бб.

Ш. 14 (ОФК)

Б.4; П.4; Ж.30
21x39; 18x35,5Аталуы. **التين توپاي ەرتەگسى** Алтын топай ертегісі.Жинаушысы. **ەسكەندەرۇلى م** Ескендірұлы М. Ол туралы мәлімет қолжазбада көрсетілмеген.**Аннотациясы.** “Алтын топай” (Жарияланған үлгінікі – “Алтын сақа”) елге көп тараған, халық аузында ерте кезден айтылып келе жатқан көне ертегі.

Ертегіде өз басының амандығы үшін зарыққанда, қартайған шағында көрген жалғыз перзентін құрбандыққа шалмақ болған тасжүрек әке, өлімге қиылған, бірақ өзін жем етпекші болған жалмауыз кемпірмен арпалыста талай қиындықты бастан өткергенмен де, ең соңында сенімді серіктері – тұлпары мен бес төбетінің, қырдың қызыл һәм сайдың ақ түлкілерінің арқасында оны (жалмауыз кемпірді) ажалды еткен, бұ дүниеден оздырған байдың жалғыз ұлының жайлары баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Қосымша жазуы.**

1. Балалар ертегісі болып кетеді. “Алтын сақа” барса болады. (4-парақтың 2-б. араб әрпінде. Басқы сөздері желімделіп кеткендіктен танылмады).

2. “Ес. (Есмағамбет Ысмайыловтың псевдонимі болу керек. Ә.Ж.). 3/ҮІІ-36 ж.

(4-п) қ-тың 2-б. араб әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нің сопақ (1-б., 4-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1936 жылы шілде айында түсірілген, қай жерде жазылғаны белгісіз.

ОФК сирек қорына 1936 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі тексі кара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен; қағаздар түптері біріктіріле тігіліп, ақ таза қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 14. ОФК. “Алтын топай” ертегісі.

Ш. 34 (ОФК)

Б.3; П.2; Ж.30
22x35; 20x30
20x23; 18x12**Аталуы.**

التينات

Алтын ат.

Жинаушысы.

ؤمبەتۇلى رۇستەم

Үмбетұлы Рүстем.

Ол жайында өмірбаяндық дерек жоқ.

Тапсырушысы.

ديوايف ابوباکر

Диваев Әбубәкір Ах-

метжанұлы.

Аннотациясы. Ертеде бір ханның өзі жалқау, өзі “түк жұмыс қылмайтын” ұлы болыпты. Бір күні түнде ол түс көреді. Түсінде “бір жағынан ай туып, бір жағынан шолпан жұлдыз туып тұр екен”.

Ертегі оқиғасы хан ұлының осы түсінде көргенді іздеп шыққан сапары кезінде бастан кешкендеріне, хан ұлынан оның түсін сатып алып, сапарын жалғастырған “таз баланың”, тазшаның бастан өткендеріне құрылған.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Қосымша жазуы.**

1. “Қайта жазу керек” (1-б., көк сиямен араб әрпінде жаз.).
2. “Жазушы III класс оқушысы Үмбетұлы Рүстем” (3-б. жасыл сиямен араб әрпінде жаз.).
3. “Жарайды. Ес. 9/Х-34 ж.” (3-б. күлгін сиямен араб әрпінде жаз.).
4. “Үмбетұлының айтуынан” (3-б. күлгін сиямен араб әрпінде жаз.).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нің сопақша мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағаздарға жасыл сиямен араб әрпінде жазылған (Түзетулер қара және көк сиялы қағаздармен енгізілген).

Жазылған жылы, жері. 1927 жыл, жері белгісіз. ОФК сирек қорына 1934 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен: жеке қағаздар түптері біріктіріле жапсырылып, ақ таза қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 34. ОФК. Ертегілер. 1-дөп.

Ш. 70 (ОФК)

Б.24; П.12; Ж.17
19,5x14; 18x13Аталуы. *Altyn qus*

Алтын құс.

Жинаушысы. *Tottimbetuly Q* Төттімбетұлы Құрманғали. Ол жайында өмірбаяндық дерек қолжазбада жолықпады.

Аннотациясы. Қангерей хан “бірнеше шақырымға жайылған бір бақшаға ие болған екен”. Оның үш ұлы болады. Бір уақытта сол бақшаға “ұры түсе бастайды”. Хан сонда үш баласын шақырып, ұрыны қалайда болса ұстап әкеп берулеріне бұйрық қылады.

Ертегі ханның кіші ұлы – Байқоңырдың осы жолдағы бастан кешкен оқиғаларына құрылған.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қосымша жазуы.

1. “Төттімбетұлы Құрманғали айтқанынан” (24-б., жасыл сиямен латын әрпінде жаз.).

2. “Төттімбетұлы Қ. 31/Х-1934 ж.” (Титул бетте, латын әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нің сопақша (1-б., 24-б.) мөрі кездесті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1934 жылғы қазан айында түсірілген, жері белгісіз. ОФК сирек қорына осы, 1934 жылы түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке кара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен: жеке қағаз түптері біріктіріле жапсырылып, ақ таза қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 70. ОФК. “Алтын құс” ертегісі.

Ш. 45 (ОФК)

Б.2; П.1; Ж.17
34x22; 32,5x18

Аталуы. *الھسقاكہ لگہ نزنہن اقبل سوراما* Алпысқа келгеннен ақыл сұра.

Жинаушысы. **مۇرات ۇلى پازىل** Мұратұлы Пазыл

Тапсырушысы. **ديوياف ابوباكىر** Диваев Әбубәкір
Ахметжанұлы.

Аннотациясы. Бұл ертегі – халық арасына кеңінен тараған, көптеген жинақтар мен хрестоматияларға еніп, көпшілік оқырманның жоғары бағалайтын шығармаларының біріне айналған үлгі. Бұған ұқсас сюжетті, сарындас үлгілер кей халықтар, соның ішінде орыс халқының ертегілерінде де кездеседі (А.Андреев. “Указатель сказочных сюжетов”. Л., 1929, 1 981).

Ертегіде ханның алпысқа келген адамдарды өлтіру туралы өз бұйрығының көптеген оқиғалы жайттардан кейін қате екенін түсініп өзгертуі, сөйтіп: “Шалдар өлтірілсін” деген бұрынғы заң жоғалсын, көріні сақтау керек”, – деп, еліне жаңа жарлық беруі әңгіме болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Сұлу жаза алмадым қағаз таппай. 4-інші класс оқушысы Мұратұлы Пазыл”. (2-б., араб әрпінде).

2. “Жарайды. Ес. 7/Х-34 ж.” (2-б. араб әрпінде).

3. “Жарайды. Белгі. 23/ҮІІ - 36 ж.” (2-б., араб әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-нің сопақша (1-б., 24-б.) мөрі кездесті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған (Түзетулер жасыл сиямен енгізілген).

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1927 жылғы 6 наурызда түсірілген, жері белгісіз.

ОҒК сирек қорына 1934 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден толық өтпеген.

Папкасы. № 45. ОҒК. Алпысқа келгеннен ақыл сұра. 1-дөп.

Аталуы. **ارستان، قاسمير، تولىكى** Арыстан, қасқыр, түлкі.

Жинаушысы. **ه له ؤسزو ؤا عباس** Елеусізов Ғаппас.

Аннотациясы. Арыстан, қасқыр, түлкі үшеуі бірлесіп аңға шығып, бір есек, бір киік және қоян аулап соларды бөліске салады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1962 жыл. Алматы қаласы.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба беттері ақ қағазбен дәптер бойынша тысталып, папкаға салынған.

Папкасы. № 138. 3-дәп. Ауыз әдебиет үлгілері.

33

Ш. 481 (ӘӨИ)

Б.8; П.15; Ж.21
20x17; 18x13

Аталуы. Арзы саудагер.

Айтушысы. Елемесов Кенжеғұл.

Жинаушысы. Байжанов Тұрмақан.

Экспедициясы. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясы.

Аннотациясы. Ертеде Қырым қаласында өте бай Арзы деген саудагер болады. Оны әділ әрі қайырымды адам ретінде халық өте жоғары бағалайды. Ол қартайды, енді бүкіл мұрасын жалғыз баласы Махмұтқа қалдырмақшы болып, оны өз ісіне баули бастайды. Махмұтты ұзақ сапарға жалғыз жіберуге қорқып оған жолдас болатын адам іздейді. Ол адам жолда Махмұтты көптеген қиыншылықтардан құтқарады, балаға адал жар алып береді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 13/ІХ-1960 ж. бұрынғы Қарақалпақ АССР-ы, Тақта-көпір қаласы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен ауыз әдебиет үлгілері.

Папкасы. № 481. ӘӨИ. 4-дәптер. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясының материалдары.

Ш. 31 (ОФК)

Б.2; П.1; Ж.25
21x32; 19,5x29Аталуы. **ارعى مەرگەن** Арғы мерген.Жинаушысы. **مۇراتۇلى پазыл** Мұратұлы Пазыл. Ол жайындағы мәлімет кездеспеді.Тапсырушысы. **ديوايف ابوباکر** Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы

Аннотациясы. “Арғы мерген” – әлі жарық көріп үлгермеген ертегілердің бірі.

Бұнда Арғы мерген атты аңшының, аң аулау негізгі кәсібiне айналған адамның айлап-жылдап шеккен азапты сапарларының бiрiнде бастан кешiрген оқиғасы өнгiме етiледi.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Қосымша жазуы.**

1. “Осымен ауыз әдебиетiмдi болдырып, сөзiмдi қысқарттым”, – деп жазушы Мұратұлы Пазыл. (2-б., араб әрпiнде).

2. “Қайта өндеп жазбаса материал шикi. Ес. 13/Х-34 ж.” (2-б., араб әрпiнде).

Мөрi. Қолжазбада Тiл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нiң сопақша (1-б., 2-б.) мөрi кездестi.**Қағазы, сиясы, әрпi.** Ұзын жолды ақ қағаздарға көк сиямен араб әрпiнде жазылған.**Жазылған жылы, жерi.** Қағаз бетiне 1927 жылы наурыз айында түсiрiлген, қай жерде жазылғаны белгiсiз.

ОФК сирек қорына 1934 жылы келiп түскен.

Беттелуi. Араб цифрымен беттелген.**Текстiң орналастырылуы.** Қара сөз тәртiбiмен әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтiрiлуi.** Жөндеуден толық өтпеген, тек қоңыр түстi қатты қағазбен тысталған.**Папкасы.** №31. ОФК. “Арғы мерген” ертегiсi.

Ш. 364 (OFK)

Б.2; П.2; Ж.20
20,5x16; 19x14Аталуы. **اسانقايى** Асанқайғы.Жинаушысы. **قوسنيه و مورات** Құсниев Мұрат.

Аннотациясы. Асанның кейбір аталы сөздерін айта келіп, оның даланы кезгенін, әр жерге тоқтап не дегенін айтады. Жәнібек ханмен кездесіп, оның сұрақтарына жауап береді. Қолжазбада Жәнібек хан, Жиренше шешен және Хан мен Алдар көсе жайында аңыз әңгіме кездеседі.

Сыртқы белгілері. Дәптер қағазының екі бетіне де қара сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі. 1950-1956 жылдары жазылып тапсырған.

Текстің орналастырылуы. Қарасөз бетке толық, жиі жазылған.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталған, жөндеуден өткізілген.

Ақауы. Қолжазба ұқыпсыз, сауатсыз жазылған.

Папкасы. № 364. 5-дөп. “Ауыз әдебиет үлгілері”.

Ш. 242 (OFK)

Б.3; П.3; Ж.25
20,5x165; 18x14Аталуы. **اسانقايى تورالى انگيز** Асанқайғы туралы аңыз.Жинаушысы. **ناورزباي ولى ابلقاسم** Наурызбайұлы

Абилқасым. 1892 жылы бұрынғы Жезқазған облысы, Жезқазған ауданында туған. 1918 жылдан 1950 жылға дейін Совет шаруашылық орындарында істеген. 1956 жылдан кейін пенсионер.

Аннотациясы. Қартайған ханның орнына Асан деген баласының отыруы, оның аң аулап жүріп, алысқа кетіп, пері қызына үйленгені, келіншегінің ақылды, тапқыр болғаны, қапыда одан айырылып, қайғыға ұшырап, ел кезіп Асан қайғы атанғаны айтылады.

Қолжазбада басқа ертегілер де жүр.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Дәптер қағазына көк сиялы қаламмен, араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қолжазба Қарсақбай поселкесінде жазылып, 1963 жылы ақпан айында институтқа жіберілген.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.
Папкасы. № 242. 3-дәп. “Ауыз әдебиет үлгілері”.

37

Ш. 1281 (ОФК)

Б.41; П.21; Ж.18

18x14; 16x12

اسانقايغى تۇرالى انگمەلەر

Аталуы. Асанқайғы туралы әңгімелер (2-б.).

Айтушысы. Ержанов Қабылбек.

Аннотациясы. Бұл Асанқайғы туралы ел аузында айтылып келген аңыздардың бір түрі. Басқа да варианттары бар.

Жастайынан жетім қалып шешесінің қолында өскен Ғалиасқар өке кәсібін жалғастырып балық аулайды. Бір күні ауына ілінген алтын сандықтың ішінде перінің қызы болады. Қызға үйленеді. Бір жылдан соң қыз ғайып болады. Қыздың ішінде алты айлық бала болады. Үш жыл өткенде баланы қыздың айтқан жерінен тауып алып оған Асанқайғы деп ат қояды. Асанқайғы ер жеткен соң салдық құрып саятшы болады. Анда жүріп бір күні ол да перінің қызына жолығып оған үйленеді. Бірақ перінің шартын бұзғандықтан қыз ғайып болады. Осы қызды іздеп Асанқайғы дүниені кезеді екен. Сонда барған жерлеріне, көрген тауларына ат қойып отырыпты. Көңіліне жаққан жері Жиделі-Байсын болыпты. Перінің қызынан күдер үзіп басқа әйел алыпты. Онан Әбет деген ақылды батыр бала туыпты.

Өз-Жәнібек хан Әбетті сынап оның ерлігі мен тапқырлығына әбден көзі жеткен соң өзіне оң қол уәзір етіп алмақшы болады. Бала әкесімен ақылдасады. Асанқайғы ханның рұқсатын алып баласымен бірге аулын бастап баяғы өзі көріп ұнатып кеткен Жиделі-Байсынға келіп қоныстаныпты.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 21-бетте ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көк сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1950 жылы, мамыр.

Қосымша белгілері. Соңғы 21-бетінде көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде “Павлодар обл. Баян р-н, Рудник Жосали”, – деген жазуы бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, басқа қолжазбалармен бірге қызыл түсті папкаға салынған.

Папкасы. № 1281. “Әдебиет үлгілері”. 5-дөп.

38

Ш. 124 (ОФК)

Б.27; Ж.22
20x165; 18x15

Аталуы. Асыл кілт.

Жинаушысы. Каденов Кенжеғали. Бұрынғы Шымкент облысынан.

Аннотациясы. Елі сүйген Тілқайсар деген жігіттің бір балаға зар болып, аңға шығуы, талай қиындыққа тап болып, қайтарда құланның құлынын әкелгені, әйелінің аман босанып, туған балаға Жігер деп ат қойылғаны айтылады. Тілқайсар жау қолынан өледі. Артында қалған баласы өсіп, батыр болады. Құлын өсіп тұлпар болады. Батыр бала алыс сапарға аттанып, асыл кілтті тауып, байлықтың есігін ашады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге көк сиялы қаламмен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық түскен.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен түптеліп, папкаға салынған.

Папкасы. № 124. 5-дөп. “Ертегілер”.

39

Ш. 34 (ОФК)

Б.9; П.7; Ж.27
15x24,5; 14x22,5
20x29; 18x26

Аталуы. **ايۇ بالا** Аю бала.

Аннотациясы. Аю алып қашқан “бір бай қатынынан” адам кейіннен “Аю бала” атанып кеткен баланың өскеннен кейінгі бастан кешкен жайлары турасында әңгіме болады.

Қолтаңбасы. Кімдікі екені белгісіз.

Қосымша жазуы.

1. “Әзірге қала тұрсын. 9/ҮІІ-36 ж.” (9-б. араб әрпінде, жасыл сиямен жаз.).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-нің сопақ (1-б.) мөрлері кездесті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ таза қағаздарға көк сиямен араб әрпінде жазған.

Жазылған жылы, жері. Қашан және қай жерде жазылғаны белгісіз.

ОҒК сирек қорына 1936 жылы келіп түскен.

Текстің орналастырылуы. Ертегі тексі қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен: жеке қағаздар түптері біріктіріле тігіліп, ақ таза қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 34. ОҒК. Ертегілер. 3-дөп.

40

Ш. 205 (ОҒК)

Б.38; П.19; Ж.22
21x17; 18x16

Аталуы. *Aju дәу* Аю дәу (1-б.)

Жинаушысы. Құлшынбаев Үмбет.

Аннотациясы. Бір патшаның қызын аю алып қашып кетеді. Сол қыздан бір бала туып ірі батыр болады. Аю дәу аталады. Асқан батырлығын көрсетіп ақырында патша болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1 және 10-беттерінде ҚазССР ҒА-сы ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды қалың дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1938 жылы Алматыда жазылып, 1940 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптер түптеліп, сұрғылт түсті папкамен тысталған.

Папкасы. № 205. “Аю дәу” ертегісі.

Ш. 91 (ОФК)

Б.14; П.7; Ж.28
29x19; 27x17

Аталуы. *Aju alpan, suda salpan, tauda talpan.* Аю алпан, суда салпан, тауда талпан

Жинаушысы. Болатбаев Сағады.

Аннотациясы. Ертеде Әлихан деген кісінің қызын аю алып кетіп ініне апарып әйел қылып алады. Содан бір бала туады, атын Аю алпан қояды. Бала ер жеткен соң шешесімен інінен шығып аюды өлтіріп еліне келеді. Содан кейін батырлық көрсетіп мұратына жетеді.

Мөрі. 1,5-беттерінде ҚазССР Ғылым академиясы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды іс қағазға көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 ж.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазға желімделіп папканың ішіне салынған.

Папкасы. № 91. ОФК. Ертегілер.

Ш. 28 (ОФК)

Б.18; П.18; Ж.30
20x30; 17x26

Аталуы. *Ajaz bj* Аяз би.

Жинаушысы. *Selmenov* Сәлменов жайлы өмірбаяндық дерек қолжазбада берілмеген.

Аннотациясы. “Аяз би” — халық арасына кеңінен тараған, ел аузында көптен айтылып келе жатқан ертегі.

Бұл шығармада өзінің ерекше ақылдылығымен, ғибратты қасиеттерімен сарай маңындағылардан озып шығып халық құрметіне ие болған, ең соңында хан, әділетті, еліне жағымды патша дәрежесіне дейін көтерілген “адамның жаманы” Аяз бидің бастан өткергендері баян етіледі.

Қосымша жазуы.

1. “Рукопись получил сотрудник ред. газеты “Соц. Алма-Ата” Давыдов. 11/УІ-37 г.” (17-б. орыс әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нің сопақ (1-б., 18-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Машинкаға басылған. Латын әрпінде.
Жазылған жылы, жері. Қашан және қай жерде жазылғаны белгісіз.
ОҒК сирек қорына 1937 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі тексі қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен: жеке қағаздар түптері біріктіріле тігіліп, қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 28. ОҒК. “Аяз би” ертегісі.

43

Ш. 138 (ОҒК)

Б.5; П.10;
20x16,5; 16x15

Аталуы. ادبلة تتي اكم تورالی Әділетті әкім туралы.

Жинаушысы. لهؤسزؤه عابباسو Елеусізов Ғаббас.

Аннотациясы. Парасаттылығы, ақылы жаннан асқан Әділ әкімнің халықты дұрыс басқарғаны, дауерлерді әділеттікпен тексеріп, жа-лақорды жазалап, жазықсыз кінәлі болғандарды құтқарғаны жайлы.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды дәптерге көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1960 жылы Алматы қаласы.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз түріндегі текст беттен екі елідей жиек қалдырыла жазылған.

Қалпына келтірілуі. Дәптерлер түбінен бір-біріне қоса тігіліп, ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. № 138. 1-дәп. Ауыз әдебиет үлгілері.

44

Ш. 187 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж.28
30x20; 20x16

Аталуы. Әділ сұлтан.

Айтушысы. Х.Өтеғалиева.

Аннотациясы. Бес жасына келгенде бедеу ат мініп, ауыр қолмен соғысарлық күші бар батыр жайлы сөз болады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қазіргі қазақ әрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген көк түсті папкада сақталған.

Ақауы. Қолжазбаның сақталуы жақсы.

Папкасы. № 187.

45

Ш. 189 (ОФК)

Б.14; П.14; Ж.28
29x20; 20x17

Аталуы. Әбдірахман патша.

Айтушысы. Я.П.Гордиенко.

Аннотациясы. Ханның үш ұлы болады. Кенжесі қыз іздеп кеткен ағаларын тауып келу үшін әкесімен, шешесімен ақылдасады, жолға шығады. Асқар таулардан асатын тұлпар ат, екі ай жүретін жерге он күнде жеткізетін, адамша сөйлей білетін алып қара құсқа мініп хандардың қыздары тұратын жерге жетеді. Бақшаның ішінде қыздарға кездеседі, сыйқыршымен алысады, жараланады, жарасын қыздар жазады. Үш қызды қасына ерткен Жебірейілді ұйықтап жатқанда ағалары өлтіреді. Жебірейілді апасы тірілтеді. Жебірейіл қастық еткен ағаларын қуып жібереді, өзі патша болады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қазіргі қазақ әрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген, көгілдір тысты папкада сақталған.

Папкасы. № 189. Сказки полученные от Я.П.Гордиенко.

46

Ш. 189 (ОФК)

Б.10; П.10; Ж.28
29x20; 20x17

Аталуы. Әкесі мен баласы.

Айтушысы. Яков Петрович Гордиенко.

Аннотациясы. Ебін тауып ұрлауға шебер бір адам кіші баласын ұрлай білмейсің деп сабай береді. Он екіге келген әлгі бала әкесіне: “Өнерінді көрсетші?” – дейді. Әкесі орманға барып ұяда жатқан сауысқанның жұмыртқасын білдіртпей ұрлап жатқанда, баласы әкесінің етігінің табанын кесіп білдіртпей ұлтарағын ұрлап алады. Бала ер жетіп баукеспе ұры екенін танытады: оның біреудің ешкісін, керуендердің түйесін, ханның нарын, алтынын ұрлағаны, амал айла тауып ханның қызын алғаны айтылады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Көгілдір қағазға қазіргі қазақ әрпінде машинада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген көгілдір тысты папкада сақталған.

Папкасы. № 189. Сказки полученные от Я.П.Гордиенко.

47

Ш. 124 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.32
29x20; 22x16

Аталуы. *Әкенін баласына айтқан өсиеті* Әкенің баласына айтқан өсиеті (1-б.).

Жинаушысы. Қара Жаяу.

Аннотациясы. Бір шал өлерінде балаларына “жаңа байығаннан қарыз алма, қатыныңа сырынды айтпа”, – деп өсиет айтыпты. Шал өлгеннен кейін баласы бұл өсиеттің дұрыс екенін сынап көріпті.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі мен ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сары қағазға латын әрпінде машинада басылған.

Жазылған жылы, жері. 1924 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бір жақ бетінде тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен және басқа қолжазбалармен бірге арнайы папкаға салынған.


Папкасы. № 124. 1-дәп. I. “Бек батыр”, 2. “Әкесінің баласына өсиеті” ертегілері.

Библиографиясы. “Жаңа қайрат” журналы, Ташкент, 1924 ж., 5 сан. 28-бет.

Ш. № 142 (ОФК)

Б.39; П.39; Ж.20
30x20; 22x16**Аталуы.** *Əljbek batyr* Әлібек батыр (1-б.).**Жинаушысы.** Нұрмағамбетов Х.**Аннотациясы.** Балаға зар болған бір бай құдайдан бала сұрап, әулиенің батасын алыпты. Содан кейін әйелі бір ұл, екі қыз туыпты. Ұлдың атын Әлібек қояды. Ол ер жетіп батыр болады. Қалмақтың Жөке-шұнақ деген батырын өлтіріп Ақбілек деген қызын алады.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Жолсыз ақ қағазға көк сиямен латын әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1940 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.**Қосымша белгілері.** Қолжазбаның бірсыпыра жолдары үстінен сызылып өшірілген. Түзету жүргізілген. 5-ші беті шимайланған.**Мөрі.** 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.**Текстің орналастырылуы.** Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Нұсқа түптеліп жөндеуден өткен. Сұрғылт түсті папкамен тысталған.**Папкасы.** № 142. 1-дөп. “Әлібек батыр” ертегісі.**Библиографиясы.** “Әлібек батыр”, “Қазақ ертегілері”. II том. А., 1962. 87-100-бб.

Ш. № 94 (ОФК)

Б.12; П.6; Ж.18
22x16; 18x14**Аталуы.**  Әлім мен Тәлім (5-б.).**Жинаушысы.** Ә. Диваев.**Айтушысы.** Қожабеков Ибадулла.**Аннотациясы.** Әлім мен Тәлім. Жақсылық пен жамандық туралы ертегі.**Қолтаңбасы.** Айтушының қолы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жол ескі екі парақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Басқа қолжазбалармен біріктіріліп түптеліп, жұқа ақ қағазбен тысталған. Сыртына папканың, қолжазбаның нөмері мен аттары және жинаушысы мен айтушысы жазылған.

Папкасы. № 94. 1. “Бір тазша”, 2. “Әлім мен Тәлім”, 3. “Қыдыр, бақ және ақыл”, 4. “Көкнаршы өзбек”.

50

Ш. № 6 (ОФК)

Б.16; П.8; Ж.20
20x15; 19x14

Аталуы. *Vaj men kedey* Бай мен кедей (1-б.).

Жинаушысы. Ахметов.

Аннотациясы. Біреуі бай, біреуі кедей ағайынды екі адам туралы.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге көк сиялы қарындашпен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған дәптер ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Папкасы. № 6. 1. “Құламерген, Жоямерген”, 2. “Бай мен кедей” ертегісі.

51

Ш. 1167 (ОФК)

Б.2; П.1; Ж.60
36x22; 30x19

Аталуы. Бай баласы (4-б.). *Vaj balasъ*

Жинаушысы. Ә.Диваев.

Айтушысы. Байлыхожа ақын.

Тапсырушы. Марғұлан Әлкей.

Экспедициясы. 1921 ж. Сыр-Дария экспедициясы.

Аннотациясы. Жетім қалған бай баласының басынан кешкендері туралы.

Қолтаңбасы. Айтұшының қолы.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғайып ескірген түзу жолды қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1931 жылы жазылып, 1934 жылы тапсырылған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, қызыл түсті арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 1187. “Ә.Диваевтың жинаған материалдары”. 2-дөп.

52

Ш. № 1 (ОФК)

Б.34; П.17; Ж.22
21x14; 18x13

Аталуы. *Vajqulan çene Сыпсығұл* Байғұлан және Шыншығұл.

Жинаушысы. Төкенов Жұмабек.

Аннотациясы. Байғұлан деген батыр және Шыншығұл деген жылқышы туралы ертегі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды дәптердің 1-бетінен 13-бетіне дейін көк сиялы қарындашпен, 14-бетінен 19-бетіне дейін қызыл сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Қосымша белгілері. Бірінші бетінде “Бұл ертегі әр түрлі атпен айтылады, бұл сияқты мұнан да өдемірегі Радловта да бар... Бұл нұсқа басуға келмейді 27/36”, – деп жазылған жазуы бар.

Мөрі. 1-14-беттерінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қоңыр түсті қатты қағаздан жасалған папкаға түптеліп, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 1. “Байғұлан және Шыншығұл” ертегісі.

Ш. 16 (ОҒК)

Б.24; П.24; Ж.20
19x14; 16x10Аталуы. **باقا** Бақа (1-б.).

Жинаушысы. Ескендір ұлы Міртай.

Аннотациясы. Ханның қазынасы жоғалып, Бақа деген момын адамды әулие деп естіп шақыртып алады. Ханнан қорыққан шал қашып жүріп жоғалған қазынаның үстінен шығады. Хан бір бақаны қолына алып “тап!” дегенде “Біріншіде құтылдық, екіншіде құтылдық, үшіншіде тұтылдық байғұс Бақа”, – деген екен, енді құтылмаспын деп ойлаған шал. Хан дұрыс тапты деп шалға сенеді. Шал жоғалған қабызғаларды да тауып беріп ханнан мол сыйлық алады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі, соңғы бетінде (24-б.) ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ескі іс қағаздарына көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Жазылған жылы белгісіз, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, текст жолдары әр парақтың бір жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түбі ақ жіппен тігілген. Қоңыр-сары қатты қағаздан жасалған арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 16. “Бақа” ертегісі.

Библиографиясы. “Бақа”. Қазақ ертегілері, Алматы, 1957. 1-том, 357-б.

Ш. 325 (ОҒК)

Б.7; П.14; Ж.32
28x19,5; 26x18Аталуы. Бақыт құсы. **باقت قوسی**

Айтушысы. Биғали Қозыбақұлы (жинаушының ағасы).

Жинаушысы. Батыр Қозыбақұлы. **باتر قوزباق ولی**

Аннотациясы. Келтен байдың Қазанғап деген қозышы малайы

бақытты іздеп жолға шығады. Таусоғар ханның Гүлайым, Гүлмайи-ра деген екі қызы бір жігітке әйелдікке баруға уәде етеді. Далада қашып жүрген Қазанғап Гүлайымға кездесіп, екеуі бірігіп жан сақтайды. Асауханның елінде жүріп, күркеде өскен екеуі, арық көктұлпарды баптап Гүлмайираны табады, хан тапсырған дәріні тауып әкеледі. Бақыт құсы Қазанғап пен Гүлайымның күркесіне қонады. Қозышы бала, адал еңбек, ауыр бейнет арқасында хан болып, мұратына жетеді.

Қолжазбада “Лұқпан аты мың жасапты” 1-бет, “Лұқпан туралы бір өңгіме” 4-бет аңыз ертегілер бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1962 жыл.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен беттің екі жағына да толық түсірілген.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен қапталып, түптелген.

Папкасы. № 325. 3-дөп. “Ел арасындағы ауыз өдебиет үлгілері”.

55

Ш. 142 (ОҒК)

Б.5; П.10; Ж.24
29x20; 22x16

Аталуы. **باقىتتى باسقатаه پىكەن جىگىت** Бақытты басқа тепкен жігіт.

Жинаушысы. **امره اناپىياۆلى** Әміре Әнапияұлы. Бұрынғы Омбы облысының, Назығай ауданы, Бөйімбет ауылында 1891 жылы туған. Жасынан ауыз өдебиетіне құмар болған, өзі де көп өлең сөз, термелер шығарған. Қарт жинаушы туған ауданында, Манғут совхозы, Бостандық аулында өмір сүрген.

Экспедициясы. 1960 жылғы Омбы экспедициясы.

Аннотациясы. Бағдад қаласында бір жігіттің түсіне Қызыр еніп қаланың шетіне кел, саған бата берем бақытты боларсың, дейді. Ояна сап, көшемен жүгіріп бара жатып патшаға жөне байға жолығады. Олардың арыз-арманын ұға келеді. Жолдың шетіндегі ауру айдаһар сырқатына ем сұрайды. Патша мен байға сөлемінің уәжін айтады. Айдаһарға бақытты басына тепкен адамды жесең жазыласың дейді.

Қызыр дарыған жігіт бақыт өзінен-өзі келеді деп, қате түсініп, патша мен байдың сыйлығынан бас тартады. Сөйтіп Айдаһардың жемі болады.

Бұл қолжазбада “Опасыздық туралы” 8 бет, “Өтірік ертегі” 2 бет атты жазбалар бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды қағаздың екі жағына сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1960 жыл.

Қосымша жазулар. “Осы жазбаларды жас күнімде... есік жақта отырып жазып алдым... Көп сөздерімді... жіберген кісілеріңіз алып кеткен...” депті. 26-бет.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен беттің екі жағына да толық түсірілген.

Қалпына келтірілуі. Дәптерге қоса тігіліп, ақ қағазбен қапталған.

Папкасы. № 142. 9-дәп. “Ауыз әдебиетінің үлгілері”.

56

Ш. 481 (ӘӨИ)

Б.13; П.26; Ж.20
20x17; 18x14

Аталуы. Балықшы шал.

Жинаушысы. Байжанов Тұрмахан.

Аннотациясы. Ертеде бір хан халқына жар салып, үш шарт қояды. “Дүниеде не тәтті, не қатты, не ауыр” деп. Оны балықшының он үш жасар қызы шешеді. Хан қызды өзі алмақшы болады, бірақ қыз шартты сөздермен ханды жеңіп өз басын босатып алады. Содан хан қызды жалғыз баласына атастырады. Хан баласы кедей балықшының қызын менсінбей оған бірнеше шарттар қояды да, өзі ұзақ уақытқа аң аулауға кетеді. Қыз ақылмен бұл шарттарды орындап хан баласын өзіне қаратады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1960 жыл. Тақтакөпір ауданы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөз әрі өлең аралас жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталған, толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 481. ӘӨИ. Ауыз әдебиеті үлгілері. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясының материалдары. 4-дәптер.

Ш. 53 (ОФК)

Б.24; П.12; Ж.25
14,5x20,5; 12x18**Аталуы.** «*Batyr men bala*» *ertegisi* “Батыр мен бала” ертегісі.**Жинаушысы.** *Bejsebaýuly Sejdäli* Бейсебайұлы Сейдәлі. Ол жайындағы өмірбаяндық деректер кездеспеді.**Аннотациясы.** Көркемдік дәрежесі төмен осы ертегіде батыр жайы суреттеледі дегенмен де, негізгі оқиға жас болса да ақылы асып жұрттан озған, әрі батырлығымен де ерекше көзге түскен баланың бастан кешкендерінен тұрады.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қосымша жазуы.**

1. “Қарап шығу үшін алынды” (Титулдық бетте, қызыл сиямен латын әрпінде жазылған).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты және ОФК-нің сопақша (1-б., 24-б.) мөрлері бар.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Ұзын жолды дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Белгісіз. ОФК сирек қорына 1948 жылы түскен.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Текстің орналастырылуы.** Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Жөндеуден өткені: дәптер қағазбен тысталып, оның түбі папкамен біріктіріле тігілген, дәптер салынған папка қоңыр түсті.**Папкасы.** № 53. ОФК. “Батыр мен бала” ертегісі.

Ш. № 5 (ОФК)

Б.14; П.7; Ж.20
20,5x14; 20x13**Аталуы.** *Batpan cal men qyryq qatyn alghan han* Батпан шал (1-2 б.) мен қырық қатын алған хан (3-7 б.).**Жинаушысы.** Белгісіз.**Аннотациясы.** Бірінші ертегі – Батпан деген шалдың ханды алдап алтынын алғаны туралы айтылады. Екінші ертегі – қырық қатын алған хан (4-14-бб.) туралы. Бір ханның 39 әйелі болыпты, олардан

бала көрмеген хан қырқыншы әйел алыпты. Ол әйелі жүкті болып, ай-күні толған кезде бір күні хан аңға шығады. Даланы қалың тұман қаптайды да хан адасады. Бір шал кездеседі, шалдан жөн сұраса: “Туатын ұлыңды маған берсең жол көрсетемін”, — дейді. Хан мақұл болып шал көрсеткен жолмен ордасына келеді. Әйелі босанып ұл туады. Бала 15 жасқа келгенде бір күні түс көріп түсінде баяғы, әкесіне жолыққан шалды көреді. Оянған соң шалды іздеп жолға шығады. Жолында перілердің шөріне кездесіп перінің қызына ғашық болады. Ақыры сол қызды алып мұратына жетеді.

Қолтаңбасы. Қолтаңбасы кімдікі екені белгісіз, бірақ ертегінің екеуі де бір кісінің қолымен көшірілген.

Мөрі. 1-14-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жыл.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатты қағаздан жасалған қоңыр түсті папкаға түптеліп, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 5. “Батпан шал мен қырық қатын алған хан”.

59

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.7; П.4; Ж.19
19x14; 18x12

Аталуы. Батыл есек.

Жинаушысы. Уахитов Әбу. Ол 1937 жылы бұрынғы Павлодар облысы, Лебяжі ауданындағы Қызыл әскер ауылында тұрған. 1957 жылы Алматы көркем-сурет училищесіне оқуға түскен, 1959-60 жылдары оқып жүрген кезінде қолжазбаны өткізген.

Әбу бұл қолжазбадағы ертегілерді Лебяжі ауданының тұрғындары Омарқұл, Мұқа, Әжібек қариялардың айтуынан жазып алған.

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы. Оны ұйымдастырған Тіл және әдебиет институты, жетекшісі — Уахатов Бекмұрат (1932-1984). Ол Павлодар облысында туып өскен, көп жылдар М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеген. Филология ғылымдарының докторы.

Аннотациясы. Хайуанаттар туралы бұл ертегіде әбден ауыр жұмыстан қажыған есектің өз иесінен қашып кетіп, қулығы арқасында орман патшасы жолбарыстың өзін қорқытып, оның жерін тартып алғандығы баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді блокнот типтес дәптерге жасыл көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959-60 жылдар, Алматы қ., Пушкин көшесі, 91-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, жақсы сақталған.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәп., 49-55-бб.

60

Ш. 481 (ӘӨИ)

Б.9; П.11; Ж.21
20x17; 18x13

Аталуы. Бөңші мен жамаушы.

Айтушысы. Бадақбаев Лайық.

Жинаушысы. Байжанов Тұрмақан.

Экспедициясы. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясы.

Аннотациясы. Ертеде бір қалада екі кедей қоңсы тұрыпты. Оның бірі етік жамаушы екен де, бірі жастайынан нашақор екен. Адал еңбек еткен етік жамаушы өз еңбегімен рахатын көріпті. Бөңші еңбексіз қанша мал тапса да оған байлық құтаймапты. Ақырында мұны түсінген бөңші нашақорлығын қойыпты, көршісімен бірігіп адал еңбекке араласыпты.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 20/х 1960 жыл, бұрынғы Қарақалпақ АССР-ы, Тақтакөпір қаласы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 481. ӘӨИ. 4-дәптер. Ауыз әдебиет үлгілері. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясының материалдары.

Ш. 132 (ОФК)

Б.17; П.17; Ж.20
30x22; 22x18Аталуы. **باتشكە** Бәтіңке (1-б.).

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бәтіңке (1-6-бб.). Әке дәулетінің арқасында өскен бай баласының әкесі өлгеннен кейінгі өмірі жайлы ертегі.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз қағазға қара сиямен, араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1934 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Мөрі. 1, 6-беттерінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар. 1, 17-беттерінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қосымша белгілері. 17-бетінде: “Октябрь төңкерісінен бұрын болған, бірақ асыра мақтаншылықпен айтқан. Өтірік әңгіме екені көрініп тұр. Есім”, – деп қызыл сиялы қарындашпен жазылған жазуы бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өтіп арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 132. I. “Саржаныш”. 2. “Бәтіңке” ертегілері.

Библиографиясы. “Бәтіңке”, “Қазақ ертегілері”. II том. Алматы, 1962. 458-460-бб.

Ш. № 124 (ОФК)

Б.1; П.1; Ж.31
22x18; 17x15Аталуы. **بەك باتر** Бек батыр (3-б.).Жинаушысы. Ә.Диваев. **ديوايىف ابوباکر**

Айтушысы. Қуаныш қызы Гүлқан.

Аннотациясы. Қазақтың Бек батыр деген батыры қалмақтардың қолына түседі. Оған қалмақ ханының қызы Алтынжұлдыз ғашық болып, әкесін өлтіріп, Бек батырмен қашып кетеді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу сызықты бір парақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жылы жазылған.

Мөрі. Қолжазбаның соңында ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен. Басқа қолжазбалармен бірге папкаға салынған.

Папкасы. № 124. 1. “Бек батыр”, 2. “Әкесінің айтқан өсиеті” ертегілері.

63

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.20; П.10; Ж.40
17x21; 15x19

بهرون سولقودلىق اجالسنا نه داوا

Аталуы. Берен сұлудың ажалына не дауа.

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы... (20-б.).

Аннотациясы. Қауар заман шаһарының патшасы Ахмет Сардардың жалғыз қызы Берен сұлуға кітап аштыруы. Берен сұлудың сырқаттан жазылуын, өмірінің ұзақ болуы үшін тоқсан ауыз мақалдың керек болуы, Ахмет Сардар патшаның ғұламаларға жарлығы, ғұламалардың 90 ауыз мақал тауып, Берен сұлуға тұмар етіп беруі, Стамбул патшасы Әлиқарстың жалғыз ұлы Мауттың Берен сұлуға ғашық болуы. Берен сұлудан әрі ақылды, әрі балуан Сұғы батыр атты бір ұлдың тууы. Сұғы батырдың Ұрум патшасы Суқарап Шайидің қызы Құмарға ғашық болуы. Сұғы батыр мен Құмар сұлудың үйлену тойының салтанатпен өтуі, салтанатты тойда өркештері баладай байлаулы тұрған бес түйені қыз-келіншектердің жалаңаш келіп тістерімен шешіп алуы, таз бен таздың сүзісуі, шалдардың жарысуы, қатындардың күресуі, соқырлардың жамбы атып түсірулері, шолақтардың қылыштасып, сақаулардың өлең айтулары... бұларға берілген ғажайып мол сыйлықтар баян етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” кітабынан оқып, жаттап, 1916 жылы қазақша ертегі етіп қағаз бетіне түсірген. Бұрын баспада жарық көрмеген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ертегінің көлемі 20 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен ескі араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып қайта түптелген, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693 “Ел аузынан түскен материалдар”, 20-дәптер “Берен сұлудың ажалына не дауа”.

64

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.10; П.5; Ж.19
19x14; 18x10

Аталуы. Бес ешкі.

Жинаушысы. Уахитов Әбу (59 сипаттамаға қараңыз).

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы.

Аннотациясы. Бұл ертегіде бір кедейдің бес ешкісі, бір қара тоқтысы және құла аты туралы әңгіме болады. Бай малынан бөлініп кеткен бес ешкісі мен қара тоқтысы құла аттың арқасында қасқырдың жеміне айнарудан құтылып, иесімен табысады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді, шақпақ жолды блокнот типтес дәптерге жасыл көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959-60 жылдар, Алматы қ., Пушкин көшесі, 91-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, жақсы сақталған.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дөп. 7-16-бб.

65

Ш. 203 (ОҒК)

Б.68; П.34; Ж.24
28x20; 25x15

Аталуы. *Бозоғлан ханның әңгімесі жайында* (1-б.).[^]

Жинаушысы. Жантөбетов Жақсыбай. Халық ақыны. Жамбыл облысы, Шу ауданы Өндіріс Ауылсоветі, “Өндіріс” колхозы.

Аннотациясы. I. “Бозоғланханның әңгімесі жайында (1-3 парақ). Түрікпен елінің Бозоғлан деген ханының Ахметбек, Жүсіпбек деген екі баласының қызылбастың ханы Көзәлшаны өлтіріп Көзәлша ханның қызын алғаны жайлы әңгімеленеді.

Осы қолжазбада жинаушының бұдан басқа да мынадай бірнеше ертегілері бар:

2. Мәлике қыз бен данышпанның сөйлескені (4-5 п.)
3. Патша мен сыншы (5-6 п.)
4. Әйелін баққан қожа (6-7 п.)
5. Қосалы дос (8-9 п.)
6. Көк өгіздің әңгімесі (10 п.)
7. Арам түлкі жайында (11 п.)
8. Төрт қонақ жайында (12 п.)
9. Он бір шыбық (13 п.)
10. Сырласқан үш кемпір әңгімесі (15-17 п.)
11. Жолбарыс пен тышқанның достығы (14 п.)
12. Әділ хан (17-18 п.)
13. Қырғыз Әтекеннің тапқырлығы (19 п.)
14. Жетім қозыны қасқыр жегені (20 п.)
15. Екі қыз, бір бақа (21 п.)
16. Төрт ажалды бір жерде өлгені (22 п.)
17. Сиқыр молда мен Әнжекей, Күнжекей қыз (23 п.)
18. Ұзақ қайыр (24-26 п.)
19. Үш уәзір (27-29 п.)
20. Үш жолаушының сөзі (30 п.)
21. Тақ Сүлейменнің хикаясы (31-34 п.)

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға араб әрпінде жазылған. 1-4-параққа дейін жасыл сиямен, 4-34-параққа дейін көк сиямен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1945 жылы жазылған. Түскен жылы белгісіз.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбалар біріктіріліп, түптеліп, түсті папкамен қапталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 203. “Жантөбетов Ж. жинаған ертегілері”.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.24; П.12; Ж.38

17x21; 15x19

بىلگەنگە تاقپاق ، بىلمەگەنگە اپپاق سۆلۈ

Аталуы. Білгенге тақпақ, білмегенге аппақ сұлу (1-бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (24 бет).

Аннотациясы. Өткен заманда Мысыр шаһарында өзі таз, кедей, өзі жалғыз Көлерме атты бір жігіт болады. Жасы отыздан асып, өмірден қажып бір күні түс көреді, түсінде өлген әкесі келіп: “Балам, тақиянды, үстіңдегі қара киіміңді тастап, батысқа қарай созылып жатқан даңғыл жолмен сапар шек, жол-жөнекей бір әйел кезігеді, сен сол әйелмен үйленсең, сонан соң бағың ашылады”, – дейді. Көлерме әкесінің берген аяны бойынша жол жүріп, жолдан қой басындай алтынға кез келеді. Алтынды жүз мың дұлдаға айыр-бастап Құддыс шаһарына барады. Қаншама қиын-қыстау жолдардан өтіп, Құддыс шаһарының патшасы Ғапіролланың білгенге тақпақ, білмегенге аппақ атты жалғыз қызына ғашық болып жүріп ақыры соған үйленеді. Күндердің күнінде Сейт Баттал атты бір ұл көріп, ол өсе келе осы Құддыс шаһарына патша болады. Сөйтіп өзі таз, өзі кедей, өзі жалғыз Көлерме деген жігіт еңбек, айламенен барлық мақсатына жетеді.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” атты кітаптан 1914 жылы жаттап, кейін қазақ тілінде ертегі етіп қағаз бетіне түсірген. Бұрын баспада жарияланбаған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып әр жолға бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 18-дәптер “Білгенге тақпақ, білмегенге аппақ сұлу”.

Ш. 45 (ОҒК)

Б.5; П.3; Ж.19

17x21; 15x18

Аталуы. بىلگىر مەن خان. Білгір мен хан.

Жинаушысы. كۆپبەرگەن ۋالى بەكتاي. Көпберген Бек-

тай. Ол жайындағы ғұмырнамалық мәлімет қолжазбада кездеспеді.

Тапсырушысы. **ديوايف ابو باكر** Диваев Әбубәкір
Ахметжанұлы.

Аннотациясы. Баспа бетін көрген бұл ертегіде өз ақылдылығымен ханды да мойынұсындырған білгірдің осы дәрежеге жеткенге дейінгі бастан өткендері баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Жинаушы: Бектай Көпбергенұлы”. (5-б. қара сиямен араб әрпінде жаз.).

2. “Қарадым. Жарайды. Белгі. 26/ҮІІ- 36 ж.” (1-б., қызыл сиямен латын әрпінде жаз.).

3. “Басуға жарайды. Ес.8/ҮІІ - 36 ж.” (1-б. жасыл сиямен араб әрпінде жаз.).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-нің сопақ (1-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жылы қағазға түсірілген, жері белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 45. ОҒК. Білгір мен хан. 2-дәп.

Ш. 162 (ОҒК)

Б.8; П.16; Ж.24
30x19; 27x15

Аталуы. **بیر پاتشا تۆس کوردسم دەپ جورتنی جیعانی** Бір патша түс көрдім деп жұртын жинағаны.

Жинаушысы. **بایبولوؤ قازانعاپ** Байболов Қазанғап.

Аннотациясы. Ертеде бір патша түс көріп, түсін жорыту үшін елін жинайды. “Жори алмағандарыңның бастарыңды алам”, – дейді. Патша түсін ешкім жори алмайды. Қатты сасқан ел “Кім қалды” деп қараса, патшалықтың шетінде тұратын бір кедей ғана келмей қалыпты. Жендеттерін жіберіп кедейді алдыртып, түсін айтады. Кедей ойлануға уақыт алып, жылап-еніреп ауылына келеді. Кедейдің

ешкілерінің сүтін ішіп жүретін бір жылан бар еді, кедей енді өз халін оған баяндайды. Жыланның көмегімен кедей патшаның үш реткі түсін дәл тауып, бай болып мақсатына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына жасыл сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жыл.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. № 162. ОҒК. Ертегілер. 1-8-бб.

69

Ш. 86 (ОҒК)

Б.8; П.4; Ж.21
17x21; 15x18

Аталуы. Бір байдың жалғыз баласы. *بیر بایدىك جالعز بالاسی*

Жинаушысы. Имантаев Ә. *يمانتاييه في ۱۰*

Аннотациясы. Осы жинаушы қолжазбасында екі ертегі кездесті. Бір адамның жинап тапсырғаны болғандықтан, оларды бір сипаттама аясында қарастырдық.

1. Бір байдың жалғыз баласы (1-6-бб.). Бір байдың жалғыз баласы аңға шығып, алдынан шыққан бір түлкіні қуып, белгісіз сарайға келіп енеді. Сарайда ақсақал адамға жолығады да бар жағдайын айтады, көмектесуін өтінеді. Балаға жаны ашыған шал түлкінің қыз екендігін айтады, балаға бағыт-бағдар сілтейді. Ақырында бала қызды алып мұратына жетеді.

2. Үш туысқан (7-8-бб.). Бір бай үш баласын өнер тауып келіндер деп үйден қуып жібереді. Кіші бала ақылдылығы арқасында үш дәуді өлтіріп, үш сұлу қызды алғанымен ағалар қастық жасап оны өлтіреді. Осының бәрін өзіміз тауып келдік деп, әкелеріне келіп мақтанады. Ақырында әйелдері кетіп, өздері қаңғырып кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның 1 және 5-беттерінде ОҒК-нің сопақ, Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш қағазға қара сиямен, араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1948 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағына да толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен желімденіп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 86. Ертегілер.

70

Ш. 102 (ОҒК)

Б.22; П.11 Ж.20
17x21; 15x18

Аталуы. *Bir bajdyň balasъ*

Бір байдың баласы.

Жинаушысы. *Tolepov Zerdec*

Төлепов Зердеш. Қызылорда

қаласынан.

Аннотациясы. Бұл үлгіде бір бай баласының ірі сауда жасамақ ниетпен үлкен қалаға сапарлап шығуы, сол сапар кезінде кездескен талай қиыншылықтардан қасына ертіп шыққан жолдасы арқасында аман-есен өтуі және бұрынғыдан да бай, дәулетті болып еліне оралуы турасында баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Әдебиет майданы” журналының редакциясы. Жолдас редактор! “Әдебиет майданының” 1939 жылғы ¹ 1 нөмерінде шыққан “Қазақ ертектері” деген мақаланы оқып, есіткен ертектерім бар еді, солардың ішінен осы бір ертекті жазып отырмын. Егер осы ертегім жараса да, жарамаса да әдірісіме хат жазсаңыздар. Жазуға мүмкіндігім туғызатын болса, тура-ай ертектер жазуға ерінбеймін, өйткені бұрынғы үлкен адамдардан жас кезімде құмар қойып тындаушы едім.

Сол себепті кәзір де тура-ай идеида айтылған ертектер бар, керек қылатын болса жазып отырмақшымын.

Жазушы Қызылорда қаласындағы ред. Қазтақтың* оқушысы Төлепов Зердеш. 7/IV-39 ж.”. (21-22-бб., көк сиямен латын әрпінде жаз.).

Мері. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-нің сопақша мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жылғы сәуір айы, Қызылорда қаласы. ОҒК сирек қорына 1939 жылы келіп түскен (Қабылдаушының ¹ 220. 13/IV-39 ж.” деген қолтаңбасы кездесті).

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

* Қолжазбада түсініксіз.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 102. ОФК. Ертегілер, 3-дөп.

71

Ш. 683 (ӘӨИ)

Б.; П.с. 16 б. Ж.
29x20; 24x15

Аталуы. Гүл Самовар.

Жинаушысы. Саухым Есмағамбетов.

Аннотациясы. Ертеде араб елінде Махамбет дегеннің үйлену тарихы сөз болады. Әкесі айттырған қызды алмай, Махамбет өзі сұлу іздеп, табады. Бірақ та оған берген сертін орындай алмай, сұлудан айрылып қалып, осы жарымен қайтадан қосылу үшін бір талай жол жүріп, көп қиыншылықтардан өтіп, неше-неше ғажайып нәрселер көреді. Оның ішінде Мысыр қаласында тұратын Самовар атты патшаның тарихын біліп алып, Жәмиля сұлудың әкесіне айтып келіп, сүйген жарымен қайтадан қосылады. Ертегі қиял-ғажайып ертегілерге жатады. Арабтың “Бір мың түнінен” тараған.

Қағазы, сиясы, жазуы. Қолжазба жолсыз сарғыш қағазға машинкамен басылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылған.

Папкасы. № 683. ӘӨИ. Гүл Самовар қазақ ертегісі, маш. басылған. Ел аузынан жазып алған Саухым Есмағамбетов. 1-16-бб.

72

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.23; П.11 Ж.38
16x20; 14x18

گۈلشات سۆلۈدۈنۈڭ حيكاياسى

Аталуы. Гүлшат сұлудың құпиясы (1-бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (23-бет).

Аннотациясы. Күле шаһарының патшасы Әл-Ақырамның жалғыз қызы Гүлшатқа “кімге тиесің ерік өзінде, барлық патшалықтардан өзіңе ғашық бір жігіт таңда” деп рұқсат беруі. Барлық патшалықтардан қызметкер жігіттердің Күле шаһарына келіп Гүлшат

сұлудың қойған сұрағына жауап таба алмауы: Гүлшат сұлудың жазып таратқан сұрақтары: 1. Бір шыны төрелке, бір жұмыртқадай алтын, бір пышақ. Осы жұмбақты қалай шешеді? 2. Дүниеде не ауыр? 3. Салмақты не? 4. Жеңіл не? 5. Жаман не? 6. Жақсы не? 7. Асыл не? 8. Жасық не? 9. Жұмбақ не? 10. Қатты не? 11. Ақ не? 12. Қара не? 13 Бейнет не? 14. Рахат не? 15. Алыс не? 16. Жақын не?

Осы жұмбақ сұрақтарды ешқандай батыр, мырза, сылқым сері, бай көпестер дұрыс шеше алмай, көрші патшалықта тұратын, әрі кедей, әрі таз, әрі жалғыз Жағыпар атты білгір-шешен жігіттің дұрыс шешіп, дәл жауап беріп Гүлшат сұлуды алуы. Гүлшат сұлудың той-салтанаты. Берілген қыруар бәйге сыйлықтар жайлы. Күндердің күнінде Гүлшат сұлудан Жолбарыс атты ұл туылуы, оның ер жетіп, жігіт болып, жеті түрлі ғажайып түс көруі. Ол түсті әкесі Жағыпардың шешуі. Осы түстің аян беруінше Жолбарыстың алысқа сапар шегуі және Марғұн шаһарының патшасы Абу ғиршынның жалғыз қызы Нұрсәулені тауып, отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізіп, дәурен сүргендігі баян етіледі.

Жинаушысы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан (аты Сақи Базул) “Қырық сұлу” кітабынан 1914 жылы оқып, жаттап алып кейін қазақ тілінде ертегі етіп қағазға түсірген. Бұрын баспада жарияланбаған.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 23 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен, көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. № 193. “Ел аузынан түскен материалдар”. 21-дәптер. “Гүлшат сұлудың құпиясы”.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.22; П.11; Ж.40

17x21; 15x19

عاليان سؤلؤدلك قولتاگباسی

Аталуы. Ғалиан сұлудың қол таңбасы (1-бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (22-бет).

Аннотациясы. Сырап шаһарының патшасы Мадыраттың қартайған шағында тағын өзінің жалғыз ұлы Қалатқа беріп, оған айтқан бес өсиеті, бас уәзір Қанттың бұл өсиеттерді шешуі, Қалат патшаның бір сұлуды іздеп сапар шегуі, Бұғау шаһарының патшасы Нарсүйездің жалғыз қызы Ғалиан сұлудың дақпырты, оған Қалат

патшаның ғашық болып кездесуі, Нарсүйез патшаның Ғалиан сұлуды отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, қисапсыз мол қазына – мүлікпен салтанатты түрде ұзатуы, Қалат патшамен (жігітпен) Ғалиан сұлу қосылып, бір ұл көріп мақсаттарына жеткендігі баян етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” кітабынан 1914 жылы Троицк қаласында оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген, бұрын баспада жарияланбаған.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 22 бет.

Жазылған жылы, жері. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен ескі араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 993. “Ел аузынан түскен материалдар”. 17-дәптер. “Ғалиан сұлудың қол таңбасы”.

74

Ш. 700 (ӘӨИ)

Б.23; П.12; Ж.30

20x17; 18x16

عاجنابانو سۆلۆدلىق كەستەلى ورامالى

Аталуы. Ғанжабану сұлудың кестелі орамалы (132 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (173 бет).

Қысқаша мазмұны: Зубак шаһарының патшасы Маран Тайырдың 30 жасқа келгенде туған күнін тойлауы, әкелген сыйлықтардың ішінде әскер қолбасы Әлиқастың жалғыз қызы Ғанжабанудың алтын, жібек жіппен кестелеп тіккен қолжаулығы, ол қолжаулықтың оң қолға ұстаса тоты құс болып сөйлейтіні, сол қолға ұстаса сандуғаш болып сайрайтыны, бұл сыйлыққа патшаның қатты риза болып, Ғанжабануды іздеуі, барлық уәзір, қолбасшы, халқы болып, Ғанжабану сұлуды патшаға алып беруі, Маран Тайыр патшаның заң тәртіптерін өзгертіп, әділдік жолға түсуі, Құддұс шаһарының патшасы Қасен Бинабтың соғыс жариялауы, Маран Тайыр патшамен қолбасшы Алиқастың соғысқа стратегиялық дайындық жасауы, келісілген соғыс майданында екі патша әскерлерінің соғысы, Қасен Бинаб патшасының қатты қырғынға ұшырап жеңілуі, оның қолға түсуі, оның жалғыз қызы Маринал сұлуды Сәуір батырдың алуы,

Маран Тайыр патшаның әйелі Ғанжабану жүкті болып, Маран Асқан атты ұл көруі, ол ұлдың өсіп ер жетіп әскери өнерді, стратегияны жетік үйреніп үлкен қолбасшы болуы, оның Шаһарзат сұлуды алып, керемет той жасауы. Зүмүтқа шаһарының патшасы Алқайдың соғыс жариялауы, Зубак патшасы Маран Тайырдың, оның ұлы Асқан, әскери қолбасы Маран Қастың соғысқа істелген дайындықтары, Зүмүт патшаның қатты қырғынға ұшырап жеңілуі, Маран Қас батырдың қалың қол бастап Зүмүт шаһарын басып алуы, Зүмүт шаһарының патшасы Алқайдың Ғапура, Мабура атты екі қызын бірдей Маран Қас батырдың әйелдікке алуы. Маран Қас батыр осы әйелден үш ұл көріп, оларды Бағдат шаһарынан оқытып, үлкен ғалым дәрежесіне жеткізуі, сөйтіп барлық арман-мақсатына жеткендігі ұзақ баян етілді. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан "Қырық сұлу" хикаясын 1914-13 жылдарда оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 41 бет. Ұзын жолды дәптер қағазға көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қарасөзбен жазылып, сөзі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сұрғыш қағазбен қапталып, қайта түптелген, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. "Ертегілер". 1-дәптер. "35 ертегі Ғанжабану сұлудың кестелі орамалы".

75

Ш. 700 (ӘӨИ)

Б.40; П.20; Ж.30

20x17; 18x16

داريا مارس سۇلۇدۇڭ كىلەمگە سالغان ورنەگى

Аталуы. Дария Марс сұлудың кілемге салған өрнегі (92 бет.)

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (131 бет).

Аннотациясы. Бағдат шаһарының патшасы Арон Рашидтің өте шебер бір суретші, өрнекші іздеп - жарлық беруі, Жағышар өзiрдiң жалғыз қызы Дария Марс сұлудың суретшілік - өрнекшілік даңқының шартарапқа тарауы, оның барлық жан-жануарды тірідей, табиғат көркін дәл өзiндей етiп кiлем тоқуы, Арон Рашидтің бұл кiлемдi көрiп таң қалуы, Дария Марс сұлуды Арон Рашид алмақ болғанда Дария Марстың: "Егер мені әйелдікке алсаң менің уағдаласқан досым Орман сұлу екеумізді бірдей ал" деп шарт қоюы, Дария Марс

сұлудың Орман сұлуды алып келіп патшаға көрсетуі, көрші төрт патшалық елге хабар айтып Арон Рашидтің той жасауы; құдалыққа той бойынша арналған төрт түлік малдың саны, бөйге-сыйлыққа арналған жиһаз-алтын, ділла саны, тойда көрсетілген өнер, шеберлік хикметтер, күндердің күнінде Дария Марс жүкті болып, Әбутәліп атты ұл көруі, Орман сұлу жүкті болып Мағау Рашид атты ұл көруі, бұларға жасалған салтанатты шілдехана той, сыйлықтар, ойын-сауықтар, Мағау Рашидтің өсіп, ер жетіп, жігіт болып Арон Рашидке қойған сұрақтары, оны Арон Рашидтің шешуі. Арон Рашидтің баласы Мағау Рашидке қойған сұрақтары, оны Мағау Рашидтің шешуі, Мағау Рашидтің Шын-Машын шаһарының патшасы Ал Мазудың әрі сұлу, әрі ақылды жалғыз қызы Ализран сұлуды алып, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап дүниені бір дүрілдеткені хикаяда баян етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні 1913 жылдарда Троицк қаласында оқып жүрген кезінде Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын оқып, жадында сақтап, кейінгі жылдарда қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ертегінің көлемі 40 бет. Ұзын жолды дөптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі кара сөзбен жазылған, сөзі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. “Ертегілер”. 1-дөптер. “34 ертегі. Дария Марс сұлудың кілемге салған өрнегі”.

76

Ш. 189 (ОФК)

Б.10; П.10; Ж.28
29x20; 20x17

Аталуы. Дәулет құс.

Жинаушысы. Я.П.Гордиенко.

Аннотациясы. Жинаған отындарын сатып күн көрген шал алтын жұмыртқа туатын құс ұстап алады, құстың жұмыртқасын сатып ақша жинайды, әйел алады, әйелді екі ұл табады. Шал Меккеге кеткен кезде әйелі бір саудагердің айтқанына еріп, күнөкер болады. Саудагер құстың басын жеп хан, бүйрегін жеп атақты бай болмақ еді. Бірақ құстың басын да, бүйрегін де балалар жеп қояды. Ақырында сиқырлы құстың етін жеген шалдың балаларының бірі хан, екіншісі

бай болып барлық мақсат-мұратына жетеді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Көгілдір қағазға қазіргі қазақ әрпінде машинкаға басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген, көгілдір тысты папкада сақталған.

Папкасы. № 189. Сказки полученные от Я.П.Гордиенко.

77

Ш. 192 (ОФК)

Б.12; П.6; Ж.21
20x17; 18x14

Аталуы. *Eginci men Gjhankez*

Егінші мен жиһанкез.

Жинаушысы. *Bekbaeva*

Бекбаева.

Аннотациясы. Ертеде бір егінші жер жырттып жүріп гауһар тас тауып алады. Ол тасты дүниеге мейірімділігімен, жомарттығымен аты шыққан Рум патшасына сыйға тартпақ болып жолға шығады. Жолда бұған үш жиһанкез жолығып, егіншінің гауһарын ұрлап алады. Гауһарды ұрлаған ұрыларды Рум патшасының қызы жұмбақ айту арқылы табады да, оларды дарға астырады, ал егіншіге көп қазына беріп, сый-құрметпен еліне қайтарады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз сарғыш қағазға латын әрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. 1939-40 жылдар.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 192. ОФК. Ертегілер. 1 дөп., 17-22-66.

78

Ш.65 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.30
33,5x21; 30x18,5

Аталуы.

Тапсырушысы.

هكى جەتيم
جولداسوۋا كاريپا

Екі жетім.

Жолдасова Кәрипа.

63

Ақажанов Тәуірбек. **اقاجانوۋ تاويربەك**

Жинаушысы. **ديوايف** Диваев Ә.

Аннотациясы. Бір байдың бәйбішесі мен тоқалы болады. Тоқалы өліп бір ұл, бір қызы жетім қалады. Екі жетім өгей шешеден көп қорлық көреді. Көк қошқар мен сиыр талай-талай жақсылық етеді, оларға тамақ тауып береді. Мұны біліп қойған күндес шеше қошқарды сойғызады. Екі жетім олардың сүйегін сұрап алады. Сол сүйек балаларға тамақ та, киім де, көлік те болады. Сол елдің патшасы: “Кімнің кебісі ұлым мен қызымның аяғына дәл келсе, соған балаларымды қосамын”, — деген жарлық шығарады. Екі жетімнің бағы жанып, бірі патшаның қызын алып, патша болады, бірі патшаның келіні болып, мұратына жетеді.

Қолжазбада “Қу кенже ” 2-бет, “Көген тентек” 2,5-бет атты ертегілер бар

Қолтаңбасы. Жолдасқызы Қарипанікі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Үш жолды іс қағазына қара сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1924 жыл, ақпан.

Мәрі. Қолжазбаның 1-бетінде сопақша мөр бар, онда: “Центральная научная библиотека Академия наук Каз ССР” деген сөз жазылған.

Текстің орналастырылуы. Қағаздың екі бетіне де жиі етіп орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ жіппен тігіліп, папкаға салынған.

Ақауы. Тексте өшкен, сызылып үстінен түзетілген жерлері бар.

Папкасы. № 65. “Ертегілер”.

Аталуы. Екі дүниелік әйел.

Айтушысы. Берікболов Серғазы. 1903 жылы туған: Талдықорған облысының Қаратал ауданында өмір сүрген.

Жинаушысы. Т.Сыдықов. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері. 1958 жылғы Талдықорған экспедициясы.

Аннотациясы. Бір байдың әйел алмайтын баласы болады. Айтқан тілді алмаған ол әкесінен қалағанын алып бөлек кетеді. Қарт

адам жолығып екі дүниелік әйел туралы ақыл айтады, жол көрсетеді. Ақыры сол қызды алып, оның тапқырлығымен мұратына жеткені айтылады.

Бұл дәптерде “Кедейдің қызы мен хан баласының қосылуы” (6-бет) және 2-дәптерде “Қайыр” (7-бет), “Аталы әңгіме” (4-бет) атты ертегілер де жүр.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Блокнот қағазға көк сиялы қаламмен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Дәптердің түр жағынан бастап қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Дәптер ақ қағазға жабыстырылып, папкаға тігілген.

Папкасы. № 124. 1-дәп. “Ертегілер”.

80

Ш. 193 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.32
29x20; 22x16

Аталуы. **هكى ۇستا** Екі ұста

Жинаушысы. Диваев Әбубәкір. **ديوايف ابوباکر**

Айтушысы. Шақышов Сақа.

Тапсырушысы. Ғабитова Фатима.

Аннотациясы. Екі ұста (1-б.) Баяғыда екі ұста таласып бір ханға барады. Хан бұлардың қайсысының өнері артық екенін білу үшін “әрқайсың бір нәрсе жасап алып келіндер”, – дейді. Сонда темір ұстасы суда жүзетін үйрек істейді, ағаш ұстасы көкке ұшатын дастархан жасайды. Хан осы дастарханға отырып көкке ұшады да қайта жерге түсе алмай, көп замандар жүріп, басынан көп уақиғалар өткізгені баяндалады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қолжазба жолсыз қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текстің жолдары парақтың екі жағында толық орналасқан, ертегі қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба арнайы папкаға салынған.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір беттері жыртыла бастаған.

Папкасы. № 193. ОФК. Ертегілер.

Ш. 2 (ОФК)

Б.4; П.8; Ж.23
20x14; 12x8

Аталуы. **هكى كه ده پيدىڭ دوس بولۇى** Екі кедейдің дос болуы.

Жинаушысы. **بەكقوجا ۇلى بىراي** Бекқожаұлы Ыбырай.

Аннотациясы. Ертеде бір патшалықта екі кедей дос болады. Біреуінің ұлы, біреуінің қызы болады. Олар балаларын өскеннен кейін біріне-бірін қосуға уәделеседі. Қыз өте ажарлы әрі білімді болып өседі, ал бала жалқау әрі өнерсіз болады. Сонда да жастайларынан ата-аналары құда болғандығы үшін екі жас бірін-бірі сүйіп қосылады.

Сол елдің патшасының баласы жігіттің келіншегіне қызығып оны өзі алғысы келеді. Жігітті алысқа қиын істерге жұмсайды. Ауылда келіншегінің көмегімен жігіт талай зиянды өрекеттерден аман қалып, ақырында сол елге патша болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жылы. Павлодар қаласы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Сырты ақ қағазбен қапталып, түптелген.

Папкасы. № 2. ОФК. Ертегілер. 1 дөп., 17-20-бб.

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.5,7; П.7; Ж.41
30x20; 28x16,5

Аталуы. Ералы батыр.

Айтушысы. Боранбай Ғаббасов.

Жинаушысы. Бекмұрат Уахатов (1932-1984).

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы. Оны ұйымдастырған Тіл және әдебиет институты.

Аннотациясы. Ертеде Ералы деген батыр бала әкесінен бата алып, оның алпыс амалын үйренеді. Осы амалдардың арқасында Айхан, Күлхан деген екі жауласқан ханды татуластырып, олардың қызын алып, бақытты өмір сүреді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ақ қағазға көк сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959 жыл, бұрынғы Павлодар облысы.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 116. ӘОИ. 1959 жылғы Павлодар экспедициясының материалдары. 1-дөп.

83

Ш. 216 (ОФК)

Б.2; П.1; Ж.35
30x20; 24x16

Аталуы. **ه رتەك** Ертек (1-б.).

Жинаушысы. Ыбырайұлы Абдырахман.

Аннотациясы. Ақымақ патша мен ақылды уәзір туралы ертегі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Бір парақ жолсыз ақ қағазға жасыл сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Мөрі. 1,2-беттерінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары бір парақтың екі бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сұғылт түсті папканың ішіне салынып, желімделіп тысталған.

Папкасы. № 216. “Ақымақ патша мен ақылды уәзір” ертегісі.

84

Ш. 81 (ОФК)

Б.20; П.10; Ж.22
21x15; 18x13

Аталуы. **ه رتەگی** Ертегі (хан мен уәзір баласы туралы 1-б.).

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Уәзір баласының ақылдылығы, хан баласына жа-

саған жақсылығы, хан баласын ғашық болған қызына қосып ақырында бәрі де мақсаттарына жеткені жайлы ертегі. Бұл қолжазбада бір қолтаңбамен жазылған тағы мынадай ертегілер бар: “Бұрынғы екі қатын алған бай” (1-4-бб.), “Үш жігіт” (7-10-бб.), “Бала бидің төрелігі” (11-б.) аяқталмаған.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Мөрі. 1, 10-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі, 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағында толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптер сұрғылт түсті папкамен тысталған.

Папкасы. № 81. ОҒК. Ертегілер.

85

Ш. 187 (ОҒК)

Б.2; П.2; Ж.278
30x20,5; 23x16

Аталуы. Ертегі.

Жинаушысы. Х.Өтеғалиева.

Аннотациясы. Шығыс патшасының баласы Батыс патшасының қызына ғашық болып, жол жапасын шегіп келе жатса, алдынан бір қыз кездеседі, “Сен іздеп келе жатқан Батыс патшасының қызы едім”, – дейді. Бұл сөзге сенген жігіт қызды алып бірге тұрады, азып кетеді. Қыздың жылан патшасының қызы екені мәлім болып, одан азар құтылады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қазіргі қазақ әрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген көк түсті папкада сақталған.

Папкасы. № 187.

Ш. 187 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.27
30x25; 23x16**Аталуы.** Ертегі.**Жинаушысы.** Өтеғалиева Халима.

Аннотациясы. Бай баласы көп жыл жолдас болған хан баласын дүниеге қызығып өлтіреді, мұны қаңбақ біліп куә болады. Бай баласының досын өлтіргенін білген әйелі ағаларына “бұл бір күні мені де өлтірер, қорқамын”, — деп оны ағаларына өлтіртеді.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ақ қағазға қазіргі қазақ өрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген көк тысты папкада сақталған.

Папкасы. № 187. Өтеғалиева материалдары.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.96; П.45; Ж.30
18x20; 16x18**Аталуы.** Ертегілер 25, 24, 23, 22. *هَرْتَهْگِلْدَر***Жинаушысы.** Сәрсенбек Түсіпұлы. (17-б.)

Аннотациясы. 1. Гүлбаршын сұлудың Ислам Нұрға хаты. 17 бет. Тәрбие шаһарының жас патшасы Ислам Нұрдың өзіне тең бір сұлу жар іздеуі, Әлиығыр көпестің мол дүние - жиһазбен керуен тартып Ислам Нұрға бір сұлу іздеуі. Демашық шаһарының патшасы Далгейттің жалғыз қызы Гүлбаршын сұлуға барып жолығуы. Гүлбаршын сұлудың Ислам Нұр патшаға тимек болып жазған хаты - Ислам Нұр патшаның Гүлбаршынды алуы. Аралықтағы қалың мал, алтын, күміс асыл сыйлықтар той салтанаты, күндердің күнінде Гүлбаршын жүкті болып, Асқарбек атты ұл көруі. Ол ұлдың өсіп, ер-жетіп, әрі ақылды, әрі сұлу болып атағының шығуы. Асқарбек батырдың Маусыл шаһарының патшасы Қатқылдың балуан қызы Кертүрсын сұлуды алып мақсатына жеткендігі хикая етіледі.

2. Гүлбаһран сұлудың хикаясы. 17 бет. Кабул шаһарының патшасы Мануар Шайидің Зупын шаһарының патшасы Габул шайи-мен соғыспақ болып, Азат батырдың Габул Шайи патшамен аң аулауға шығуы, дала жолбарысын тірідей ұстап, патшаға байлауы, патша қызы Гүлбаһранның Азат батырға ғашық болуы, Азат батырдың Гүлбаһран сұлуды алуы, екі патшалықтың беріскен қалың мал саны, той-салтанаттары, бөйге-жарысқа тіккен сыйлықтар, екі патшаның Азат батыр арқылы құда болып, татуласулары баян етіледі.

3. Заруан сұлудың хикаясы. Көлемі 27 бет. Амауран шаһарының патшасы Азан Гүліштің жалғыз қызы Заруан сұлудың бір сұмдық түс көруі, патшаның бал аштырып, оның түсін жорытуы, Стақыр шаһарының патшасы Қауасаттың Арангүл патшасына Салқайыр батырды елші етіп жіберіп “патшаның қызы Заруан сұлуды берсе қолынан, бермесе—жолынан алып бер”, – деп жарлық етуі, екі патшалықтың соғысуы, аралыққа Абат патшалығы араласып Салқайыр батырдан қырғын көруі; Мазандан шаһарының патшасы Ғанади соғысқа араласып, Қадыссын батырдан қырғын табуы хикая етіледі.

4. Үш сұлудың ерге тиюі. Көлемі 40 бет. Шам шаһарының патшасы Әбілқасым патшалық тағында отырғанда Айым сұлу атты жалғыз қыз перзент көруі, атақты Асқар батыр өліп оның 6 жаста қалған Ғұсман атты ұлының қайыр сұрап өмір кешуі, оның өсіп ержетіп, ақылды батыр болып, ақыры Әбілқасым патшаның жалғыз қызы Айым сұлуды алуы, күндердің күнінде Айым сұлу жүкті болып, Қырбас атты ұл көруі, оның өсіп, ер жетіп батыр болуы, Қырбас батырдың Қаратас патшалығындағы Әлқайыр көпестің жалғыз қызы Жанат сұлуды алуы, Алқайыр көпестің бала үшін Шам шаһарындағы Мәмбет сопының қызы – Маран сұлуды тоқалдыққа алуы хикая етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегілерді бұрын Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын (авторы Сақи-Баруа) 1914 жылдары оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, сөздері әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып: қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткізілген.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”, 26 дәптер. “Гүлбаршын сұлу, Гүлбаһран сұлу, Заруан сұлу және үш сұлудың ерге шығуы”.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.81; П.40; Ж.30
18x30; 16x18Аталуы. 27, 28, 29, 30 ертегілер (1 бет). *هسته گيلور***Жинаушысы.** Сәрсенбек Түсіпұлы (80 бет). Ертегілер.

Аннотациясы. 1. Төрт қыздың хикаясы. Шын-Машық шаһарының патшасы Маншуардың он бес түрлі уақиғадан түс көруі. Бас уәзір Жемтүннен керуенші Алжаршының Маншуар патшаға аттануы, оны тауып құда болуы. Жолдан кезіккен апалы-сінділі Зүлфия сұлумен Үркия сұлу және бұл екі сұлуды уәзірдің әйелінің рұқсат етуі бойынша Жемтүн уәзірдің тоқалдыққа алуы. Маншуар патшаның (Гүлмазран сұлудың) Намурт атты ұл көруі. Оның өсіп-ержетіп, жігіт болып Мамурт патшаның қызы Шарбат сұлуды алуы ұзақ хикая етіледі.

2. Ғанжабану сұлудың хикаясы. Сурап шаһарының патшасы Мұқарраптың Бағдат патшасы Қысыраудың қызы Ғанжабану сұлуды алуы, Қысырау патшасының батыры Қалсынның Сурап патшасы Мұқарраптың батырлары Барақ, Тарап, Шәкір, Тәліптердің барлық ерлік істері, Ғанжабану сұлудың Айбат-Бекзат атты ұл көруі, Бекзатты Қысырау патшаның бала қылып алып, тәрбиелеуі, Шәкір батырдың уәзір қызы Сақып сұлуға үйленуі ұзақ хикая болады.

3. Наргуз сұлудың хикаясы. Басра шаһарының патшасы Темур 42 жаста таққа отырады. Оған қарасты қырық уәзірі, 10 әскер қолбасшысы, 10 дали (губернаторы) сегіз батыры, 20 ақылшы биі, елу сегіз мың ғаскері болады. Ол Йемен шаһарының патшасы Алууақансның қызы Наргуз сұлуды алуы. Күндердің күнінде көршілес Нанган шаһарының патшасы Ғайсар Мәуліт 30 мың әскерімен Темур патшаға шабуыл жасайды. Темур патша 10 мың ғаскермен майданға шығып, Нанган шаһарының патшасы Ғайсар Мәулетті бас идіреді. Темур патша (Наргуз сұлу) Мағау атты бір ұл көреді. Ұл өсіп, жігіт болып Амаурат шаһарының патшасы Алқанұршының жалғыз қызы Бұлғын сұлуды алады.

4. Зауза сұлудың жар табуы. Сергүн б) шаһарында Әбіл Мамбет атты бір жігіттің ата-анасынан жетім қалып, қаңғып серуен шегуі, Ғайбар көпестің қызы Зауза сұлуға кез болуы, Зауза сұлудың анасы Дәуреннің әрі княз, әрі бай Мұқат мырзаға тиюі, үлкен салтанатты той жасауы, Әбіл Мамбеттің Зауза сұлуды алып, барлық қазына, мал-мүлікке ие болып, жалпақ дүниені шалқып өтуі хикая етілген. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегілерді бұрын Стамбул бас-

пасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын 1914–1916 жылдарда оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, сөздері әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткізілген.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 28 дәптер – 27, 28, 29, 30 ертегілер.

89

Ш. 56 (ОФК)

Б.24; П.12; Ж.14
16x22; 14,5x18

Аталуы. **ه رته گله ر** Ертегілер.

Жинаушысы. **قاسمبک بىراىولى** Қасымбек Ыбырайұлы.

Ол хақындағы ғұмырнамалық дерек кезікпеді.

Тапсырушысы. Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы. **ديوايف ابوباکر**

Осы қолжазбада кездесетін халық әдебиеті үлгілері.

1. Әуез ханның қырық ұлы.

Ертегі бірнеше нұсқадан тұрады. 1957 жылы жарыққа шыққан қазақ ертегілерінің 1-томына осы Қ.Ыбыраевтың ел аузынан жазып алған нұсқасы енген. Сонымен қатар бұл үлгі И.Крафтың 1900 жылы Орынбор қаласында жарық көрген “Из киргизской старины” және 1924 жылы Ташкентте шыққан “Тарту” жинақтарында жарияланған.

-1-3 парақ (6 бет).

2. Аламан мен Жоламан.

Ел арасында кеңінен танымал, халық аузында көптеген айтылып келе жатқан ертегі. Оны алғаш рет бастырып шығарған адам – ақын Әбдірахман Избасұлы Бектасов (Қазан, 1912). Ол ертегіні дас-танға айналдырып жырлаған. Сонымен бірге бұл үлгі 1957 жылы шыққан 1-томға осы атпен енген (54-60-66.).

-4-8 парақ (9 бет).

3. Қарамерген.

Ертеде “Көрмеген жері, шықпаған тауы қалмаған” Қарамерген

атты мерген өткен екен. Бір күні ол: “Мен шықпаған бір-ақ тау қалды, сол тауға шығып, тамаша етсем бұл дүниеден армансыз өткен болар едім”, — деп ойланады. Өрман қарайғы оқиғадан оның осы мақсатты жолда бастан өткергендері турасында баяндалады. Осыған ұқсас сюжеттік элементтер “Батыр мен бала” ертегісінде кездеседі. Қарамерген мен баланың бастан кешкендерінде көптеген ұқсастық жайлар бар.

- 8- 10 парақ (4 бет).

4. Қожанасыр сөздері.

Бұл қолжазбада халық арасында ерекше әйгілі Қожанасыр жайындағы аңыз-ертегілер жинақталған. Бұдан кездесетін кей үлгілер өлі жарияланбаған, ал көбі қазақ ертегілерінің үш томдық жинағына енген.

- 10-12 парақ (5 бет).

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Әр түрлі ертеқ, жұмбақ жазып беруші V класс оқушысы Қасымбек Ыбырайұлы” (Титулдық бетте, жасыл сиямен араб әрпінде жазылған).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты (1-б., 12-п.к.) және ОҒК-нің сопақ (24-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды һәм төменгі класс оқушыларына арналған дәптерлерге қара көк және қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жылғы ақпан айында қағазға түсірілген, жері белгісіз, ОҒК сирек қорына 1934 жылы түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 56. ОҒК. Ертегілер.

90

Ш. 66 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.24
21x35; 18x27

Аталуы.

ه رته گلور

Ертегілер.

Жинаушысы.

دولاي ۆلى م

Долайұлы М. Ол жайындағы

мағлұмат қолжазбада кездеспеді.

Тапсырушысы. Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы.

دیوایف ابوباکر

Аннотациясы. Ел ішінде кең тараған, халық аузында жиі айтылып жүрген бұл ертегіде патша қызының өзі айтқан сөздің үдесінен шығып, диуана қайыршыны қаланың ең бай адамы етуі өңгіме болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “V-класс оқушысы М.Долайұлы. 15.11.1927 ж.” (2-б. жасыл сиямен араб әрпінде жаз.).

2. “Долайұлының айтқанынан”. (2-б., көк сиямен араб әрпінде жаз.).

Мәрі. Қолжазбада Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-нің сопақ (2-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды қағаздарға жасыл сиямен араб әрпінде жазылған (Түзетулер көк және қара сиялармен енгізілген).

Жазылған жылы, жері. 1927 жылғы ақпан айында қағаз бетіне түсірілген, жері белгісіз. ОҒК сирек қорына 1934 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден толық өтпеген.

Папкасы. № 66. ОҒК. Ертегілер. 2-дәп.

91

Ш. 73 (ОҒК)

Б.8; П.4; Ж.32
22x35; 20x31

Аталуы. **ه رته گله ر** _ Ертегілер.

Жинаушысы. **قانو جاقیزی ماریمام** Қанқожақызы Мәриям.

Ол жайында өмірбаяндық дерек кезікпеді.

Тапсырушысы. Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы. **دیوایف ابوباکر**

Аннотациясы. Осы жинаушының қолжазбасында бірнеше ертегі кездесті. Бір адамның жазып бергені болғандықтан әрқайсысына жеке сипаттама арнамай, бәрін бір аяда қарастырғанды дұрыс көрдік. Және де көбі баспа бетін көрген, әрі халық арасына кең тарағандықтан да жеке-жеке тоқталуды жөн санамадық.

1. Тазшаның ақылы.

Жарияланбаған үлгі. Бұнда тазшаның тапқырлығы турасында еңгіме болады. 1-2-бб. (1 бет).

2. Құйыршық бала.

Бұл үлгі қазақ ертегілерінің 1964 жылы шыққан III томына “Құйыршық” деген атпен енген (146-148-бб.), кейін басылған жинақтарда жарияланған. Бірнеше нұсқасы бар, олар сирек қорда сақтаулы.

Алғаш рет “Құйыршық” ертегісі А.Васильевтің “Образцы киргизской народной словесности” деген кітабында (Оренбург, 1898. 1-Вып.) “Қырық құлақ” деген атпен жарық көрген. 2-3-бб. (2 б.).

3. Тепеңкөк.

Бұл да жарияланған (“Қазақ ертегілері”, II том, А., 1962, 213-215-бб., т.б.). Кей нұсқалары сирек қорда кездесті. 3-5-бб. (2 бет).

4. Ақ көбік пен қара көбік.

Жарияланбаған ертегі. Тексеріп қараған адамның “жарамсыз” деген белгісі нұсқаның төменгі дәрежелік көркемдігін, тәрбиелік һәм эстетикалық мәнінің жоққа тәндігін аңғартады. 5-бетте (жарты бет).

5. Қарғаның достығы.

Басылған, басылмағаны белгісіз. 6-7-бб. (1 бет).

6. Жақсылыққа жамандық.

Өзін ажалдан құтқарған адамның осы жақсылықты ісіне жамандықпен жауап бермек болған жыланның ең соңында өлім табуы суреттеледі. 7-бетте (жарты бет).

7. Не қылса да істің түбін ойлап қыл.

Бұнда ертегі атымен сөйкес мақалды нысана етіп ұстанған ханның бастан кешкендері баяндалады. 8-б. (1 бет).

8. Патшаның балаларына үгіті.

Ертегі өте қысқа, өрі аяқталмаған 8-бетте.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбада ОҒК-нің сопақ (1-б.) мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағаздарға жасыл сиямен араб әрпінде жазылған (түзетулер көк сиямен енгізілген).

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1920 жылы түсірілген, жері белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 73. ОҒК. Ертегілер.

Ш. 103 (ОФК)

Б.13; П.13; Ж.28
21x29; 17x24**Аталуы.** *Ertegiiler* Ертегілер.**Жинаушысы.** Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы. *Diwaev* Ә.**Аннотациясы.** Қолжазбада бірнеше ертегі кездесті, сол себепті де ерқайсысына жеке тоқтап жатпай, әрі бір адамның жинап тапсырғаны болғандықтан, бір сипаттама аясында қарастыруды жөн санадық.

1. Мал тілін білуші адам.

Мұнда бір адамның Сүлеймен пайғамбардан барлық жан-жануарлардың тілін үйреніп, еліне оралғаннан кейінгі бастан кешкендері баян етіледі. -1-2-бб. (2 бет).

2. Сүлеймен пайғамбарға келіп бір кедейдің “Хайуанаттар тілін үйрет”, – деген сөзі.

Жоғарыда қарастырылған ертегінің бір нұсқасы дерлік, еш айырмашылығы жоқ. Жалғыз ерекшелігі – бірінің машинкаға басылғаны, ал екіншісінің қолжазба түрінде берілгені. -3-4-бб. (2-бет).

3. Түлкі мен маймыл.

Қазақ ертегілерінің 1957 жылы шыққан 1-томына осы атпен енгізілген (205-208-бб.). Ал ертегіні алғаш жинап бастырған В.В.Радлов (“Образцы народной литературы тюркских племен”. Часть III. 1870, СПб.). 5-7-бб. (3 бет).

4. Түлкі, тасбақа және кене.

1957 жылы шыққан қазақ ертегілерінің 1-томында жарияланған (203-205-бб.). Осы үлгіні алғаш бастырған Ә.Диваев (Этнографические материалы, 1897. Вып.VI.). Сонымен қатар “Тарту” жинағына енген. -8-9-бб. (2 бет).

5. Арыстан, қасқыр және түлкі.

Ертегі 1957 жылғы жинаққа “Түйе, арыстан, қасқыр және түлкі” деген атпен енген (194-201-бб.) 10-13-бб. (4 бет).

Қолтаңбасы. Кімдікі екені белгісіз.**Қосымша жазуы.****Мөрі.** Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б., 5-б., 8-б., 10-б.) мөрлері кездесті.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Машинкаға басылған. Латын әрпінде. Тек екінші қарастырылған, “Сүлеймен пайғамбарға...” деп басталатын ертегі тексі ұзын жолды ақ қағаздарға қара және көк сиялы қаламдармен қазіргі қазақ әрпінде түсірілген.**Жазылған жылы, жері.** 1935 жылдар, жері белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен: жеке қағаздар түптері біріктіріле тігіліп, қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 103. ОҒК. Ертегілер.

Ш. 124 (ОҒК)

Б.5; Ж.22
20x16; 17x15

Аталуы. Есекмерген.

Жинаушысы. Еңсегенов Оңғарбай.

Аннотациясы. Баяғыда Есекмерген деген батыр, мерген жігіт болыпты. Әкесі өлерде: “Орманға, молаға, тақыр жерге қонба”, — деп ақыл айтады. Күндерде бір күн Есекмерген: “өкем осыны маған неге айтты екен, көрейін”, — деп ойлайды. Орманға түнеп, жезтырнақты өлтіреді. Молалы жерде Таутайлықты өлтіреді. Тақыр жерде Айдаһарға кез болады, бірақ онымен достасып, жауын өлтіріп, сыйлық ретінде ат басындай алтын алып, мұратына жетеді.

Қолжазбада “Сары ат” 11 бет, “Жаралы бала” 5 бет, “Құла мерген” 4 бет, “Құланайжарқын” 5,5 бет, “Жолаушы Мұрат” 7 бет, “Омар мен Ғазиза” 4,5 бет, “Жүсіп мерген” 8 бет, “Асан батыр” 6 бет, “Үш ұры”, “Қу Шіңкілдек” 3 бет, “Шанжарханның мүйізі бар” 2 бет, “Қарынбай туралы аңыз” 2 бет, “Айша сұлу” 5 бет, “Үрістем және оның қарындасы” 4 бет, “Қорқақ шал” 2 бет, “Елеместің көргендері” 4 бет, “Сабыр”, “Хан болған жарлы” және “Сапар” атты ертегілер кездесті.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы. 1, 27, 54, 55-беттерде 563, 569, 572, 573 дегендер бар. Кей беттерде: “Бұдан да толық варианты бар”, “Құла мерген біздің фондыда бар ертегі”, — деп жазылған.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолды дәптерге көк сиялы қаламмен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Европа цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен беттің екі жағына да жазылған.

Қалпына келтірілуі. Дәптерлер ақ жіппен қағазға тігіліп, папкаға салынған.

Папкасы. № 124. 6-дөп. “Ертегілер”.

Ш. 298 (ОФК)

Б.1; П.1; Ж.17
28x20; 17x16**Аталуы.** Ешкі баққан шал (1 б.).**Жинаушысы.** Құлсариев Ертай.**Аннотациясы.** Құрманбай деген шалдың жалғыз ешкісін өлтіріп алғаны туралы ертегі.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, өрпі.** Бір парақ ескі сарғыш қағазға көк сиямен осы күнгі өріпте жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1939 жылы жазылған. Түскен жылы белгісіз.**Мөрі.** ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі бар.**Текстің орналастырылуы.** Текст жолдары парақтың оң жақ бетіне толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жұқа ақ қағазға желімделіп, тысталған. Басқа қолжазбалармен бірге арнайы папканың ішіне салынған.**Папкасы.** № 298. “Ертегі мен аңыз өңгімелер”.

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.5; П.5; Ж.38
29x19; 27x15**Аталуы.** Жақсылыққа жақсылық.**Жинаушысы.** Ғаббасов Боранбай. Ол туралы өмірбаяндық деректер қолжазбада кездеспеді.**Экспедициясы.** 1959 жылғы Павлодар экспедициясы. Оны ұйымдастырған Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты.**Жинаушысы.** Уахатов Бекмұрат (1932-1984). Павлодар облысына қарасты Лебяжі ауданында туып өскен. Белгілі ғалым-фольклорист, филология ғылымдарының докторы. Ол көп жылдар бойы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында аға ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып істеген.**Аннотациясы.** Бұл ертегіде қараңғы қапасқа қамалып қалған үш жігіттің өздерінің адамдарға жасаған жақсылықтарының арқасында сол қиыншылықтан құтылғандығы баяндалады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз сарғыш қағазға көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959 жыл, бұрынғы Павлодар облысы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, ақ қағазбен тысталып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 1-дөп. 8-12-бб.

96

Ш. № 611 (ӘӨИ)

Б.8; П.8; Ж.20
20,5x17; 19x11

Аталуы. Жақсылыққа жамандық.

Айтшысы. Мұқанов Серік. Ерейментау қаласы. Бұрынғы Целиноград облысы.

Аннотациясы. I. Жақсылыққа жамандық (1-8-бб.).

Үндістаннан сапар шегіп келе жатқан бір жолаушы жолында үлкен өртке тап болады. Өрттен шыға алмай жанталасып жатқан жыланды көріп шылбырының бір ұшын ат дорбасына байлап өртке қарай лақтырады. Жанұшырған жылан ат дорбаға сып беріп кіріп кетеді. Жолаушы бір жерге келіп жыланды шығарып қоя береді. Жылан айдаһар болып кетеді де: “Мен сені жұтамын, өйткені адамдар жақсылыққа ылғи да жамандық істейді”, – депті. Екеуі дауласа келе бір қураған терекке жүгінеді. Терек: “Адамдар өмір бойы менің жақсылығымды пайдаланып келіп енді қартайып қураған шағымда балтамен шауып отын қылғалы жатыр”, – дейді. Бұлар енді бір сиырға келіп жүгінеді. Сиыр: “Мен жасымда сүтті болып адам баласына қаншама пайдам тиді. Менен қырық шамалы ұрпақ тарады. Енді міне қартайған шағымда ием мені соймақшы болып пышағын қайрап жатқанын көріп қалып қашып шықтым”, – дейді. Мұны естіп айдаһар адамды енді жұтайын деп жатқанда қастарына бір түлкі келеді. Бұлар түлкіге жүгінеді. Қу түлкі: “Оу, Айдаһар тақсыр! Мынадай дәу дененмен кішкентай ат дорбаға сыйдым деп қалай ғана шімірікпейсің”, – дейді. Бұл сөзге намыстанған айдаһар қайтадан кішірейіп жылан болып ат дорбаға еніп кетеді. Адам оны мыжғылап біржола өлтірген екен.

Осымен бірге бұл қолжазбада айтушының өлеңмен жазған тағы мынадай ертегілері бар:

2. Ақымақ төре (8-10-бб.).
3. Қара құс (10-16-бб.).
4. Жақсылыққа жақсылық (17-50-бб.).
5. Өнерлінің өмірі (50-65-бб.).
6. Жамандыққа жамандық (65-75-бб.).
7. Ақымақтың өлімі (75-83-бб.).
8. Ақылды әйел (92-102-бб.).
9. Жан жомарты (102-108-бб.). Атымтай жомарт.
10. Анық сүйген махаббат (108-128-бб.).
11. Ебін тапқан екі асар (154-158-бб.) Тұрмыс-салт ертегісі.
12. Тегін олжа (167-170-бб.).

Қолтаңбасы. Айтушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды қалың дәптерге көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Папкасы. № 611. “Жақсылыққа жамандық”.

97

Ш. 68 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.33

20x35; 19x29

جاقسلىق پەن جاماندىق

Аталуы. Жақсылық пен жамандық.

Жинаушысы. Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы.

Аннотациясы. Ел ішінде көптен айтылып келе жатқан бұл ертегіде Жақсылық пен Жамандық атты екі адамның жолдас боп бірге жүрген кездеріндегі бастан өткерген жағдаяттары баян етіледі.

Жақсылық жақсылығынан бақытты өмір кешіп, мұрат-мақсатына жетеді, ал Жамандық жамандығынан ит-құсқа жем болып, ажал табады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Жарайды. Есмағамбет. 7.10.34 ж.” (2-б. араб әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОФК-нің сопақ (1-б.) мөрлері кездесті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды ақ қағаздарға қара және көк сиялармен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз. ОФК сирек қорына 1934 жылы келіп түскен.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз тәртібімен әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, ақ таза қағазбен тысталып, жеке қағаздар түптері біріктіріле жапсырылып, папка ішіне салынған.

Папкасы. № 68. ОҒК. Ертегілер. 2-дөп.

98

Ш. № 76 (ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.57
34x21; 30x19

Аталуы. **جالاق، تاز، سۇلى كوز** Жалақ, таз, сулы көз.

Жинаушысы. Ә.Диваев. **ديوايف**

Айтушысы. Қаман Әділұлы.

Аннотациясы. Жалақ, таз, сулы көз үшеуі жолдас болып біреуі басын қасымайтын, біреуі көзін сүртпейтін, біреуі ернін жаламайтын болып серттесіпті. Бірақ бәрі де есебін тауып басын қасып, көзін сүртіп, ернін жалай алған екен.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу сызықты бір парақ қағаздың екі жақ бетіне қызыл сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жыл.

Қолтаңбасы. Айтушыныкі.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Басқа қолжазбалармен бірге түптеліп, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 76. 1. “Түлкі мен қасқыр”, 2. “Жалақ, сулы көз, таз кісілер”, 3. “Түлкі мен бөдене” ертегілері.

99

Ш. 137 (ӘӨИ)

Б.9; П.5; Ж.20
20x13; 20x12

Аталуы. Жалғыз өгізді жарлы.

Айтушысы. Угрюмов Макар Степанович. Таулы Алтай авт. облысынан Қызыл наумен қ-зы, Усть-Каменогорск аймағы, Горно-Алтай авт. облысында туған.

Жинаушысы. Әбдіхамит Бәрібаев.

Аннотациясы. Бұрынғы заманда не малы жоқ, не баласы жоқ, мал атаулыдан жалғыз өгізі бар бір кедей болыпты. Өлгі кедейдің әйелі өзі сұлу, өзі ақылды екен. Ертегіде сол әйелдің ақылдылығы мен адамгершілігі сөз болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жол көз қалың дәптерге көк сиямен қазіргі қазақ өрпімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз

Текстің орналастырылуы. Ертегі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба арнайы папкаға салынып түптелген.

Папкасы. № 137. ӘӨИ. 2-дәптер. Ауыз әдебиет үлгілері. Ел арасынан жинап жазып алған 1956 жылғы Горно-Алтай экспедициясы. Тапсырған Бәрібаев Әбдіхамит.

100

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.36; П.18; Ж.20
20x16,5; 19x13,5

Аталуы. Жаман адамды патша қылған қыз туралы ертегі.

Жинаушысы. Хаймолдина Шамшия.

Аннотациясы. Бұл ертегіде өз сырын ашып қойғандығы үшін қатал әкенің қаһарына ұшыраған патша қызы туралы әңгіме болады. Патша әмірі бойынша, еліндегі ең жаман адамға қосақталған ақылды патша қызы ақырында жаман күйеуін патша тағына мінгізеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Тор көзді оқушы дәптеріне жасыл көк сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл, 8 қаңтар, бұрынғы Семей облысы, Үржар ауданы Үржар селосы, Жамбыл көшесі, 3-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, жақсы сақталған.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 2-дәп. 1-36-бб.

Ш. 131 (ОҒК)

Б.4; П.4; Ж.28
29x20; 24,5x16

Аталуы. Жаңа мизандаран ертегісі. *Gana mizandaran ertegisi*
Жинаушысы. Диваев Ә.

Аннотациясы. Бір адам біреуге жерін сатады, сол сатылған жерден бір құмыра алтын шығады, алтынды жердің бұрынғы иесінің алмай қалғаны, олардың хан алдына барғаны сөз болады.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ақ қағазға латын өрпімен машинкаға басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қалпына келтірілуі. Қатырма қағаздан істелген, сарғылт түсті жұқа папкада сақталған.

Папкасы. № 131. 1-дөп. Диваев материалдары.

Ш. 362 (ОҒК)

Б.8; П.16; Ж.22
20x16; 18x13

Аталуы. Жауыз хан.

Жинаушысы. Ғали Дүйсенев. Бұрынғы Семей облысы, Жарма ауданында 1900 жылы туған. Шымкент облыстық драма театрында істеген. Қазақстанға еңбегі сіңген артист.

Аннотациясы. Хасен атты еліне қадірлі жігіттің Раушан деген сұлу, өрі тапқыр әйеліне Жауыз хан сырттай қызығып зорлықпен алғысы келеді. Раушан әкесі туралы, оның аң патшасы арыстанға күніне бір ту бие беріп тұрғаны, бір күні қасқыр жаралаған жылқыны берсе арыстанның жемегені, осы мысал арқылы Жауыз патшаны ниетінен тоқтатқаны туралы айтылады.

Бұл қолжазбаға “Бір сөзім бар мың дүлдә” (6 бет), “Өнер емес машық-қай” (6 бет), “Қырсық келсе не істеу керек” (4 бет) деген ертегілер бірге тіркелген.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолды дәптерге күлгін сиялы қаламмен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1961 жылы бұрынғы Шымкент облысы.

Қосымша жазулары. Әр ертектің аяғында кімнен жазып алғаны айтылған: “Жауыз хан” 1918 ж. Хасен тарихшыдан естіген едім, ол

кісі 1947 ж. қайтыс болған, “Қырсық келсе не істеу керек” деген ертегіні “1918 ж. Ақайса деген кісіден естіп едім, ол кісі 1925 ж. қайтқан”.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен беттің екі жағына да жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қалың көк дәптер нөмірленіп, папкаға салынған.

Ақауы. Қолжазбаның 19, 22, 25-беттерінде өшіріліп, жөнделген жолдар кездеседі.

Папкасы. № 362. 1-дөп. “Ауыз өдебиет үлгілері”.

103

Ш. 1170 (ОҒК)

Б.5-173-28; Ж.14
21x182; 16x12,5

Аталуы. *جولکيلدهکى* Желкілдек батыр.

Жинаушысы. *ماشهور جوسيب له* Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы. Нұрмамбет ханның елін туысы Өзтемір батыр жоқта, әскер басы Телекей деген жау шабады. Екі қарындасын тұтқындап, ағасын, бауырын өлтіріп, малын айдап кетеді. Өзтемір батыр сол жаудан кек алу үшін жеті жасар Желкілдек батырды әкесінен сұрап алып, іні етеді, қалың жауға аттанады. Уәдеге берік, ұстамды адам батыр Желкілдек жауға жалғыз шауып бетін қайырады. Айлалы жау ор қазып Желкілдекті қолға түсіреді. Батыр қоңыр қаздан хабарын жібереді. Ордағы Желкілдекті сыбызғы үні арқылы тауып, әкелген азығын береді. Желкілдек батыр ордан шыққан соң Телегейдің қызымен көңіл қосып, екеуі күреңше атқа мінгесіп қашады. Қайта айналып келіп, жаудан есе қайырады. Өзтемір мен Желкілдек жаудан қайтпауға, адалдық, ерлік үшін серттескен-ді. Барлық іс онына келіп, аға бауыр, құда-күйеу жүздескенде Өзтемір “Төбеге оқ атысайық” деп тұрып алады. Кім сөзінде тұрмаса, атқан оқ соған тиюге тиіс. Жаудан жасқанып қашқаны үшін Өзтемірге өзі төбеге атқан оғы тиіп қаза болады. Жаудан аман құтылған ел, бейбіт өмір сүреді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Беттелуі. Европа цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Қағаздың екі бетіне де қарасөзбен өлең аралас жазылған.

Папкасы. № 1170. Мәшһүр Жүсіп қолжазбасы.

104

Ш. 69 (ОФК)

Б.10; П.10; Ж.14
17x22; 14,5x17

Аталуы. *жерден шыққан желім батыр* Жерден шыққан Желім батыр.

Жинаушысы. *Есенболұлы Ұлы Братмиек* Есенболұлы Ұлы Братмиек. Ол туралы мәлімет кездеспеді.

Тапсырушысы. *Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы* Диваев Әбубәкір Ахметжанұлы.

Аннотациясы. Алғаш рет қазақ ертегілерінің 1957 жылы шыққан 1-томына енген (76-81-бб.) бұл ертегіні (Р.Есенболұлы нұсқасын) Ә.Диваев жинағынан алып тапсырған қарт мұғалім Шамғали Сарыбаев. Бұрын баспа бетін көрген, әрі халық арасына кең тараған себепті біз ертегі мазмұнын беруді жөн санамадық.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “6-беттегі жоғарыдан төмен санағанда 4-жолында” 1 күнде бір жасқа келеді, екі күнде екі жасқа келеді”, – дегенді “1 жылда он жасқа келеді” деп оқыңыздар.

Есенболұлы Рақымбек. 26.11.27 ж. (10-б. күлгін сиямен араб әрпінде жаз.).

2. “Есенболұлы Рақымбек айтқанынан”. (10-б. араб әрпінде).

Мөрі. Қолжазбада Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты (1-б. титул бетте) және ОФК-нің сопақ (10-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Төменгі сынып оқушыларына арналған дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Қағаз бетіне 1927 жылғы ақпан айында түсірілген, жері белгісіз. ОФК сирек қорына 1940 жылдары келіп түскен

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.
Папкасы. № 69. OFK. Ертегілер. 1-дөп.

105

Ш. 143 (OFK)

Б.24; П.24;
29x20; 26x18

Аталуы. Жетімдер. **جهتيمدهر**
Айтушысы. Иса Байзақов.

Аннотациясы. Байдың әкесі өліп екі баласы жетім қалады, тоқал алып, балаларына дәулет құсын тапсырып сапар шегеді. Тоқал мен бір жігіт ашына болады. Дәулет құстың етін жесе, патша болады, жан-жануар өсімдіктің тілін біледі, “түкіргені – түйме алтын, қақырғаны – құйма алтын болады” дегенді естіген жігіт, тоқалды сөзіне көндіріп, құсты буыздатып етін аспазшыға астырады. Құстың тәпшісі мен жүрегін қарны ашып келген балалар жеп қояды. Енді ойнасқор жігіт балаларды өлтіріп солардың жүрегін жемек болады. Мұны сөйлесіп тұрған торғайлардан білген балалар үйінен безіп қашып кетеді. Бір елге келсе дәулет құсы кімнің басына қонса, соны патша қоямыз десіп жүр. Құс жетім балалардың үлкенінің басына қонып оның патша болғаны, олардың қартайған әкесін тауып алғаны, ойнасқор жігіт пен тоқалдың жазасын тартқаны сөз болады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көгілдір сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қалпына келтірілуі. Қатырма қағаздан істелген сұрғылт түсті жұқа папкада сақталған.

Папкасы. № 143. 1-дөп. Ертегілер.

106

Ш. 354 (OFK)

Б.48; П.49; Ж.9
29x20;

Аталуы. Жиренше мен өз Жөнібек хан.

Жинаушысы. Ғұбайдолла Ахметов.

Тапсырушысы. Фарит Ғатауов.

Аннотациясы. Хан басын көрсеткенде, жас Жиренше тілін шығарады, хан сарайындағылар осыны түсінбейді, оның ақылдылығын аңғарған хан Жиреншені өз қасына алады.

Дәптерде “Жиреншенің қазды бөлуі”, “Жиреншеге Қарашаш өлімін естірту” атты аңыз ертегілер қоса берілген.

Қолжазба. Машинкада басылған нұсқа. 1962 жылы келіп түскен.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба екі дәптерге бөлініп тігілген.

Папкасы. № 354. 1-дәп. “Ауыз әдебиет үлгілері”. Ел арасындағы ескі сөздер жинағы.

107

Ш. 354 (ОФК)

Б.1; Ж.11
30x19; 11x15

Аталуы. Жиреншенің аңшыларға берген төрелігі.

Жинаушысы. Ғұбайдолла Ахметұлы (1873-1951).

Тапсырушысы. Ғатауов Ф.

Аннотациясы. Әз Жәнібек ханға екі аңшының түлкі үшін айтысып келгені, Жиреншенің осыларға төрелік бергені туралы.

Дәптерде “Тесік тау қай жерде” және “Дастан қара халық ертегісі” 5 бет (Әмет батыр жөнінде) атты шығарма бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қазіргі қазақ әрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Қолжазба 1962 жылы түскен.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Папкасы. № 354. “Ауыз әдебиет үлгілері”. Ел арасындағы ескі сөздер.

108

Ш. 130 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.26
31x22; 30x20

Аталуы. Жо жомақ جو جوماق

Жинаушысы. Диваев Ә. . يوايف ا .

Аннотациясы. Бір саудагер баласына үш сом алтын ақша беріп, базарға сауда қылуға жібереді. Бала алтын ақшаға мысық, күшік, жылан сатып алады. Мұны көріп әкесі қатты ренжиді. Ақырында бала осы хайуандар арқасында бақытты болып мұратына жетеді.

Қосымша жазуы. Қолжазбаның 1 және 2-бетінде қызыл қарындашпен латын әрпінде “аяғы жоқ” деп жазылған.

Мөрі. Қолжазбаның 2-бетінде ОҒК-нің сопақ мөрі бар.
Қағазы, сиясы, өрпі. Үлкен іс қағазына қара қарындашпен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың бір жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 130. Ертегілер.

109

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б.25; Ж.20
20x17; 19x12

Аталуы. Жомарт

Айтушысы. Жұманов Сәлімбай

Жинаушысы. Сәлімбаев Есенаман.

Аннотациясы. Ертеде әрі әділ, әрі ақылды бір хан өмір сүріпті. Бір күні хан Қасым және Манап деген екі үздірін шақырып алып: “Жомарттық байлықтан ба, әлде ниеттен бе?” – деп сұрақ қояды. Қасым мен Манап тұрып: “Тақсыр, жомарттық байлықтан туады”, – дейді. Хан: “Жоқ, үздірлерім, жомарттық ниеттен туады”, – дейді. Үздірлер ханмен келіспейді. Хан өз сөзін дәлелдеу үшін үздірлеріне үлкен той жасаңдар дейді. Өзі диуана боп киініп алып той жасап жатқан Қасым мен Манаптың үйіне барады. Екеуі де диуанаға бір тілім күйген нанды зорға береді де үйіне қонуға ұлықсат етпейді. Содан хан түн ішінде бір қойшы баланың үйіне түседі. Ол астындағы төсегін қонағына салып, қонақасына диуана сұраған жеті қойдың бүйрегін алып береді. Азанда хан Манап пен Қасымды шақырып алып: “Түнде жеті қойым ұрланды, соны табыңдар”, – дейді де қойшы баланың қойларының жоғын айтады. Үздірлер көп қарап жүріп, базарда жеті қойдың терісі мен етін сатып тұрған баланы ұстап алып ханға алып келеді. Сол жерде барлық мәселенің беті ашылады. Хан Қасым мен Манапты жазалап, қойшы баланы өзіне бас үздір етіп алады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Тор көзді дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптердің ашық жері қалмастан толық жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түптелген.
Папкасы. № 123. ӘӨИ. Ертегілер. 1-дөптер.

110

Ш. 134 (ОҒК)

Б.4; П.4; Ж.28
30x20; 24x16

Gumbaqsyl patsha qyzdy qara qul çengen.

Аталуы. Жұмбақшыл патша қызды қарақұл жеңген (1-б.).

Жинаушысы. Ә. Диваев.

Аннотациясы. Қыз-патша “менің жұмбағымды шешкен адамға тиемін” деген соң бір ер патша халқын жинап жұмбақты шешуші адам іздейді. Сонда бір қара құл жұмбақты шешіп береді.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және өдебиет институтының қолжазбалар қоры бөлімінің төрт бұрышты мөрі бар. 2-бетінде ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз ақ қағазға латын өрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жылдары жиналған. Қорға 1948 жылы түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары өр бетке тұғас орналасқан.

Папкасы. № 134, “Жұмбақшыл патша қызды жеңген қарақұл” ертегісі.

Библиографиясы. “Тарту”, 143-145-бб. 1924 ж. “Жұмбақшыл патша қыз бен қарақұл”. “Қазақ ертегілері”. II том, А., 1962. 341-342-бб.

111

Ш. 481 (ӘӨИ)

Б.12; П.24; Ж.21
20x17; 18x13

Аталуы. Жылан қабықты жігіт.

Жинаушысы. Байжанов Тұрмахан.

Экспедициясы. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясы.

Аннотациясы. Бір кедей шалдың бөйбішесі айдаһар етіне жерік болып жылан қабықты бала туады. Баланың атын Шаһмардан деп қояды. Шаһмардан сол елдің ханы Бабаханның қызы Нұрсұлуға ғашық болады. Жігіт түрлі өнермен жеңіп хан қызын алады. Бірақ көпке дейін қосыла алмайды. Ақыры Нұрсұлудың адал махаббаты

үлкен қиындықты жеңіп, Шаһмарданды іздеп тауып барады да, ойлаған мақсаттарына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 3/1 1961 ж. бұрынғы Қарақалпақ АССР-ы, Тахтакөпір қаласы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 481. ӘӨИ. 4-дәптер. Ауыз әдебиет үлгілері. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясының материалдары.

112

Ш. 717 (ӘӨИ)

Б.7; П.4; Ж.
30x21; 25x17

Аталуы. Жынданған әулие.

Жинаушысы. Ғалымжан Мұқатов (1900-1977) – Ақмола облысы, Ерейментау ауданында туған. Журналист және халық ауыз әдебиетін жинаушы.

Аннотациясы. Қырдың қуы Торсықбай мен сырдың қуы Борсықбай бірінен-бірі қулық асыруға серттеседі. Соның жолында екеуінің істеген қылықтары өңгіме болады. Ертегінің соңында екеуінің сыры ашылып, екі қу бірінен-бірі өнер асыра алмайтынына көздері әбден жетеді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қолжазба жолсыз сарғыш қағазға машинкамен қазіргі әріппен басылған.

Текстің орналастырылуы. Текстің жолдары парақтың бір жағында орналасқан, ертегі қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Арнайы папкада сақтаулы.

Папкасы. № 717. ӘӨИ. Ауыз әдебиеті үлгілері, жинаған Ғалымжан Мұқатов. 1968-1969 жж.

113

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.9; П.4; Ж.19
19x14; 18x10

Аталуы. Залым түлкі.

Жинаушысы. Уахитов Әбу. Ол туралы өмірбаяндық дәптер сипаттамада берілді.

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы.

Аннотациясы. Ел аузында кең тараған бұл ертегіде тұлкінің зымияндық әрекеттері, оның аң патшасы – арыстанның өзін алдап соғып, жем еткені баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ жолды блокнот типтес дәптерге жасыл көк сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959-60 жылдар. Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 91-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жақсы сақталған, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәп. 33-41-66.

114

Ш. 700 (ӘӨИ)

Б.90; П.45; Ж.30
18x20; 16x18

Аталуы. Заран сұлу, Әнжелең сұлудың хикаясы (1 және 244 бет).

زاران سولو، انجه له لڭ سولوڭدڭ حيكاياسى

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (331-бет).

Аннотациясы. 1. Заран сұлудың хикаясы. Бұл ертегіде 20 сұлу қыздың хикаясы баян етіледі. Хикаяның басы Ағзам шаһарының патшасы Қабұл Әкімнен басталады. Ағзам шаһарының патшасы Қабұл Әкім 16 әйел алады да бір перзентке зар болады. Ең ақырында Сылқым сұлуды алып, Азат Бақи атты бір ұл көреді. Азат Бақи өсіп жігіт болып, әкесі өлгеннен кейін әкесінің тағына отырып, Дауіп шаһарының патшасы Ақжет Набидің жалғыз қызы Заран сұлуды алады. Заран сұлу бір ұл, бір қыз тауып ұлының атын Қабұл Мансұр, қызының атын Марзиан сұлу қояды. Қабұл Мансұр өсіп, ер жетіп, жігіт болып Ағзам шаһарындағы жалаңаш кедей Әбдірақим дегеннің жалғыз қызы – көріпкел, тапқыш, өулие атанған Ақмарал сұлуды алады.

Марғау шаһарында тұратын темірші ұста Ақмет Сардар Марзиан сұлуды алады. Марғау шаһарының патшасы Әмірдің жалғыз қызы Мағи сұлу да осы Ақмет Сардарға тиеді. Бұл ертегіде жалпы 20 сұлу уақиғасы қызықты хикая етілген.

2. Әнжелең сұлу хикаясы. Бұл ертегіде Атауран шаһарында болған жалғыз ұры жігіт Сақауар жасынан жетім қалып, ұрлық, сиқыршылық кәсібімен шұғылданады. Осы өнерімен байып даңқы шығып, Ақрам Заб патшаның жалғыз қызы Әнжелең сұлуды алып, кейін патшалық таққа отырады.

Жинаушысы Сәрсенбек Түсіпұлы. 1913 жылы Троицк қаласында оқып жүрген шағында Стамбул баспасында шыққан “Қырық сұлу” хикаясын (авторы Сақи Базул) оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сия мен көне араб өрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қарасөзбен жазылып, сөзі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. “Ертегілер” 1- дәптер. “32 ертегі Заран сұлудың хикаясы. 33-ертегі Әнжелең сұлудың хикаясы”.

115

Ш. 58 (ОФК)

Б.20; П.10; Ж.14
19x15; 16x12

Аталуы. Зәріп оқиғасы.

زَارِبٌ وَقِيْعَاسِي

Айтушысы. Мағзұмұлы Айтмұқамбет.

مَاعَزُومٌ وَوَلِي اَيْتَمُوْقَامِبِيْت

Жинаушысы. Ахметов Мағзұм Ғайыпұлы. Ол туралы мәлімет сипаттамада берілді.

Аннотациясы. Ертеде Сарбас деген мерген болған екен. Бір күні далада қонып жатса, мылтығы сықырлайды. Содан қараса, алдынан қоян қашады, атпайды, қасқыр қашады, атпайды, жолбарыс қашады, оны да атпайды. Сөйтіп тосып отырса, бір кішкентай аң келеді. Соны атады, терісін базарға апарып қымбатқа сатып, байып кетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның 18-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз сары қағазға қара қарымдашпен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1948 жылы бұрынғы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағына да толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 58. Ауыз әдебиеті үлгілері. 1-дөп. 9-10-бб.

116

Ш. 1163 (ОФК)

Б.3; П.15; Ж.58

35x22; 32x20

кедейдің тас тауып алуы .

Аталуы. Кедейдің тас тауып алуы (41-б.).

Жинаушысы. Ә.Диваев.

Хатқа түсіруші. Ақмамбет Тоқхожаев.

Экспедициясы. 1921 жылғы Сырдария экспедициясы.

Аннотациясы. Бір кедейдің даладан тауып алған тасы гауһар болып шығады да басына бақ-дәулет қонып арманына жетеді.

Қолтаңбасы. Хатқа түсірушінің қолы.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз қағаз парақтарына қара сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1920 жылы жазылып, 1931 жылы тапсырылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі өлеңмен жазылған. Өлең жолдары әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып көк ала түсті арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 1163. “А.А.Диваевтың жинаған материалдары”. 9-дөптер.

117

Ш. 108 (ОФК)

Б.6; П.6; Ж.20

34x13,5; 31x12

Аталуы. **кедей** Кедей.

Жинаушысы. Бейсебаев С.

Аннотациясы. Бір еріншек құдайдан мал сұрап бара жатып, жолда қасқырға, жеміс ағашына, балыққа жолығады. Олардың жеке-жеке сөлемін, тапсырмасын құдайға жеткізуге міндегіне алады. Жолда

кетіп бара жатқанда: “Тілегінді бердім, үйіңе қайт!” – деген дауысты естіп кері қайтады.

Жолда оған разы болып, ағаш жемісін ұсынады. Балық гауһар сыйлайды. Еріншек бұлардан бас тартады. Соңында қасқырға жолығады. Барлық жағдайды айтады. “Жаман адамды жесең жазыласың” деген емін айтады. Құдай тілегінді берген екен. Бірақ оны пайдалана алмаған сенен жаман адам бар ма, деп қасқыр оның өзін жеп қояды.

Қолтаңбасы. Кімдікі екені белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жыл.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде Орталық ғылыми кітапхана мен институттың қолжазба қоры бөлімінің сопақша және төрт бұрышты мөрлері басылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Ақауы. Қағазы сарғыштау, тозыңқы.

Папкасы. № 108. “Ертегі. Кедей мен қасқыр”, араб әрпімен. 1-7-беттер.

118

Ш. 52 (ОФК)

Б.5; П.10; Ж.21
20x16; 17x15

Аталуы. **كەر قۇلان مەن كەر جەلكە** Керқұлан мен Кержелке.

Жинаушысы. **بايعۇتقۇلى كە** Байғұттыұлы Көсембек.

Айтушысы. **ەرجانوۋ سارى قىز** Ержанов Сарықыз.

Аннотациясы. Керқұлан деген бай Кержелке атты көршісіне қонаққа барады. Кержелкенің бұрын аман құлындамайтын биесі құлындайды. Азулы бай сол құлынды даулап, ханға барады. Хан құлынды Керқұлан байға беруге бұйырады. Кержелкенің ақылды қызы ұтқыр, тапқыр амалымен ханды мойындатады. Хан ақылды қызды алады. Хан Кержелкеге көп сыйлық береді, құлынды байдан қайта өпереді. Күндердің бірінде алыс сапарда жүрген хан жау қолына түсіп қалады. Жұмбақтаған хан сөлемін ақылды өйелі ұғып, жау қолынан аман-есен құтқарып алады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз дәптерге қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1948 жыл.

Қолтаңбасы. Ержанов Сарықыздікі.

Мөрі. Қолжазбаның бірінші және соңғы бетінде ҚазССР Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасының сопақша мөрі басылған.

Текстің орналастырылуы. Қағаздың екі бетіне де қара сөзбен тығыз етіп түсірілген.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен түптеліп, папкаға тігілген.

Ақауы. Қолжазбаның қағазына бір-екі жерден сары дақ түскен.

Папкасы. № 52. “Керқұлан мен Кержелкенің ертегісі”.

119

Ш. 135 (ОФК)

Б.5; П.5; Ж.30
30x17; 26x16

Kesir patca qyz ben tazca

Аталуы. Кесір патша қыз бен тазша.

Жинаушысы. Диваев Ә.

Аннотациясы. Бір қыз патша еліне: “Басымды жатқан жерімнен үш рет көтерткен адамға тиемін”, — деп жарлық шашады. Тапқыр тазша қызға арыз айта келеді. Ағаш ұстасы, зергер, молда үшеуінің өздері жасаған қызға таласын айтып, қыздың басын бір көтертеді. Қырағы, мерген және қаңқыштың бір қызды құтқарып, үшеуінің таласқаны жайлы айтып екінші рет басын көтертеді. Екі ұрының – күндіз қалтаға түсуі мен түнде қазынаны қармайтын таласын айтып, үшінші рет басын көтертеді. Сүйтіп ол кесірлі патша қызды алады.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ақ қағазға машинкамен латын өрпінде басылған.

Жазылған жылы, жері. “Тарту” жинағынан (1924 ж. 137–142- бб.) алынған.

Мөрі. Орталық ғылыми кітапхананың сопақша мөрі, Тіл және әдебиет институты, қолжазба қоры бөлімінің төрт бұрышты мөрі басылған. “Инв. № 226, 1948 ж.” деген жазу кездеседі.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен беттің бір жағына толық сиымды етіп басылған.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, папкаға тігілген.

Папкасы. № 135. “Кесірлі патша қыз бен тазша”. Ертегілер.

Ш. 334 (ОҒК)

Б.7; П.7; Ж.28
29,5x20; 25x17**Аталуы.** Көбен бала немесе Көбен сыншы.**Жинаушысы.** Қ. Тұңғышбаев.

Аннотациясы. Жангелді би Көбен баланы Төшкен базарынан сатып алып Сарыарқаға әкеледі. Бала Толыбай сыншының ұлы екен. Ол бір жаман қотыр тайды күтіп, түйе бағып жүреді. Үлкен аста бас бөйгені жеңіп алады да жүйрігімен еліне тартады. Артынан Тілен батырдың буаз биесімен қуған адам жетеді, “Биенің ішінде тұлпар құлын бар, қума!” — деген соң ол қалады.

Келе жатқан ағасын Күнекей сұлу болжап біледі, алдынан он екі құлаш жібек арқанмен тосып түсіріп алады. Көбен бала бір жылдан соң Жәнгелдіні қайта іздеп табады. Атағы шығып Көбен сыншы атанады. Ел-жұртына өкпелеп басқа жаққа кетпекші болған Жәнгелдіге жақсы әйел тауып қосады. Көбен сыншы Шоңға, Мәмбет Саңырыңқа, Жәнгелдінің балуандығына зор баға берген екен.

Бұл дәптерде “Алыстағы арман туралы ертегі” (6 бет), “Зәңгі баба мен Шопан ата” (5 бет) атты ертегілер де бірге жүр.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ақ қағазға қазіргі қазақ өрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қалпына келтірілуі. Басқа да материалдармен қоса тігіліп, папкаға салынған.

Ақауы. Ертегінің қолжазба нұсқасы жоқ. Жинаушы өз жанынан да сөз қосып жіберген.

Папкасы. № 334. 2-дөп. “Ел аузынан жиналған аңыз әңгімелер, қысқа өлеңдер”.

Ш. 217 (ОҒК)

Б.3; П.6; Ж.23
20x17; 19x15**Аталуы.** *Kök taj*

Көк тай.

Жинаушысы. *Omircanov Ә*

Өміржанов Әбдірахман.

Аннотациясы. Ертеде бір байдың әйелі өліп, баласы жетім қалады. Өгей шеше баланың көзін жою үшін неше түрлі зымияндық әрекеттер істейді. Балаға оның көк тайы көмектеседі де баланы өлденеше рет өлімнен алып қалады. Ақырында бала көк тайымен елінен қашып, басқа елге барып сол елде хандық құрады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді дәптерге күлгін түсті сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1942 жыл, бұрынғы Алматы облысы, Кеген ауданы, Жалаңаш селосы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталып, түштелген.

Папкасы. № 217. ОҒК. Ертегілер. 1-дәп. 3-5-бб.

122

Ш. 84 (ОҒК)

Б.3; П.3; Ж.22
30x20; 25x18

Аталуы. Көңліңе астамшылық ойлама.

Жинаушысы. Нұртазин М.

Аннотациясы. Дүниеде өзінен артық ешкім жоқ деп ойлап, әбден асқақтаған бір хан перілердің қаһарына ұшырып мүсәпірлік халге түскеннен кейін барып көңлінде астамшылық еткенін мойындапты.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі мен Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз қағаз парақтарына қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бір жағына толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 84. 1. “Көңліңе астамшылық ойлама”, 2. “Сабыр, шыдамшылық, ақырын тосу”, 3. “Қаңбақ шал” ертегілері.

123

Ш. 116 (ӨӨИ)

Б.6; П.4; Ж.20
20x16,5; 19x15,5

Аталуы. Көлденеңі таудай көк өгіз.

Жинаушысы. Хаймолдин Шамшия.

Аннотациясы. Бұл ертегіде бір кедейдің ұзыны үш күншілік, көлденеңі таудай көк өгізіне қатысты жағдаяттар баян етіледі. Ертегі жұмбаққа құрылған.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді оқушы дәптеріне жасыл көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл, 8 желтоқсан, бұрынғы Семей облысы, Үржар ауданы, Үржар селосы, Жамбыл көшесі, 3-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.



Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған, сақталуы орташа.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 2-дөп. 106-111-бб.

124

Ш. 183 (ОҒК)

Б.1; П.23; Ж.12
20x15; 18x14

Аталуы.  **Күлмес уәзір**
Айтушысы.  **Кете Жұмыр Қожа**
Жинаушысы. Диваев Ә.

Күлмес уәзір.

Кете Жұмыр Қожа.

Аннотациясы. Ханның қырық уәзірінің бірі Күлмес уәзір аталған екен. Бір күні хан мен ханшаның алдында отырғанда күліп жібереді. Хан бұған таң қалып себебін сұрайды. Уәзір қатты қысылса да Қарашаш сұлудың ханға жасап жүрген қиянатын ашып салады. “Құдарқұл деген құлыңызбен ашына, өз көзіммен көрдім”, – дейді. Ашулы хан әйелін қаңғытып жібереді. Ол басқа бір ханға барып мұңын шығады. Көрші хан билігін айтып, екеуін қайта қосады. “Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйін тапқан соң, ашылғанның айыбы жоқ, өзі біліп жапқан соң”, – деген мақал осыдан қалған екен.

Қолтаңбасы. Кімдікі екені белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағаздың екі бетіне де қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Мөрі. Орталық ғылыми кітапхананың сопақша мөрі басылған.

Текстің орналастырылуы. Парақтың екі бетіне де қара сөзбен толық жазылған.

Қалпына келтірілуі. Түптеліп, папкаға жеке салынған.
Папкасы. № 183. “Күлмес үөзір” ертегісі.

125

Ш. 125 (ӘӨИ)

Б.24; Ж.24
29x19; 27x17

Аталуы. Күлсе аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құс.

Жинаушысы. Әлбісенов Ибрагим.

Аннотациясы. Ертеде бір патшаның Асан, Үсен, Хасен атты үш ұлы болады. Бір күні патша балаларына: “Мен түсімде күлсе аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құс көрдім. Осы құсты тауып әкеліңдер”, – деп тапсырма береді. Асан мен Үсен бір бөлек, Хасен өзі іздеуге шығады. Патшаның кіші ұлы Хасен көптеген қиыншылықтарды жеңіп құсты табады. Еліне келе жатқан жолда ағалары жолығып, оған қастық жасайды. Құстың бұрынғы иелерінің көмегімен ажалдан аман қалып, өз мақсат-мұратына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға көк түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959 жыл, бұрынғы Шымкент облысы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.


Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталған.


Папкасы. № 125. ӘӨИ. Ертегілер. 8-дөп.

126

Ш. 242 (ОҒК)

Б.5; П.5
20x16; 18x14

Аталуы.  Күлмесхан мен Мұңсызхан.

Жинаушысы.  Наурызбаев Әбілқасым.

Аннотациясы. Қартайған Күлмесхан әйел алмақ болып, бір кедейдің ақылды қызына сөз салыпты. Ол Мұңсызханның сырын біліп, айтып келсең тием деп уәде беріпті. Сөйтіп екі хан кездесіп,

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.19; П.10; Ж.30
18x20; 16x18

كۈلۈم سۇلۇدۇڭ - مارجان سۇلۇدۇڭ، بۇلبۇل
سۇلۇدۇڭ سۈرەتتىكى كەلسىمى سۇرزاغا تىيۇ

Аталуы. “Кілем сұлудың, Маржан сұлудың, Бұлбұл сұлудың суретші Келсін мырзаға тиюі” (38 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (57-бет).

Аннотациясы. Бағдар шаһарының патшасы Ғамды Науаздың көрген түсі. Түс жорушының шешуі. Көрген түсі бойынша үлкен қызы Әлен сұлуды жылан шағып өлтіруі. Нау шаһарының Әнуар патшалығына қарасты суретші Келсін мырзаның суретшілік өнері, оның мол алтын қазынаға тап болуы, барлық патшалықтардағы сұлу қыздардың суретін жасауы, суретшілік өнерімен Бағдад шаһарының патшасы Ғамды Науаздың жалғыз қызы Кілем сұлуды алуы. Алитун шаһарының патшасы Үрідің жалғыз қызы Бұлбұл сұлуды алуы, Намурут шаһарының патшасы Хасан Әли Карзаңтың жалғыз қызы Маржан сұлуды алуы баян етіледі. Жинаушысы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан (авторы Сақи Базул) “Қырық сұлу” хикаясын 1914 жылы оқып, соңғы жылдары жадында қалуы бойынша қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Бұл ертегінің көлемі 27 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылған: сөздері әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 25-дәптер “19 ертегі, Кілем сұлудың, Маржан сұлудың, Бұлбұл сұлудың суретші Келсін мырзаға тиюі”.

Ш. 676 (ӘӨИ)

Б.7; П.4; Ж.34
20x16; 34x13

Аталуы. Қазақтың ұзынқұлақ ертегісі.

Жинаушысы. Кенжеғали Есжанов. 1924 жылы бұрынғы Орынбор облысының Адамов ауданы Әйке-Шалқар ауыл советінің ¹ 11

аулындағы Ақшатты өңірінде туған. Ауыз өдебиетін 1959 жылдан жинайды.

Аннотациясы. Өткен заманда Түркістанда бір ұлы хан болған екен. Сол бір заманда еліне жар салып үш жұмбақ айтады, сол үш жұмбақты баяндап тапқан жанға мың алтын беремін деп жариялайды. Күндердің күнінде бір шал келіп ханның үш ауыз жұмбағының мағынасын ашып береді. Хан оған сенбей “саған жәрдем берген адамның атын айт, әйтпесе басыңды алам”, – дейді. Сол кезде шал қысылып он жасар жалғыз қызы жұмбақты шешіп бергенін айтады. Сонда хан қызды әкел деп, қасына әскер қосып жібереді. Қызды көріп хан оған ғашық болады, үйленгісі келеді. Бірақ та бұл мақсатына жете алмайды, өйткені қыз ықтиярын бергенмен, ханға қойған шартын, айтқан сөздерін хан ақылменен шеше алмайды.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қолжазба шақпақ сызықты жұқа дәптерге көк сиямен қазіргі қазақ әрпімен жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі өлеңмен жазылған, текст жолдары парактың екі жағында толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 676. ӘӨИ. Қазақтың ұзынқұлақ ертегісі, қолмен жазылып, жинап, институтке 1967 жылы тапсырған Есжанов Кенжеғали.

Ш. 133 (ОФК)

Б.9; П.9; Ж.25
30x20; 28x16

- Аталуы. 1. قازىقۇرت تاۋى. Қазығұрт тауы (1 б.),
2. الدار كۆسە مەن ەگنشى. Алдар көсе мен егінші (3 б.),
3. نىق بۆرمەسى شىغايىباي مەن شىق بېرمەس. Шық бермес Шығайбай мен Алдаркөсе (4-7 б.),
4. تۈلكى، قویشى، ايوۋ. Түлкі, қойшы, аю (8-9 б.б.).

Жинаушысы. Диваев Ә. دیوايف ا

Аннотациясы. 1. Қазығұрт тауы. Қазығұрт тауының басында Қазығұрт атаның моласы бар, сондықтан оның басына бұлт оралмайды, егер оралса жауын болмай қоймайды екен. Баяғы топан суы қаптағанда Қазықұрттың басына су шықпаған екен дейді. 2. Алдар көсе мен егінші. Алдар көсе бір егіншіні өгіздерің жерге кіріп кетті деп сендіреді. 3. Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе.

Үйінен ешкімге ас бермейтін Шығайбай дейтін сараң бай болады. Алдар көсе сол байдың үйіне келіп айласын асырып асын да ішеді, қызын да алып қашады. 4. Түлкі, қойшы, аю. Бір қойшының түлкінің жәрдемімен аюдан құтылғаны, одан кейін түлкінің өзін алдағаны айтылады.

Мөрі. 1-3-8-беттерінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қоры бөлімінің төрт бұрышты мөрлері бар. 2-8-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Нұсқалардың бәрі бірге түптеліп, жыртылған жерлері желімделіп, ақ қағазбен тысталған. Сыртыңа қолжазбалардың аттары мен жинаушысы жазылып арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 133. 1. “Қазығұрт тауы. 2. Алдар көсе мен егінші. 3. Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе. 4. Түлкі, қойшы, аю ертегілері”.

Библиографиясы. 1. “Қазығұрт тауы”, “Тарту” жинағынан 146-148-бб., 1924; 2. “Шық бермес Шығайбай мен Алдар көсе” “Тарту” жинағынан 47-51-бб.; 1924; “Қазығұрт”, “Қазақ ертегілері”. III том, Алматы, 1964, 366-367-бб; Түлкі, қойшы, аю” “Қазақ ертегілері”. I том, А., 1957. 191-б.

133

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.10
19x14; 18x10

Аталуы. Қаз бен түлкі.

Жинаушысы. Уахатов Әбу. Ол жайындағы мәліметтерді сипаттамадан қараңыз.

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы.

Аннотациясы. Хайуанаттар жайлы бұл ертегіде ақылды қаздың айлакер түлкінің өзін алдап, өлімнен қалай құтылғандығы өңгімеленеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді блокнот типтес дәптерге жасыл көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959-60 жылдар. Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 91-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, жақсы сақталған. Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дөп. 31-33-66.

134

Ш. 155 (ОФК)

Б.8; П.4; Ж.10
21x17; 15x10

Аталуы. **قارا حان** Қарахан.

Жинаушысы. Марғұлан Әлкей (1904-1985). Бұрынғы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында туып өскен. Ғұлама ғалым. Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі.

Аннотациясы. Ертеде Қарахан деген хан бір ойға келіп, мейірімділік танытып, өзінің тағын, бар мал-мүлкін бір қайыршыға беріп, өзі қатын, баласымен қаңғып кетеді. Қатын, баласынан айрылады. Қарахан көптеген қиыншылықтар көріп, ақырында қолы қайтадан хандыққа жетіп, қатын, баласымен қайта табысады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның бірінші бетінде Қазақ ССР ҒА-ның Орталық ғылыми кітапханасының сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сорғыш қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1930 жылдар, Алматы қаласы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 155. ОФК. Ертегілер. 1-дөп. 1-4-66.

135

Ш. 336 (ОФК)

Б.11; П.8; Ж.23
20x16; 16x10

Аталуы. **قارا توقتى مەن كەمپىردىڭ سەرتى** Қара тоқты мен Кемпірдің серті немесе Қара тоқтылы кемпірдің ұлы (14-б.).

Жинаушысы. **قارا توقتى مەن كەمپىردىڭ سەرتى**

Намазбек Еспенбетов. 1899 жылы туған. 30 жыл теміржолда еңбек еткен, 64 жасында қолы сынғаны туралы өлеңі бар.

Аннотациясы. Бұрынғы заманда бір ханның қызы сертімді орындаған жігітке тием деп жар салады. Қақаған аязда соғып тұрған қызыл желге қарсы қарап, бір тізесімен күн батқаннан күн шыққанша жалаңаш тұрып шыдаған адамға ғана ерге шығамын деп серт етеді. Ешкім бұл сынға төзе алмайды. Бір жесір кемпірдің ұлы бар еді. Олардың жалғыз ұрғашы тоқтысы бар екен. Сол тоқтыны дәрілі щөппен жемдеп, сойып, баласына сорпа ғып береді де, хан қызының сынына апарады. Жігіт сынға шыдап ханның қызын алады.

Қолжазбада “Бабеке” 8 бет, “Үш жігіт” атты ертегілер кездеседі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ жолды қағазға көк сиялы қаламмен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен жазылған ертегі қағаздың екі бетіне екі жағынан да ақ жиек тастап жазылған.

Қалпына келтірілуі. Бірнеше қолжазба бірігіп тігілген.

Ақауы. Дәптер қайта беттелмеген.

Папкасы. № 336. “Ауыз әдебиеті үлгілері” (революцияға дейінгі фольклор) 2-дәп., 1960 ж. түскен.

136

Ш. 1176 (ОФК)

Б.4; П.8; Ж.32
33x20; 30x19

Аталуы.

Қара батыр ертегісі

Қара батыр ертегісі.

Жинаушысы.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев

Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Аннотациясы. Орал тауын мекендеген елдің ханы Баяндарханның жалғыз ұлы Қара батырды түрікпен жортуылшылары алып кетеді. Қозы бақтырып, қой жайғызып қорлайды. Еліне деген мұңзарын алдымен қарғаға, сауысқанға, тырнаға, қазға айтады, бәрі де қайрылмай кете барады, онан соң аққуға шағады, ол да қайрыла-қайрыла ұшып кетеді. Ең соңында қарлығаш кетеді, ол тындап ұғып алады, баланың мойнындағы тұмарын ала келеді. Қара батыр бармағының қанымен түрікпен таңбасын салады. Қарлығаш осы сәлемді баланың ата-анасына жеткізеді. Хан қол жиып, түрікпенге аттанады. Сол кезде Қошқарбай батыр иесіз қалған елді шауып, қарындасын алып кетеді. “Шығын болмай кіріс жоқ” дегендей, Қара батыр аман-есен еліне келеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Іс қағазына көк сиялы қауырсын қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз бен жыр аралас текст, беттің екі жағына толық толтырыла жазылған.

Қалпына келтірілуі. Осы үлкен топтама, басқа дәптерлермен бірге папкада сақтаулы.

Ақдауы. Ертегінің аяғы бітпей қалған.

Папкасы. № 1176. “Мәшһүр Жүсіп Көпеев жинаған қазақтың ауыз әдебиеті, тарихи аңыздар, шежірелер жинағы. ¹ 3”.

137

Ш. 37 (ОҒК)

Б.13-26; Ж.24
22x14; 20x12

Аталуы.

قارا مولدا

Қара молда.

Тапсырушысы. قابزاكر بايتاس ولى Қабзақір Байтасұлы.

Аннотациясы. Кемпір мен шалдың баласын емдеп аман туғызған Қарамолда “алты жасқа келгенде өзіме оқуға өкел”, – дейді. Баланы қолына алған соң, шалға: “Шақырмай келуші болма!” дейді. Шалдың баласына қызыққан Қарамолда өзінің қыздарымен бірге сикыр үйретеді. Бала ата-анасына құс болып жетеді. Молда қуады. Бала Шабәк болып қашса, шортан болып жетеді. Жүзік болып хан қызының қолына киілгенде жігіт болып сұрайды. Тары болып шашылса, тауық болып тереді. Молда тышқан болған кезде бала мысық болып мойнын жұлып алады, сөйтіп, молданың екі қызын бірдей алады.

Қолтаңбасы. Байтас ұлыныңкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қолдан жасалған дәптер қағазына қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Мөрі. Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі мен ОҒК-ның сопақша мөрі басылған. Соңғы бетінде: “Түзеттім. Басулуға жарайды. Тәуір ертегінің бірі”. 27.07.36 ж. - деген Б.Шалабаевтың бұрыштамасы бар.

Текстің орналастырылуы. Қағаздың екі бетіне де қара сөзбен анық жазылған.

Қалпына келтірілуі. Нөмірленіп, папкаға салынған.

Папкасы. № 37. “Қара молда” ертегісі.

Ш. 124 (ОФК)

Б.4; П.4; Ж.31
20x16,5; 18x13**Аталуы.** Қарынбай.**Жинаушысы.** Құрманғалиев Хамза. Қарағанды институтының тіл-өдебиет факультетінің студенті.**Экспедициясы.** 1959 жылғы Қарағанды экспедициясы.**Аннотациясы.** Қарынбай деген кедейдің алғыр қаршығасы құсты құтқармайды. Аңқұмар хан осы қаршығаны қалап өкетеді. Қарынбай да ханнан қалауын алмақ болып жолға шығады. Хан қойшысы бірде ханның сандығы барын, қазаны барын, олардың қасиетін айтады. Қалауын алған Қарынбай бұлардан жолда айрылып қалады. Соңында ханның ұр шоқпарын алып, сол арқылы жоғалған қазаны мен сандығын тауып мұратына жетіпті.

Қолжазда “Зар жылатқан Зарлыбай” (5-бет) атты ертегі бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қисық жолды дәптерге көк сиялы қаламмен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Белгісіз.**Қалпына келтірілуі.** Машинкаға басылып, ақ қағазбен түптеліп, папкаға салынған.**Папкасы.** № 124. 3 дөп. “Ертегілер”.

Ш. 167 (ОФК)

Б.36; П.18; Ж.

Аталуы. *Qarttyñ kenge ulь*

Қарттың кенже ұлы.

Жинаушысы. *Bjǵanov Nurǵalj*

Биқанов Нұрғали.

Аннотациясы. Ертеде бір кедейдің үш баласы болады. Мал дегенде жалғыз ешкісі болады. Мұқтаждықтан қиналған соң, балалары кәсіп іздеп кетеді. Алдымен кеткен екі ұлы жауыз байға кездесіп, соның қолынан қаза табады. Қарттың кенже ұлы да ағаларының соңынан кәсіп іздеп шығып, ол да осы жауыз байдың қызметіне тұрады. Бірақ ол өз ақылдылығымен байдан ағаларының өшін алады. Байдың малын иемденеді, сөйтіп мақсат-мұратына жетеді.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Мөрі.** Қолжазбаның бірінші бетінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жол оқушы дәптеріне көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 167. Ертегілер. 1-дәптер, 1-18-бб.

140

Ш. 125 (ӘӨИ)

Б.3; П.6; Ж.19
20x17; 16x13

Аталуы. Қарала.

Жинаушысы. Тастанбеков Ғ.

Аннотациясы. Ертеде Жаңылмас деген кедей жігіт мал бағып жүріп іннің түбінен түлкінің күшігін тауып алады. Ауылына алып келіп иттер тиіспес үшін сыртын мысық терісімен қаптап қояды. Түлкі өскеннен кейін Жаңылмастың еңбегін ақтап сараң байлардың тамақтарын, ұсақ малдарын ұрлап Жаңылмасқа күн көруге көмектеседі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл, бұрынғы Шымкент облысы, Темір станциясы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 125. ӘӨИ. Ертегілер. 4-дәптер.

141

Ш. 168 (ОҒК)

Б.6; П.3; Ж.19
20x17; 16x13

Аталуы. *Qanattъ qara qasqa at*
Жинаушысы. *Qcјrocov Goldъbaj*

Қанатты қара қасқа ат.
Қайрошев Жолдыбай.

Аннотациясы. Ертеде бір кедей шал болады. Оның ержеткен үш ұлы болады. Шал дүние салғаннан кейін, үш ұлы үш жаққа кәсіп іздеп шығады. Ең үлкен ұлы қасиетті қара қасқа аттың арқасында үлкен бақ, мұратқа жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның бірінші бетінде ҚазССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Тор көзді оқушы дәптеріне көк сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 168. ОҒК. Ертегілер. 1-дәптер. 1-5- бб.

142

Ш. № 84 (ОҒК)

Б.2; П.2; Ж.42
30x21; 28x18

Аталуы. قاتباق شال Қанбақ шал (1-б.).

Жинаушысы. Уәлитов Жүсіпбек (Жуа).

Аннотациясы. Қанбақ шалдың батырды алдағаны жайлы.

Қолтаңбасы. Жинаушының қолы.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ескіріп тозған, бір парақ іс қағазына қара сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1932 жылы жазылған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Нұсқа ақ қағазбен тысталып, түбі желімделген.

Папкасы. № 84. 1. “Көңіліңе астамшылық ойлама”, 2. “Сабыр, шыдамшылық, ақырын тосу”, 3. “Қанбақ шал” ертегілері.

Библиографиясы. “Қазақ ертегілері”. Алматы. 1957, I том. 316 б.

Ш. 17 (ОФК)

Б.1-4; Ж.20
30x20,5; 28x19**Аталуы.** قانباق شال Қанбақ шал.**Жинаушысы.** Ескендірұлы.

Аннотациясы. Дәрменсіз Қанбақ шал балықшы екен. Оны соққан жел де дедектетіп өкетеді екен. Ол бір сұм түлкіден азар көреді. Бір күні шал тау қопарған дәуге кездеседі. Құлығын асырып, онымен дос болады. Күш сынасқанда дәу жерді бір теуіп қақ айырады. Қанбақ шал “миын” шығарады. Дәу досын аса қайратты адам деп сыйлайды. Құлықпен қонаққа келген дәулердің зәресін алады. Сұм түлкіні дәу өлтіреді. Қанбақ шал айламен мұратына жетеді.

Бұл папкада араб әрпінде жазылған “Алдар көсе” (2 бет), “Ханның қазынасы” 4 бет атты ертегілер бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағаздың бір бетіне көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.**Қолтаңбасы.** Белгісіз.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде ОФК-ның сопақша мөрі бар. Б.Шалабаевтың “ертек жарамды” деп берген бағасы жүр.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен қағаздың бір жағына жиі етіп жазылған.

Қалпына келтірілуі. Түптеліп, ақ қағазбен тысталған.

Ақауы. Текст үстінен көп түзетілген. Күлгін сиямен де, сонынан қызыл сиялы қаламмен де жөнделген.

Папкасы. № 17. Үш ертегінің аты жазылған.

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б.6; П.3; Ж.39
20x17; 19x15**Аталуы.** Қасқырдың жасаған қамқорлығы.**Жинаушысы.** Шұғаев Ісләм.

Аннотациясы. Ерте заманда бір шағын шаруаның есімдері бір-біріне ұқсас Қапты, Бапты, Сақты атты үш ұлы болыпты. Шаруаның алма бағындағы алмаларын бір алтын құс күнде шұқып жеп кетеді екен. Шаруаның үш ұлы күнде кезекпен бақты күзетіп жүреді.

Шаруаның кіші ұлы Сақты бір күні құсты ұстап алады, бірақ ол жұлқынып босанып кетеді. Сақтының қолында құстың бір қанаты ғана қалады. Әкесі үш баласын тауып әкелуге жұмсайды. Сақтыға жолында бір қасқыр кездесіп, баланың астындағы атын жейді. Жаяу қалған балаға қасқырдың жаны ашып, құсты өзі тауып беруге себепкер болады. Қасқыр құспен бірге Сақтыға жақсы ат, сұлу қыз да алып береді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл, Алматы қаласы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қалың ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. № 123. ӘӨИ. Ертегілер. 2-дөп.

145

Ш. 40 (ОҒК)

Б.1-16; Ж.18
30x23; 29x20

Аталуы. Қасқыр мен жігіт.

Жинаушысы. Тұрсынбаев Бөдел.

قاسقير مەن جىگىت
تۇرسىنبايەۋ ب

Аннотациясы. Байдың жылқышылары бір қасқырды қуады, алдымен жеткен жігітке қасқыр: “Қарындасымды берем, ұрма!” – деп уәде береді. Бала қасқырды іздеп табады. Қаншық қасқырға үйленеді. Келіншегі кебінін шешсе сұлу қызға айналады. Жігіт келіншегін еліне қасқыр түрінде әкеледі. Көптің табасына шыдамай, 40 күнге толмай тұрып, кебін киімді жағып жібереді. Оған ғашық болып қалған сол елдің ханы жігітті мыстан кемпірдің айланымен барса келмеске жұмсайды. Бала балық патшасының көмегімен жоғалған алтынды табады. Өшіккен хан қысырағымның үйірін тауып бер, Көкайғырды тауып кел деп тағы жұмсайды. Жігіт келіншегінің ақылымен, хан тапсырмасын орындап, оның қаһарынан аман қалады. Хан қызын да, тағын да жігітке береді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы. “...Өте әдемі ертегі. Рақым, 17 декабрь”, “Түзетілді, жарайды. Ес. 36 жыл 5 июль” – деген жазулар бар.

Текстің орналастырылуы. Парақтың бір жағына қара сөзбен сиректете жазылған.

Қалпына келтірілуі. Түптеліп, папкаға қоса тігілген.
Папкасы. № 40. “Қасқыр мен жігіт” ертегісі.

146

Ш. 13 (ӘӨИ)

Б.5; П.5; Ж.30
34x18; 32x16

Аталуы. **қали мен қазы ертегісі** Қали мен Қазы ертегісі.

Жинаушысы. **сістке ндрұлы м** Искендірұлы М.

Аннотациясы. Жастайынан сиқыр оқыған ағайынды екі жігіт Қали мен Қазы бірі балық болып, бірі құс болып, өз елінен алысқа кетеді. Қали бөтен бір қаладағы кемпірге көмектесіп, нан сатып жүреді. Ханның қызына ғашық болады. Оны үйіне сиқырлап алдырады. Ұстауға әрекет еткенімен ұстатпайды. Хан тіккен жамбыны, мергенді Қали атып түсіріп, қызды алады. Көрші елде қол бастап, жауын жеңіп жүрген Қазиды сиқырмен жеңіп, өлтіреді. Інісі екенін білген соң тірілтемін деп әуреленеді. Дәрісі мен өнері жетсе де қайта тірілу мүмкіндігі жоқ екенін мойындайды.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағаздың бір бетіне көк сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Мөрі. Соңғы бетінің сыртында ҚазССР ҒА-ның ОҒК-сының сопақша мөрі бар.

Қосымша жазуы. Қолжазбаның 1-бетінде: “Басуға болмайды. Әзір тек материал есебінде пайдалануға болады”, “Жарайды. Халық пантазиясының күштілігіне дәлел”, – деген жазулар бар.

Текстің орналастырылуы. Қағаздың бір бетіне қара сөзбен толық жазылып отырған.

Қалпына келтірілуі. Түбі түптеліп, папкаға салынған.

Ақауы. Қолжазба үстінен қызыл сиямен түзетілген.

Папкасы. № 13. “Қали-Қазы ертегісі”.

Библиографиясы. Қазақ ертегілері. Құрастырған Е.Ысмайлов. Алматы, 1957. Қазақ ертегілері. ҚМКӘБ. Алматы, 1959.

147

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.3; П.2; Ж.25
19x14; 18x10

Аталуы. Қожанасырдың өліп тірілуі.

Жинаушысы. Уахитов Әбу.

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы. Жетекшісі — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері Б.Уахатов.

Аннотациясы. Ел арасында кең тараған бұл ертегіде аңқау Қожанасырдың басынан өткен хикаялары баян етіледі.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Тор көзді блокнот типтес дәптерге жасыл көк сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959-60 жылдар, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 91-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен, жақсы сақталған.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәп. 55-57-бб.

148

Ш. 241 (ОФК)

Б.1;
20x16; 18x14

Аталуы. Қожанасыр әңгімелерінен.

Жинаушысы. Қалитов Шұғай.

Аннотациясы. Әйелін хан алып, оны бас уәзір ететінін түсінде көріп, Қожанасырдың ұйықтап жатқан әйелін оятқаны сөз болады.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ дәптерге қара көк сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген, ақтысты папкада сақталған.

Папкасы. № 241. Ауыз әдебиеті үлгілері.

149

Ш. 241 (ОФК)

Б.4; П.4;
29x19,5; 26x17

Аталуы. Қожанасыр әңгімелерінен.

Жинаушысы. Бұғыбаев Жолдасбек.

Аннотациясы. Қожанасыр туралы ұсақ-ұсақ, бір беттен жарты беттен 10 әңгіме бар. Олардың бірінде: есек суару жөнінде Қожанасырдың не айтқаны сөз болса, енді бірінде Қожанасырдың арызы жайында екі сөзді туралы не айтқаны сөз болады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген, ақ тысты папкада сақталған.

Папкасы. № 241. Ауыз әдебиеті үлгілері.

150

Ш. 192 (ОФК)

Б.3; П.2; Ж.25
19x14; 18x10

Аталуы. *Qonbraulъ Ican*

Қоңыраулы ишан.

Жинаушысы. *Bergenov O*

Бергенов Оразбай.

Аннотациясы. Ертеде бір өте жомарт бай адам болады. Ол бай қайыр сұрап келген адамдарға бес ділдадан беріп тұрады екен. Сол елдегі бір жігіт бір күнде бірнеше рет бес ділдадан ала беріп, әбден байиды. Сөйтіп алтыны көбейген соң, Жомарт байдың үйіндей жүз терезелі сарай салғызады. Мұны көрген бай жігітті шақырып алып байлығының сырын сұрайды. Сонда жігіт байдың сұрағына қарсы бірнеше мәнді сұрақтар қояды. Бай осы сұрақтардың шешуін іздеп ұзақ сапарға шығады. Көп жыл жол жүріп, көптеген қиыншылықтарды басынан өткеріп, ақырында сұрақтардың шешуін табады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Мері. Қолжазбаның 1-бетінде ҚазССР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының сопақша мері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш қағазға көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939-40 жылдар.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 192. ОФК. Ертегілер. 1-дөп. 1-16-66.

Ш. 140 (ОФК)

Б.3; П.3;
22x17; 21x16**Аталуы.** Қотыр торғай.**Жинаушысы.** Диваев Ә.

Аннотациясы. Қотыр торғай бір түп тобылғының басына қонып ұша бергенде тобылғы қотырын жұлып кетеді. Тобылғыдан өш алмақ болып ұшқан бойында ешкілерге келіп, “басында балаусасы бар тобылғыны же десе, ешкілер бармайды, қасқырларға келіп жайылып жүрген ешкілерді же” десе, ту биенің етін жеп жатқан қасқырлар тіл алмайды.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш тартқан ақ қағазға кара қарындашпен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Папкасы.** № 140. 3-дәп. Диваев материалдары.

Ш. 140 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.27
28x21; 25x20,5**Аталуы.** Құйыршық.**Жинаушысы.** Диваев Ә.

Аннотациясы. Бір күні шал ұстамақ болып жүріп ешкісінің құйрығын жұлып алады. Құйыршықты шөппен бірге түйе жеп қояды. Сойып алғаннан кейін сол түйенің бүйені жұртта қалады. Құйыршық жұртта жатқан бүйенді жеген қасқырдың ішіне түсіп кетеді. Қасқыр қойға жақындаса болғаны: “Қойшы, қойшы, қойыңа қасқыр шапты”, – деп айғайлайтын болады (Осы папканың ішінде Құйыршықтың тағы бір нұсқасы бар).

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғыш тартқан бір сызықты ақ қағазға кара қарындашпен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген сұрғылт түсті жұқа папкада сақталған.

Папкасы. № 140. 4-дәп. Диваев материалдары.

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б.9; П.5; Ж.18
19x14; 18x10**Аталуы.** Құйыршық.**Жинаушысы.** Уахитов Әбу. Ол туралы сипаттамадан қараңыз.**Экспедициясы.** 1959 жылғы Павлодар экспедициясы.**Аннотациясы.** Ел аузында кең тараған бұл ертегіде бір кемпір мен шалдың Құйыршық атты баласының басынан өткен күлкілі оқиғалар баяндалады.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді блокнот типтес дәптерге жасыл көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1959-60 жылдар, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 91-үй.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Текстің орналастырылуы.** Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жөндеуден өткен.**Папкасы.** № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәп. 23-30, 58-66.

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б.27; Ж.35
20x17; 16x14**Аталуы.** Құйым батыр.**Жинаушысы.** Жаппаров Әбіш. Бұрынғы Талдықорған облысынан.**Аннотациясы.** Мысыр шаһарында Алған деген байдың Берген, Мерген, Құйым атты үш ұлы болады. Алған бай әбден қартайған соң бар байлығын балаларына бөліп бермек болады, бірақ балалары байлықтан бас тартады. Балаларынан еш рахмет естімеген бай бар байлықтан жүрдай қылуды көктен сұрайды. Бір ақсақал адамның ақылымен бар малдан айырылып, кемпірі екеуі қаңғырып кетеді. Үш бала өз күндерін өздері көру үшін үш жаққа кетеді. Оқиға ары қарай байдың кіші баласы Құйымның басынан кешкендері жайында болады.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Тор көзді дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл, Талдықорған облысы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түптелген.
Папкасы. № 123. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәптер.

155

Ш. 241 (ОФК)

Б.2; П.2; Ж.27
28x21; 25x20

Аталуы. Құйрығы айыр, жалы тік еді содан білдім.

Айтушысы. Ш.Қалитов.

Аннотациясы. Қожанасырдың қармағына бір балық ілінеді, балықты алғалы жатқанда алтын сақинасы суға түсіп кетеді. Сақинамды әкел деп балықты қоя береді, балық келмей қояды, Қожанасыр осы балықты басқа біреудің ұстап алғанын білетін болады.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ дәптерге көк сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген ақ тысты папкада сақталған.

Папкасы. № 241. Ауыз әдебиет үлгілері.

156

Ш. 334 (ОФК)

Б.3; П.3; Ж.30
29x20,5; 26x17

Аталуы. Құди, кедей, құди.

Жинаушысы. Қалжан Тұңғышбаев. 1929-33 жылдары ҚазПИ-де оқыған. Қарағанды Пединститутында доцент болып істеген.

Аннотациясы. Баяғыда бір кедей аңқұмар, құсбегі болыпты. Ол жанындай жаратып бір ат мініпті. Ұрылар қолға түсіре алмай көз тігеді екен. Бес ұры бір ретте ұрып жығып атын олжалап кетіпті. Сонда “Құди, кедей, құди” дей берген екен. Осы жағдайды елдеріңе айта келген ұрылардан балаларға жайылып, белгілі ойын сөзі болып кетіпті. Атын іздеген жігіт ел кезіп жүріп алдымен осы сөзге кездесіп, сол арқылы ауыл ақсақалы Отарбайдың алдында ұрыларын тауып, есе теңдігін алыпты.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Бұрынғы Қарағанды облысы.

Ақауы. Ертегінің негізгі қолжазбасы жоқ.

Папкасы. № 334. 8-дөп. “Ел аузынан жинаған түрлі тақырыптағы ауыз өдебиеттері”.

157

Ш. 299 (ОҒК)

Б.10-20; Ж.30
21x14,5; 19x13

Аталуы. Құламерген. *قولا مهرگهن*

Жинаушысы. *بايعوتته نوؤ كوسه مبهك* Байғутенов
Көсембек.

Аннотациясы. Құламергеннің әйелі Қарақас сұлу көрікті адам болады. Әйелімді ешкімге көрсетпеймін деп бір аралды мекендейді. Екі жасар баласы мен әйелін аң етімен асырайды. Суға ағып кеткен Қарақастың бір тал шашына кездескен хан баласы ғашық болады. Мыстан кемпір сұлуды алып бермек болып таныстырады. Әйел жігітке көніп, Құла мергенді өлтірмек болады. Қолын қанжығасымен байлап, терекке таңып кетеді. Әйелді алады. Баласы әкесін көріп көмектеседі, шешесінен қылыштың қынын сұрап әкеледі. Байлаудан құтылған мерген жауынан кек алады. Азғын әйел мен кемпірді жазалайды. Баласымен екеуі мұратына жетеді.

Бұл папкада “Ізбасты” 5 бет, “Назым атты хан” 11 бет. Бұл ертегіде Күлмес уәзірдің жайы сөз болады. Қатын мен Қарақұлдың кінәсі, жазаланғаны айтылады. Әкесі берген балдақ қолына дәл келген қызды алған хан, қыздың ақылдылығы және жарғақ дорба қасиеті сөз болады. Кедей бақташының қызы ханға лайық ақылды дана әйел болады. “Жаман әйел айтатын білсең жайын” 3-б. ертегіні қағазға түсірген Тумабай Қарашаұлы.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге көк сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1947 жыл.

Мөрі. 20-бетте ОҒК-ның сопақша мөрі бар. Қасында: “299, 1947 ж. деген жазуы бар”.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен жазылған текст қағаздың екі бетіне де жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Ақауы. 4 жол жыртылып қалған.

Папкасы. № 299. “Ертегілері”. 2-дөп.

158

Ш. 58 (ОФК)

Б.20; П.10; Ж.14
19x15; 16x12

Аталуы. *قۇماي كوكشولاقتاڭ انگمەسى* Құмай Көкшолақтың өңгімесі.

Жинаушысы. *ماغزۇم ۇلى ايتمۇقامبەت* Мағзұмұлы Айтмұқамбет.

Тапсырушысы. Ахметов Мағзұм Ғайыпұлы (1885-1960), бұрынғы Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Қызыл-Шілік ауылында туған. Белгілі қазақ ақыны, әрі білгір жинаушы Мәшһүр Жүсіптің шәкірті, халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға сіңірген еңбегі мол. Жинаған материалдары институтқа 1955-58 жж. түскен.

Аннотациясы. Ертеде Айдаболар деген батыр болған екен. Бір заманда ел көшіп келе жатқанда құмырсқаның илеуінен көзін ашпаған көк шолақ күшік тауып алады. Сол күшік құмай болады, аңның бәрін алады. Бір күні батырдың баласы қасқырға қосып, бір ұя қасқырдың бәрін алып ішіндегі бір сырттанымен жеңісе алмай қарсы қарасып жатып алады. Бала ит жағынан келіп айғай салғанда сырттан иттің мойнын жұлып алады. Бала әкесінен қорқып қашып кетіп, әкесі зорға тауып алады.

Қолтаңбасы. Тапсырушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз сары қағазға қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1948 жыл, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі әр бетке екі қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолтаңбаның тысы жұқа ақ қағазбен желімделіп, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 58. ОФК. Ауыз әдебиеті үлгілері.1-дөп. 1-9-бб.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.75; П.36; Ж.30
17x21; 15x19Аталуы. Құл патша. **قَوْل پاتشا**

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы - (72 бет).

Аннотациясы. Шам шаһарының патшасы Мансұр Нақат басқа шаһардың патшасына барлық уәзір, нөкерлерімен той-тамашаға кеткенінде оның жалғыз қызы Атлас өз патшасының ең жақын досы әрі сенімді уәзірлерінің жалғыз ұлы Мәлікке ғашық болады. Мәлік “Сенің өкең менің өкемнің патшасы, әрі досы. Біздің дәм-тұзымыз араласқанымен дәм-дастарқанды аттап саған қиянат жасай алмаймын”, – деп қосылудан бас тартады. Қыз өзінің талабының орындалмағанына намыстанып уәзірдің жалғыз ұлы Мәлікті өлтіреді. Іздеу салу арқылы бұл оқиға нақтыланады. Патша Мансұр Нақат қызының бұл қылығы үшін өзінің ат қорасында ат бағушы әрі таз, әрі саңырау қара құлға қосып, жер аударып жібереді. Атлас қыз кетерінде қол сөмкесін тіллаға толтырып алып таз құлды жетектеп сапар шегеді. Күндердің күнінде бір жерден кісі бойы құдық қазып, күйеуі таз құлды осы құдыққа түсіріп иығынан көміп тастайды. Басының ірің тазын пышақ, өткір темірмен тырнап, қырып өзінің неше түрлі жұпар, бет майларын жағып жүріп оның ірің тазын жазады. Сүт-суға салып неше түрлі сабынмен жуып жүріп, барлық кір-қотырын кетіріп бір келбетті, сұлу сылқым жігіт етіп алады, базардан бір дүлдүлді алып мінгізіп, киіндіріп бір сылқылдақ мырзаға айналдырады. Күндердің күнінде көп ақыл-айла тауып, патша өкесін, анасын барлық уәзір, нөкерлерімен қонаққа шақырып оларды таң қалдырады (Таз құл күйеуінің өте көрікті асқан сұлу әрі шешен, әрі білгір жігіт болып шыққанына) бұған риза болған Шам шаһарының Мансұр Нақат патшасы өз тағын күйеу баласы Саламатқа береді. Саламат патша болып тұрғанында әйелі Атлас бір ұл табады. Атын Шарапат қояды. Шарапат 17 жасқа дейін мылқау болғандықтан намыстанып оны бір зынданда бағады. Зынданда жатқан жерінде қатарлас зынданда жатқан бай көпес қыздары - Мергел, Зергел деген апалы-сінділі қыздар тұзақ салып зынданнан шығарып Шарапатқа қосылады. Саламат патша келіп баласының бұл дәрежеге жеткендігін риза болып үлкен той-думан өткізеді. Шарапат үлкен әйелі Мергелден бір ұл көреді. Оның атын Зындан қояды. Зындан өте дәу, кесек, балуан төрізді болып өседі. Өкесі оны неше түрлі дене шынықтырумен тәрбиелеп, өсіру үшін Мансұр

атты жаттықтырушы алып, соның қолына береді. Күндердің күнінде жаттықтырушы Мансұр Оман шаһарында ешқандай жігітті жаратпай өзіне бір жарамды жар іздеп отырған өзі патша, өзі хан, өзі би Мариям атты сұлудың барлығын хикаялап береді. Зындан ер қаруы 12 қарумен қаруланып Мариям аруды іздеп сапарға шығады. Алуан түрлі ақыл-айла жасап жүріп Мариям сұлуды әйелдікке алып үлкен әкесі Саламат патшаның алдына апарып, үлкен той-думан жасап мұратына жетеді

Қолжазбаның көлемі, жазуы, сиясы. Бұл ертегінің көлемі 29 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған. Бұрын баспа бетінде жарияланбаған мазмұны, ертегілік құрылысы, көркемдігі жақсы.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул қаласында басылып шыққан (араб әрпінде) “Бақиғани сани” деген кітаптан 1914 жылы оқып жаттап, 1916 жылы Троицк қаласындағы қазақ мектебін бітіріп шыққаннан кейін, қазақ тіліне аударып қағазға түсірген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты сары қағазбен қапталып, қайта түптеліп тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 6-дәптер. “Құл патша ертегісі”.

160

Ш.298 (ОФК)

Б.14, П.7, Ж.30
30x21; 28x18

Аталуы. “Қызыл гүл” ертегісі (1 б.).

Жинаушысы. Белгісіз.

Айтушысы. Күзимов.

Аннотациясы. Бір байдың баласы әкесінің дәулетінің арқасында өнер үйреніп асқан шебер болады. Патшаға сәнді сыйлық алады. Өзіне де әсем сарай алып алады. Үйленбек болып өз елінен ешбір қызды жаратпаған жігіт қыз іздеп басқа жаққа кетеді. Бір таудың ішіндегі лашыққа кезігіп, ішіне кірсе кемпір мен шал тағы бір қыз отырады. Жігіт қызды көргеннен-ақ ұнатып оған үйленеді. Әкешесімен бірге көшіріп әкеліп үлкен той жасап, өз сарайында сауық-сайран құрып жата береді. Бір күні әйелі “бұлай жата бер-

мей кәсіп істе, дүниенің таусылса абыройың да жоғалады”, — деп ақыл айтады.

Жігіт әйелінің айтқанын істеп, байлығына сеніп жатып алмай, өз өнерін кәсіп қылып бақытты тұрмыс кешіріпті.

Мөрі. 1 және 14-беттерінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғайып тозған ескі қағаз парақтарына көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Жазылған жылы, жері белгісіз. 1947 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп түптеліп, жұқа ақ қағазбен тысталған. Басқа қолжазбалармен бірге арнайы папканың ішіне салынған.

Папкасы. № 298. “Ертегі мен аңыз әңгімелер”. 3-дәптер.

161

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б. 72; П.36; Ж.30

17 x 21 15 x 19

قىپشادا سۆلۈڧۈڧ سىرىن اشۇ

Аталуы. Қыпша сұлудың сырын ашу (41 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (65 бет)

Аннотациясы. Ағзам шаһарында Қасым Жомарт атты патша, Мамбет Набит атты бас уәзір болады. Бас уәзірдің жалғыз ұлы Абзал өсіп, ер жетіп, қасына жиһанкез Сағдар сақ дегенді керуен басы етіп: Мысыр шаһарына 250 түйе сауда бұйымдарын алып сапар шегеді. Әкесінің “Өз патшалығымызда жоқ дүние мүлік алыңдар” деген тапсырмасы бойынша барлық дүние мүліктерін беріп, күміс, алтын жасатқан әшекейлі-өрнекті бір кемер белбеу, неше түрлі ою кестелер тақиялар алып, қайта өз шаһарына қайтады. Бұл бұйымдарды Ағзам патшаға тарту етіп, патшаны, уәзір әкесін таң қалдырып, ризашылығын алады. Патша уәзірлер қыруар мол керуенмен бұларды, тағы шаһарда жоқ заттарды әкелуге бұйырады. Керуен басы Сағдар сақ пен уәзірдің баласы Абзал ұзақ жол жүріп, Мысыр шаһарындағы бұрынғы өздеріне кезіккен ақылгөй жалғыз шалға келіп, ақыл сұрайды. Шал “осы шаһарда өте өрнекті, асқан суретші, әрі сұлу, әрі ақылды Қыпша атты бір қыздың барлығын айтады.

Бұлар 250 түйе алтын, қазына мүліктерін беріп, осы Қыпша сұлуды алады. Патша және уәзір, әкесі бұған өте риза болып отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізіп, қызыққа батады.

Күндердің күнінде Қыпша сұлу ата-енесінен сұранып өз ел-жұртына оралады. Оларды риза етіп той-думан қызыққа батып, жасырын сақтап жүрген, өзінің сызған он сегіз мың ғаламның суретін тауып алып, қайта Ағзам шаһарына қайтады.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 20 бет. Дөптер қағазына көгілдір сиямен ескі араб өрпінде жазылған.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы ертегіні бұрын арабша жазуда Стамбул шаһарында шыққан “Қырық сұлу” атты кітабынан (ақзы Сақи Фазул) оқып, жаттап, оны 1916 жылы қазақшалап қағазға түсірген. Бұрын баспада жарияланбаған.

Текстің орналасуы. Ертегі қара сөзбен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 7-дөптер “Қыпша сұлудың сырын ашу”.

162

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б. 20; П. 10; Ж. 30
18 x 20; 16 x 18

قىرىق سۇلۇ ھىكاياسىنىڭ باستالۇى

Аталуы. Қырық сұлу хикаясының басталуы (1 бет)

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (20 бет).

Аннотациясы. Ағзам шаһарының Қасым Жомартқа дейінгі патшасы Әуез Ханның бір күні ойға шомып отырып, әкесінің “Балам өз өмірінде екі атақтың – я жақсы – я жаман атақтың біріне ие бол” деген өсиетін есіне алып, атағын немен шығаруды ойлайды. Өзіне қарасты уәзір, әкімдерін жинап, әлемге өз даңқын қырық сұлу алу арқылы шығармақ болады. Әр уәзірге бір сұлу табуға өмір етті. Қырық сұлудың уәзір болуы, патшаның қайта ынсапқа келіп 39 сұлуды басқалардың алуына рұқсат етуі, өзінің қырық сұлудан Дүрия сұлуды тандап алуы, Дүрия сұлудың көркі мен ақылы, Дүрия сұлуға жасаған той, төңіректен келген патшалар, оларға берілген керемет сыйлықтар – той салтанаты, сый-сияпаттар баян етіледі. Сондай-ақ атақты “Қырық сұлу” хикаясының шығу себебі осы ертектен бас-

талғандығы айтылады. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы ертегіні Стамбул баспасынан шыққан – “Қырық сұлу” хикаясын 1914 жылы оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 19 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазға көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналасуы. Ертегі қара сөзбен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 25-дәптер, “17 ертегі қырық сұлу хикаясы осыдан басталып қалған еді”.

163

Ш. 121 (ОФК)

Б. 10; П. 5; Ж. 19
17 x 21; 15,5 x 17

Аталуы. Қырық құлақ. *Qyryq qulaq*

Жинаушысы. Жүнісов Мақұлбек. Бұрынғы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Тамды ауылсоветіне қарасты “Жалтөбе” колхозынан. Қолжазба қағаз бетіне түскен 1940 жылы ол осы ауданның Ақкөл елді мекенінде тұрған.

Аннотациясы. “Қырық құлақ” – қазақ ертегілерінің 1964 жылы шыққан 3-томына енген “Құйыршық” атты ертегінің (146-148-бб.) бір нұсқасы.

Фольклортанушы А.Васильевтің Орынбор қаласында басылып шыққан “Образцы киргизской народной словесности” атты кітабынан 1898 жылғы бірінші басылымында жарияланған ертегі үлгісі құрастырылып отырған нұсқамен аттас, яки ол да “Қырық құлақ” деп аталады. Сол сияқты бұл ертегінің сирек қорда т.б. бірнеше нұсқалары кездеседі. Мысалы, 1939 жылы келіп түскен Әбілқайыр Ергалиев нұсқасы.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы.

1. “Бареке, жоқ болса алынсын”.

(1-б., көк сиямен латын әрпінде жаз.)

2. “Редакцияға Мен бұл “Қырық құлақ” деген ертегіні бір ескіліктің қартының аузынан айтуы бойынша теріп алдым. Артығы болса алып, кемі болса қосарсыздар (Тағы да осы сияқты материал жіберуге құмармын. Бұл туралы хабар-нұсқау етерсіздер деп күтемін). Комсомолец Жүнісов Мақұлбек.

Мой адрес: Джамбульская обл., уроч. Ак-куль, Таласский р-н, Тамдынский с/с., к/з “Джал-тюбе”. Джунусову М.” (10-б., көк сиямен латын әрпінде жаз.)

Мөрі. Қолжазбада Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты (1-б.) және ОҒК-ның сопақша (1-б.) мөрлері бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды және төменгі класс оқушыларына арналған дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жыл, Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақкөл ауылы. ОҒК сирек қорына 1940 жылы келіп түскен (Қабылдаушының “25/11-40 жыл” деген қолтаңбасы бар).

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Әр бетке қара сөз тәртібімен толық жазылып отырған.

Қалпына келтірілуі. Жөндеуден өткен.

Папкасы. № 121. ОҒК. Ертегілер. 1-дөп.

164

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б. 21; П. 11; Ж.20
20 x 16,5; 19 x 15

Аталуы. Мамай батырдың арманы.

Жинаушысы. Хаймолдин Шамшия.

Аннотациясы. Бұл ертегіде жас кезінде батырлығымен елге танылған Мамай батырдың екі арманы туралы әңгіме болады. Мамай батыр жас кезінде өзі жіберген екі үлкен қателікке өмір бойы опық жейді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді оқушы дәптеріне жасыл көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1 желтоқсан, 1958 жыл, бұрынғы Семей облысы, Үржар ауданы, Үржар селосы, Жамбыл көшесі, 3-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 2-дөп. 75-105-бб.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б. 21; П. 10; Ж. 30

17 x 21; 15 x 19

ماقپال سۆلۈدنىڭ خىكاياسى

Аталуы. Мақпал сұлудың хикаясы (1-бет).

Жинаушысы. Сөрсенбек Түсіпұлы (21 бет).

Қысқаша мазмұны: Исмен шаһарының патшасы Қайдар мырза 18 жасында әкесінің тағына отырып, ел-жұртын әкесінің заң-жобасы, тәртіп салты бойынша басқарып, барлық уәзір ғұламаларға, қалың бұқараға әбден ұнайды. Үйленер кезінде, өзі сұлу, өзі ақылды және екі ұл, бір қыз тауып беретін қызды алатындығына шарт байлайды. Уәзірлері осы шарт бойынша қыз іздеп жүріп, күндердің күнінде бір күркеден балықшы кедей шал-кемпірге және он төрт жасар Мақпал атты қызға кез болады. Мақпал патшаның бұл шартын естіп, өзінің әлі жастығын және “ер әйелдің суын тапса сүт шығады” деген сөздің не мәнінің барлығын айтып беруді сұрайды. Уәзірлер бұл хабарды патшаға жеткізгеннен кейін патша дереу қызды шақырып, сөзге салады. Ақыры бұл қыздың сұлулығына, ақылдылығына көзі жетіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын өткізіп, тұрмыс құрады. Күндердің күнінде Мақпал сұлу жүкті болып екі егіз ұл туады. Бірінің аты Қамит, бірінің аты Уәлит. Аз жылдардан соң бір қыз туады. Атын Сымбат қояды. Қайдар патша жасы жетіп, ауыр сырқатқа душар болған кезде өз патшалығындағы ел-жұртты екіге бөліп, Уәлит пен Қалитты патша етеді.

Ағайынды екі патша біраз жылдардан кейін бір-бірін сағынып, Қалит патша інісі Уәлитті қонаққа шақырады. Уәлит барлық уәзір, жасақшылармен жолға шығып сарайда ұмыт қалдырған қанжарын алуға қайта өз сарайына оралғанда өзінің ең сүйген жарының бір қара құлмен құшақтасып, ұйықтап қалғанын көреді. Ұлық екеуін өлтіріп, қанжарын алып ағасы Қалит патшалығына келеді. Бірақ сары уайым ауруына душар болып, ешбір жадырап, сауық-сайран жасамайды. Бір күні ағасы Қалит патша аң аулауға кеткенде патша сарайында жеңгесінің бір қара құлмен көңіл қосып жатқанын көреді. Бұл уақиғаларды ағасы Қалит патшаға баян еткеннен кейін ағайынды екі патша мынандай серт жасасады “Ешқандай әйел затына сенбеу, күніне бір қызға қосылып, екінші күні басын алып тастап отыру” бұлар осылай етіп біраз дәурен сүреді. Ең ақырында Қалит патшаның бас уәзірі Жағыпардың Көріпкел атты қызына кезек келеді. Көріпкел өте ақылды, тапқыр қыз болып шығады. Патша бірінші күні жолыққанда патшадан “дат” сұрайды. Патша “датың”

болса айт дейді. Қыз “менің өте жақсы көретін Еріпкел атты жалғыз сіңлім бар еді, ол өте ертегі құмар еді. Кешегі күні айтқан ертегімнің біраз жалғасы қалған. Бүгін сіздің сарайыңызда менімен бірге болса, ертегі аяқталғаннан кейін өз еркіңізде” дейді. Патша рұқсат етеді. Қыз бір-біріне жалғасқан 41 ертегі айтып, жүкті болып қалады. Бір ұл табады. Қалит патша әйел затының барлығы бірдей еместігін біліп, бұл қыздың басын алмай өзіне мәңгілік жар етіп алады.

Көлемі, жазуы, қағазы, сиясы. Ертегінің көлемі 21 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен ескі араб әрпінде жазылған.

Жинаушы. Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” кітабынан 1914 жылы оқып, жаттап кейін қазақ тілінде қағазға түсірген. Бізде бұрын баспа бетінде жарияланбаған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөз үлгісінде жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқасы сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 9-дәптер, “Мақпал сұлудың хикаясы”.

166

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б. 19; П. 10; Ж. 30
17 x 21; 15 x 19

مامور سۇلۇدۇڭ اىسل ايناسى

Аталуы. Мармар сұлудың асыл айнасы (1 бет)

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (19 бет)

Аннотациясы. Балық патшасы Суардың бір ұлға зар болуы, күндердің күнінде оның кіші әйелі жүкті болып бір ұл тауып, атын Мансұр зал қойып отыз күн ойын-қырық күн тойын өткізіп қызыққа батуы, патшаның оң қол уәзірі Шахизаттың Мансұр залды патшалардан сұрап алып, жеке бағып-тәрбиелеуі, Шахизат уәзірдің бұл баланы көтеріп алып жүріп ділдә ақша үлестіріп, бүкіл шаһар халқынан бақыр-мүскін, жетім-жесірлерден бата сұрауы. Мансұр залдың ен далада тәрбиеленіп, 18 жасқа келгенде аралдан сарай салдыруы. Теңіздің арғы бетіндегі – Кенған шаһарының патшасы Әбдісеттің қызы Мармар сұлуға ғашық болып, көп қиыншылық жапа шегуі. Мансұр залдың Мармар сұлуға жолығуы, қолға түсуі, барлық жапа-қиыншылықтардан құтылып, екі ғашықтың қосылуы.

Шахизат уәзірдің бұларды алып Балық патшасы Суарға қайта оралуы. Суар патшаның шартараптағы алты патшалық елді шақырып тойын жасауы, барлығы мұраттарына жетіп, алтын дәуір өткізгендігі айтылады. Ертегі бір уақиғадан бір уақиғаға ұласып қызықты баяндалады.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 19 бет. Дөптер қағазына көгілдір сиямен кене араб әрпінде жазылған.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул шаһарында араб әрпінде басылған “Қырық сұлу” кітабынан 1914 жылы оқып, жаттап алып, 1916 жылы қазақша ертегі етіп қағазға түсірген. Бізде бұрын баспада жарияланбаған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптелген, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 8-дөптер, “Мармар сұлудың асыл айнасы”.

Ш. 700 (ӘӨИ)

Б.152; П. 75; Ж.30

18 x 20; 16 x 18

مارزۇن سۇلۇ، اقاگۈل سۇلۇ، بەرەنگۈل سۇلۇ ھىكاياسى

Аталуы. Марзун сұлу, Ақагүл сұлу, Беренгүл сұлу хикаясы (196 бет)

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (243 бет)

Аннотациясы. Ертегінің көлемі 47 бет. Қауар заман шаһарының 16 жастағы патшасы Ақрам Мәліктің туған күніне жасаған салтанатты тойы, тойға әкелген ғажайып сыйлықтар, олардың ішінде сағатшы Алқаптың қызы Марзун сұлудың он екі басты алтын сағат сыйлық әкелуі, жас патша Ақрам Мәліктің бұл сыйлыққа таң қалып, Марзун сұлуға ғашық болуы, Ақрам Мәлік пен Марзун сұлудың тойы, тойға әкелінген сыйлықтар, ойын-сауық, тамашалар. Берілген бөйге – сыйлықтар. Күндердің күнінде бұлардың Қатран атты ұл көріп, оны өсіріп тәрбиелеуі. Жігіт болған кезінде Басра шаһарының патшасы Ғалисан Аринның жалғыз қызы Ақагүл сұлуды алып беруі, төңіректегі патшалықтарды тойға шақыруы, қалың мал, тойға арналған сойыс, тігілген бөйге-сыйлықтар, балуан күресінде Қауар Заман шаһарынан Беренгүл сұлу деген қыз ердің киімін киіп жігіт болып күреске түсіп, он сегіз балуанды жығып бас бөйге алуы. Арон

Рашид патшаның отыз жастағы уәзірі Мағмурдың бұл балуан қызға ғашық болуы. Екі патша құда болып Беренгүл сұлуды (балуанды) Мағмур уәзірге алып беруі, бұлардың той салтанаты (төрт қыздың жалаңаш келіп қалың халық ортасынан төрт нарды тістерімен шешіп алып, бас бөйге алуы). Қызға арналған ғажайып жасаулар, Беренгүл сұлуды ұзату салтанаты ұзақ хикая етіледі.

Жинаушысы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегілерді Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын 1914-1916 жылдары оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ұзын жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптелген, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. “Ертегілер”. 1-дәптер, “31-ертегі үш сұлу хикаясы”.

168

Ш. 122 (ОҒК)

Б.3; П. 6; Ж. 23

20 x 16; 19 x 14

Аталуы. Мергеншіге бақытты бала *Mergencige baqytt bala*

Жинаушысы. Тоқтыбаев Естай *Toqtbayev Estaj*

Аннотациясы. Ертеде бір мерген аң аулап жүріп, тоңғаннан кейін от жағып отырса, бір сұлу келіншек келіп отқа таянады. Зұлымдық әрекеттерімен мергенді өлтірмекші болады. Оны сезген мерген келіншекті атып өлтіреді. Өлгеннен кейін қараса, ол жезтырнақ екен. Мергенді тоғайдан шыға бере бір топ сұлу қыздар қарсы алады, оны құрметтеп, сый-құрмет көрсетеді. Араларынан бір қызды мергенге қосады. Қыз мергенге “түнімен көзіңді бірде-бір ілме” деп серт қояды, бірақ мерген оны орындай алмай қыздан айырылады. Өз ісіне әбден өкінген мерген еліне келеді. Бірнеше айдан кейін мерген тағы да аң аулап жүрсе, бір қарақұс ұшып келіп: “Алты айдан кейін ұлың болады, оны тоғыз жолдың торабынан табасын, ол сізге бақыт әкелетін бала болады”, – дейді. Мергеннің ол баласы, құс айтқандай, бақытты болып өз елінде хандық құрады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.
Папкасы. № 122. ОҒК. “Ертегілер”, 1-дөп. 11-13-66.

169

Ш. 116 (ӘӨИ)

Б. 38; П. 19; Ж. 20
20,5 x 16,5; 19 x 15

Аталуы. Минуар, Бибөтима.

Жинаушысы. Шәмшия Хаймолдин.

Аннотациясы. Ертеде бір патшаның кенже ұлы түс көріп, оны басқа бір патшаға сатады. Түс сатып алған патша көптеген қиыншылықтарды басынан өткізіп, ақырында түсте көргендері өңінде орындалып, екі патшаның қызын алып, бар мұратына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жыл, 30 желтоқсан, бұрынғы Семей облысы, Үржар селосы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 2-дөп.

170

Ш. 116 (ОҒК)

Б.3; ш. П.3; Ж.23
21 x 16; 19 x 14

Аталуы. Молда, ұста, тігінші. *Molda, usta, tiginci.*

Жинаушысы. Жылқышев Әбжаппар *Сықсыев Әбсапар*

Аннотациясы. Бір замандарда ұзақ жолдың бойында үш жолаушы кездеседі. Олардың бірі ұста, бірі тігінші, бірі молда екен. Кеш қарая бір жерге қонуды мақұл көріп, алып келе жатқан жүктерін кезекпен қарап тұруға уәделеседі. Кезек бірінші ұстаға тиеді. Ол зерікпес үшін адамның денесін ағаштан ойып шығарады. Тігінші өз кезегінде әдемі етіп киім пішіп тігеді. Молда дем салып ағашқа жан бітіргізеді. Ол жаннан асқан сұлу қыз болып шығады. Бірақ

қызды үшеуі бірінен-бірі қызғанып, ақырында қыз қайтадан ағашқа айналады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жыл, бұрынғы Жамбыл облысы, Сарысу ауданы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. № 118. ОҒК. Ертегілер, 1-дөп. 2-3-бб.

171

Ш. 43 (ОҒК)

Б. 10, П. 5, Ж. 24
21 x 15, 19 x 13

Аталуы. Мұғали бала

مُوْعَالِي بَالَا

Жинаушысы. Нұрмағамбетова Жәмилә.

Аннотациясы. Ақжол деген байдың Мұғали атты баласының қа-йын жұртын қалмақтар шауып, қалыңдығын алып кетеді. Оны естіген Мұғали қуып барып қалмақтармен жалғыз өзі соғысып қыз-ды алып кетеді. Қалмақтың ханы қуып жетіп, баламен алысқанда қыз қалмаққа болысады. Мұғалидың жұрттан тауып алған құмай тазысы қалмақтың кеңірдегін қиып жіберіп өлтіреді. Қызды опа-сыздық жасадың деп алып келіп байлатып тастайды.

Мұғали аң аулап жүріп бір кемпірдің үйіне қонады, бастан кешкендерін айтады. Кемпір: “Мен де бір ханның қызы едім, күйеуімнің бір қызбен жүргенін көріп екеуін де өлтіріп қашып шыққан едім. Осы жасқа дейін күйеуге тимей соның қайғысымен өттім. Кемшілік әйелде де, еркекте де болады, шырағым, қалыңды-ғынды босаттырып, балдызыңды ал”, – деп жігітті көндіреді.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Мөрі. 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, жазуы. Түзу жолды дәптерге, көк сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жылы жазылып, 1948 жылы фон-дыға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетте толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Басқа қолжазбалармен біріктіріліп түптеліп, сұрғылт түсті папкамен тысталған.

Папкасы. № 43. ОФК. Ертегілер.

172

Ш.35 (ОФК)

Б.6; Ж.31

32 x 21; 30 x 19

Аталуы. Мұстақым *Mustaqym*

Жинаушысы. Нұртазин М. *Nurtazjn M.*

Аннотациясы. Ертеде Мұстақым деген бай адам болады. Бір күні ол үлкен керуенмен сауда жасауға шығады. Жол үстінде Мұстақымның қызметшілері екі көзіне көк шөп өскен қу басты көреді. Оған таң қалған олар басты Мұстақымға алып келеді. Қараса, маңдайында: “Тірі кезімде қырық кісіні ажалдан құтқардым, ал өлген соң қырық кісінің ажалы менен”, – деген жазу бар екен. “Қу бас қырық кісіні қалай өлтіреді”, – деп ойлаған Мұстақым басты қызметшілеріне өртеттіреді де күлін шақшасына салып алады. Саудасын жасап еліне келеді. Шақшадағы күлді сандыққа салып тастайды. Бір күндері тағы да алыс сапарға кетеді. Мұстақымның ерке қызы сандықты қарап жүріп сауытты тауып алады да күлді иіскеп, жүкті болып қалады. Қыс босанып ұл туады, оны қыздың шешесі бауырына салады. Бала жеті жасқа келгенде Мұстақым оны бір патшаның еліне алып келеді. Ол патша елінен өзіне жұмбақ бір сырды шешіп беруін сұрайды. Оны бала шешеді де, патшаға опасыздық еткен қырық адамды өлтіреді. Сол үшін патша өз қызын балаға беріп, өзі баланың шешесін әйелдікке алады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ақ қағазға қара сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жыл.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен мұқабаланған.

Папкасы. № 35. ОФК. Ертегілер. 1-дөптер.

Ш. 606 (ӘӨИ)

Б.10, П. 10, Ж.20
20 x 14, 17 x 12,5**Аталуы.** Мұңсыз хан (1-б.)**Жинаушысы.** Белгісіз.**Аннотациясы.** Бір кедей шалдың жалғыз қызы ханның жұмбақтарын шешіп, өз әкесін және осы жұмбақтарды шеше алмай ханның қаһарына ұшыраған талай адамдарды құтқарып кеткені жайлы.**Қолтаңбасы.** Белгісіз.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қолжазба қос сызықты дәптер парақтарына көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1951 жылы жазылып, 1961 жылы фондыға түскен.**Текстің орналастырылуы.** Ертегі өлеңмен жазылған. Өлең жолдары әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба қалың қағазбен тысталып, түптелген.**Папкасы.** № 606. 2-дәп. Ертегілер.

Ш. 336 (ОҒК)

18,5 x 16; 16 x 14

Аталуы. Мүсірелі патша туралы аңыз.**Жинаушысы.** Намазбек Еспенбетов.**Аннотациясы.** Түйесінен айрылып қалып, қуып келе жатқан адам мен оны ұстауға көмектесем деп таяғын жіберіп қалғанда түйенің көзін шығарған адамның дауласып патшаның алдына барғаны, оған өділ билік айтылуы, көп оқыған ханымның да сол билікке бас иіп, бағалағаны жайында.**Қолжазба дәптерде** “Мүсірелі патша заманында” 8 бет, “Кенжебайдың ала соқыр аты” 7 бет, “Үш жігіттің сапары” 17 бет, “Имам мағұзымның айтқан қазылығы” 6 бет деген әр алуан ертегілер бар.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныңкі.**Жазылған жылы, жері.** Белгісіз.**Текстің орналастырылуы.** Қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Ертегілер жазылған дәптерлер түбінен қоса тігіліп, папкаға салынған.**Ақауы.** Кейбір беттерде (10-б.) сия тамған, өшкен жазулар баршылық.

Папкасы. № 336. 2-дөл. “Ауыз әдебиеті үлгілері (Революцияға дейінгі фольклор)”.

175

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.16; П.8; Ж. 30
17 x 21; 15 x 19

Аталуы. Наркөз сұлудың суреті (30 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы. *نارکوز سۇلۇدنىڭ سۈرەتى*

Аннотациясы. Мысыр шаһарының патшасы Мырза Ақатек орта жасқа келгенде Наркөз атты жалғыз қыз көруі, Наркөздің асқан сұлу, ақылды болып өсуі. 18 жасқа келгенде панасыз жетім Әбутәліп атшы жігітке ғашық болып қашуға уәде еткен жерінде адасып, қарақшылар қолында қалуы, олардан құтылып еркек киімімен Құдұс шаһарына сапар шегіп, Құдұс шаһарына патша болуы, асқан суретшіні шақыртып, суретке түсіп қарақшылар арқылы Мысыр шаһарына таратып Әбутәліпті іздеуі, Әбутәліптің табылып Наркөз патша алдына келтірілуі. Наркөздің Құдұс халқы алдында өз жағдайларын айтып, қайта қыз қалпына келуі, орнына сүйген жары Әбутәліпті отырғызып мұратына жеткендігі баян етіледі. Ертегі бір-біріне ұласып өте қызықты айтылады. Ертегінің көлемі 16 бет.

Қағазы, сиясы, жазуы. Шақпақ жолды дәптердің қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпіінде жазылған. Бұрын баспада жарияланбаған. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы. Бұл ертегіні Стамбул шаһарында арабша әріпте басылған “Қырық сұлу” кітабынан оқып (1914 жылы) жаттап, кейін қазақ тілінде ертегі етіп қағазға түсірген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 7-дәптер “Наркөз сұлудың суреті”.

176

Ш. 191 (ӘӨИ)

Б 3; П 2; Ж. 23
25 x 16; 23 x 16

Аталуы. Нау құрымай, дау құрымайды.

Айтушысы. Мұхаметқали Сарымсақов.

*ناۋ قورماي
داۋ قورمايدى*

Жинаушысы. Адамбаев Балтабай.

Аннотациясы. Ертеде Наудың Қаратау еліне барып жоғалтқан бір ешкісі жөнінде билерге берген жауабы және шаққасына тамыр болған адамына жапқан жаласы.

Қолтаңбасы. Айтушысыныңкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қолжазба сызықты қалың дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен парақтың екі жағында толық орналасқан.

Папкасы. № 191. ӘӨИ. Сарымсақов Мұхаметқали шығармалары және кейбір ауыз әдебиет үлгілері. Араб әрпімен жазылған. 1957 ж.

177

Ш. 43 (ОФК)

Б. 10, П. 5, Ж. 15
21 x 15, 19 x 13

Аталуы. Науша хан *Nausa хан*

Тапсырушысы. Ахметов Байғаныс

Аннотациясы. Науша хан елін жинап “менің қол астымда қандай батыр бар”, – деп сұрайды. Сонда үш адам келіп әңгімесін айтады. Үшеуі де әңгімелерінде өздерінің батырлығын, ерлігін көрсетеді.

Қолтаңбасы. Тапсырушыныңкі.

Мөрі. 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі, 9-бетінде ҚазССР ҒА ОФК-ның сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жұқа сары қағазға қара қарындашпен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 15.11.34 жыл.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Басқа қолжазбалармен бірге сұрғылт түсті папкамен тысталған.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір беттері жыртыла бастаған.

Папкасы. № 43. ОФК. Ертегілер.

Ш.700 (ӘӨИ)

Б. 83; П.41; Ж. 30
18 x 20; 16 x 17

ون بهس سۆلۆدلىكى حيكاياسى

Аталуы. Он бес сұлудың хикаясы (1 бет)

Тапсырушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы.

Аннотациясы. Мысыр шаһарының патшасы Макмұдтың 64 жасында барлық денесі ісініп, сасып үш жыл ем таба алмай ауыр сырқат болуы, барлық уәзір ғұламалар жиналып, патшаның бұл ауруын Шыңмашын шаһарындағы емші Суардиннің қызы Рисал сұлудың жаза алатындығы, ол қызды ұрлап келу жоліндегі мәслихат, бас уәзірі Рашидтің ондаған ұры – сиятарды алып Шын-Машын шаһарына аттануы, Рисал сұлуды ұрлап әкеліп, патшаны емдеуі. Рисал сұлудың ұрғашы ала қоянның қанымен патшаны он бес күн жуып, барлық дәрі-дәрмек қолданып, патшаның ауыр сырқаттан жазылуы, патшаның қыздан арман-тілек сұрауы. Қыздың үш тілегі. Ол тілектердің орындалуы, осы тілек бойынша Рисал сұлудың бас уәзірі Рашидке өз еркімен тиюі, күндердің күнінде Рисал сұлу жүкті болып, Мұрған атты ұл көруі, ол ұлдың өсіп, ер жетіп ақылды жігіт болып Макмұт патшаның тағына отырып патшалық дәурен кешуі ұзақ хикая етіледі. Бұл хикая аралығында Самал сұлу, Жанар сұлу, Ғажап сұлу, Шекнар сұлу, Шакнур сұлу, Саидам сұлу, Сарығып сұлу, Майгун сұлу, Анархан сұлу, Білғыл сұлу, Амет сұлу, Шүмеген сұлу, Жанал сұлу, Алқа сұлулардың ерге шығу хикаясы да баян етіледі.

2-хикаят. “Сұлудың ұрлануы”. Көлемі 80 бет. Бұл хикаяда әңгіменің басы Ағзам шаһарының патшасы Алмарқаптан басталып, аяғы сол Алмарқаптың баласы Арытетден келіп бітеді. Мұндағы хикаят сұлудың ұрлануы және т.б. бірнеше сұлулардың ғашықтық-ерге шығулары толық баян етіледі.

3. Бірнеше сұлу қыздардың өмірбаяны. Көлемі 81 бет. Бұл хикаяда Қауар, Занан шаһарының патшасы Макмұдтан басталып, аяғы уәзір баласы Ғамзадан тоқтайды. Хикаяда Гүлбарам сұлудың әңгімесімен қатар басқа да бірнеше сұлулардың ғашықтық, ерге шығулары қызықты баян етіледі.

Жинаушы. Сәрсенбек Түсіпұлы. Бұл ертегілерді бұрын Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын 1914-1916 жылдар оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды дәптер қағазына көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, сөзі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. “Ертегілер”. 2-дәп. “37-ертегі он бес сұлудың хикаясы, 38-ертегі бірнеше сұлудың хикаясы, 39-ертегі бірнеше сұлу қыздардың өмірбаяны”.

179

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б.3, П.3, Ж.28
30 x 21, 23 x 15,5

Аталуы. Орманбет би.

Тапсырушысы. Сидеш Төлепов.

Аннотациясы. Ертеде Орманбет деген кісінің сиқыршы ашына әйелі болады. Ол әйел Орманбеттің бәйбішесін бірде киік, бірде қарақұс етіп сиқырлайды. Киік түріндегі әйел бір мергеннің көмегімен адам түріне еніп, асқан сиқыршы болады да, ашына әйелді Орманбетпен қоса есек қылып жібереді, сөйтіп кегін алады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қазіргі қазақ әрпінде машинкаға басылған.

Жазылған жылы, жері. 1955 жыл, жері белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.

Папкасы. № 123. ӘӨИ. Ертегілер. 5-дәп. 7-9-бб.

180

Ш. 127 (ОҒК)

Б. 7; П.14, Ж. 24
20 x 15, 19 x 14

Аталуы. Патшаның әйелімен мәжілісі.

Тапсырушысы. Мәзқожа Рахмет.

Аннотациясы. Ертеде бір патша ханшасымен бақ ішінде демалып отырса, төбелерінен екі қаз қаңқылдап ұшып өтеді. Патша сол ұшқан қаздардың қаңқылына мән беріп, уәзірлеріне келіп айтады. “Кімде-кім екі қаздың бір-біріне не дегенін түсініп маған айтса,

соған жарты патшалығымды беремін, егер шеше алмасаңдар бастарыңды аламын”, – дейді. Уәзірлер шеше алмай қысылып ханның қызынан жөн сұрайды. Хан қызы жұмбақтың шешуін айтады, бірақ “ханға мен айтғы деме”, – дейді. Хан уәзірлерінің тапқанына сенбей “кім шешіп берді”, – дейді. Уәзірлер шынын айтып қояды. Патша қызды шақырып алып: “Жақсы әйел жаман еркекті адам қылады депсің ғой, сен де жақсы адам ете ғой”, – деп оны жаман адамға қосып қаңғыртып жібереді. Ақырында қызы жаман күйеуін ақылы арқасында хан қылады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге қара сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1946 жыл, бұрынғы Қызылорда облысы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталған.

Папкасы. № 217. ОҒК. Ертегілер. 2-дәпт. 15-20-бб.

181

Ш. 217 (ОҒК)

Б. 44, П. 22, Ж. 20
20 x 16, 17 x 15

Аталуы. Перзентке зар болған кісі (1-7-66.)

Жинаушысы. Мәзқожаев Рахмет.

Аннотациясы. Перзентке зар болған кісі. Бір кісі перзентке зар боп құдайдан бала сұрайды. Құдай оның тілегін қабылдайды. Бала көреді. Бала сиқыр оқуын оқып ер жетеді. Ақырында патшаның қызын алып, әкесін асырап мақсатына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 22-бетінде ҚазССР ҒА ОҒК-ның сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды дәптер парақтарына қара сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1946 жылы жазылып жиналған. Түскен жылы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп түптелген. Жұқа ақ қағазбен тыталып, басқа қолжазбалармен бірге сұрғылт түсті папканың ішіне салынған.

Папкасы. № 217. “Мәзқожаев Р. Абдырақманов Ө. жинаған әр түрлі ертегілер”.

Ш. 84 (ОФК)

Б. 10, П. 10, Ж.24
37 x 20, 30 x 14**سابىر، شىدامدىلىق، اقىرىن توسۇ****Аталуы.** Сабыр, шыдамдылық, ақырын тосу (1 б.).**Жинаушысы.** Тобылаев Мұхаметәлі.**Аннотациясы.** Біреу асырап алған бір жетім бала ер жеткен соң бір шаһарға барып, көп заман еңбектеніп жүріп ғылым үйренеді. Осындай шыдамдылықтың арқасында мұратына жетіпті.**Қолтаңбасы.** Жинаушының қолы.**Мөрі.** Бірінші бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі мен Қаз.ОФК-нің сопақ мөрі бар.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сарғайып тозған жұмсақ ақ қағаз парақтарына көк сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** Жазылған жылы белгісіз. Қорға 1948 жылы түскен.**Текстің орналастырылуы.** Текст жолдары әр парақтың бір жақ бетіне тұтасынан орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түбі ақ жіппен тігілген. Басқа қолжазбалармен бірге арнайы папкаға салынған.**Папкасы.** № 84. 1. “Көңіліңе астамшылық ойлама”. 2. “Сабыр, шыдамшылық, ақырын тосу”. 3. “Қаңбақ шал” ертегілері.

Ш. № 156 (ОФК)

Б.46, П.23, Ж.18
21 x 16, 18 x 14**ساداقباي باتر****Аталуы.** Садақбай батыр (1 б.)**Жинаушысы.** Аймағанов Сатыбалды. Солтүстік Қазақстан облысынан. Қарт колхозшы.**Аннотациясы.** Батырдың қалмақтармен көп соғысы, ерлігі, батырлығы Құнайым сұлуды алып мұратына жеткені айтылады.**Мөрі.** Соңында (46 б.) ҚазССР ҒА-сы ОФК-ның сопақ мөрі бар.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Шақпақ жолды дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1939 жылы Солтүстік Қазақстан облысында жазылған. Қорға түскен жылы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптерлері біріктіріліп түптеліп, сұрғылт түсті қалың папканың ішіне салынып, желімдей тысталған.

Папкасы. № 156. 1-дәп. “Садақбай батыр” ертегісі.

184

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б. 25, П. 12, Ж. 30
16 x 20; 14 x 18

Аталуы. Салмұр сұлу (1 бет). **سالمور سولغو**

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (256)

Аннотациясы. Шын Машын шаһарының патшасы Сақ- марданның 20 жасында Марғау шаһарының патшасы Айнақұлдың жалғыз қызы Салмұр сұлуға ғашық болуы, Салмұр сұлудың ақылдылық айналасы арқасында бір-бірімен қосылып мұраттарына жетуі, Сақмардан патшаның қасына еріп барған қолбасшысы Ділмардың бір жай шаруа қызы Мұнай сұлуға ғашық болып, онымен үйленуі хикая етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл хикаяны Стамбул баспасынан шыққан (Афнды Сақи Язда) “Қырық сұлу” кітабынан 1914 жылы оқып, жадына сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 25 бет. Шакпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 23-дәптер “15 ертегі Салмұр сұлудың ақылына шек жоқ”.

185

Ш. 700 (ӘӨИ)

Б. 75, П. 36, Ж. 30
18 x 20, 16 x 17

سامعون شاهارنىڭ پاتشاسى

Аталуы. Самғун шаһарының патшасы (Мағражын сұлу, Манбиін сұлу, Марзам сұлу хикаясы).

Жинаушы. Сәрсенбек Түсіпұлы (75 бет).

Аннотациясы. Самғұн шаһарының патшасы Ералының 16 жаста әкесінің орнына патшалық таққа отыруы. Әкесінің баласына айтқан үш өсиеті: 1) ананы сыйлап, құрметтеу, 2) халықты сыйлап, құрметтеу, асқақтамау, әділ болып, айтқан сөзге, жазған арызға сенбей, өз құлағымен есітіп, өз көзімен көріп шешім етіп, қарапайым болып – халықтың ішінде жүріп мұң-мұқтажын білу. Өйткені жақсы адамгершілігі болған әр қандай патшаның қызықты дәурені, адамгершілік қасиеті, даңқы, атағы, ішкен асы, алған жары, сүйген баласы, жинаған алтын-күміс қазынасы, тақ-сарайы, атқан таңы – шыққан күні, түнгі ұйқысы, күндізгі күлкісі, ең аяғы көрген жақсы түсі бәрі-бәрі халықтікі. Халық болмаса бұлардың барлығы болмақ емес. Халық – ата халық, – ана халық – ырыс, халық жаннат бағы – бақша. Бұны еш уақытта естен шығарма. 2. Әйел алсаң сұлуына қызықпа, сүйгенінді ал. 3. Не істесең орнына келтіріп, келістіріп істе.

Ералы патшаның осы әкесі айтып кеткен өсиеті бойынша өз халқын аралауы, ондағы әділетсіздік, жамандықтарды жөнге салуы, кедейшілік-кембағарларға көмек етуі осы сапарда жалаңаш тезек теріп жүрген бір кедей қызын (Мағражын сұлуды) көріп неше түрлі сұрақ қойып, қыздың дәл жауап беруі, патшаның Мағражын сұлуға құда түсіп, ата-анасын және қыздың ризашылығымен оны әйелдікке алуы, той-салтанаты, Ералы патшаның орнатқан жаңа әділдік заң-тәртіптері. Ералы патшаның Заңғар атты ұл көріп, барлық патшалықтарға той жасауы, тойға келген Дүңгек шаһарының қыз патшасы Мәнби сұлудың Ералы патшаға ғашық болуы, Ералының Мәнби сұлуды тоқалдыққа алып, зор салтанатты той жасауы, балуан күрес, ат жарыс секілді әр түрлі жарыс, ойын-сауық, сыйлықтар. Дүңгек шаһарынан келген Марзам сұлудың жігіт болып киініп, күреске түсуі. Балуан күресінде Марзам сұлу бас балуанды жығып бір тоғыз сыйлық алуы, той ақырында Ералы патша халықтың, анасының, екі әйелінің рұқсат етуі бойынша осы балуан қыз Марзум сұлуды алып, ұл-қыз көріп, халықты әділ басқарып барлық мақсатына жеткендігі ұзақ хикая етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні бұрын Стамбул баспасынан шыққан “Қырық сұлу” хикаясын 1913-1914 жылдары оқып, жадында сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 75 бет. Ұзын жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен, көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 700. “Ертегілер”. 2-дәптер. “40 ертегі. Самғұн шарының патшасы”.

186

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б. 25; Ж. 234
20 x 16; 18 x 14

Аталуы. Самархан хан

Жинаушысы. Нұртазин Әбетай. Бұрынғы Талдықорған облысы, Матай станциясынан.

Аннотациясы. Ерте заманда аңшылықпен күн көрген бір шал мен кемпір болады. Олардың Самархан атты жалғыз ұлы болады. Бала бір күні түс көреді. Түсін анасына жорытпақшы болып басын айта түседі де аяғын айтпай қояды. Анасы бұған ашуланады да баланы ұрып жібереді. Бұл жағдай әкесімен де болады. Содан бала үйінен қашып келе жатып ханның уәзіріне жолығып қалады. Уәзір баладан неден қашып келе жатқандығын сұрайды, бала бар жағдайын айтады, бірақ түсін айтпайды. Уәзір ашуланып баланы зынданға тастайды. Бір күні ханның қызы ойнап жүріп зынданның саңлауынан баланы көріп қалып оған ғашық болады. Балаға күнде тамақ тастап тұрады.

Қыздың әкесіне екінші бір хан өштесіп оған жұмбақ-хат жібереді. “Егер шешпесең еліңді шабам”, – дейді. Самархан қыздан жұмбақтың талаптарын біліп алып оның шешуін айтады. Үшінші ретте Самархан қызға: “Мен зынданнан шықпасам болмайды”, – дейді. Қыз әкесіне Самархан туралы айтады, хан Самарханды зынданнан шығарады. Самархан жұмбақтың шешімін айту үшін сол елге елшілікке аттанады. Ханды сөзден жеңіп, елін шапқыншылықтан құтқарады. Бұған риза болған өз ханы Самарханға тағын береді. Әрі қызын қосады.

Қолтаңбасы. Жинаушысыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1958 жылы, бұрынғы Талдықорған облысы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты ақ қағазбен тысталып, мұқабаланған.

Папкасы. № 123. ӘӨИ. Ертегілер. 4-дәптер.

Ш. № 15 (ОФК)

Б.8, П.8, Ж.28
38 x 20, 33 x 16**Аталуы.** Санауар патша.

ساناوار پاتشا

Жинаушысы. Ескендірұлы Міртай.**Аннотациясы.** Санауар деген патшаның Гүл деген әйелі үш дәумен көңілдес болып патшаға қастық жасайды. Патша аман қалып екі дәуді өлтіріп, әйелін жазалайды. Құтылып кеткен бір доуге тағы бір патшаның қызы ғашық болады. Ертегі аяқталмай қалған.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Мөрі.** Қолжазбаның бірінші бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі мен ОФК-ның сопақ мөрі бар. Бұл мөр соңғы бетіне басылған.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Сарғайып тозған ескі ақ парақ қағазға көк сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1936 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.**Текстің орналастырылуы.** Ертегі қара сөзбен жазылып, текст жолдары әр парақтың бірінші бетіне толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба жөндеуден өтіп, арнайы папкаға түптеліп тігілген.**Папкасы.** № 15. “Сонаур патша Гүлге не қылады, Гүл Сонаур патшаға не қылады” – ертегісі.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.29; П.15; Ж.30
17 x 21, 15 x 13

ساروار سۆلۆدۆڭ سىرقاتى

Аталуы. Саруар сұлудың сырқаты**Жинаушысы.** Сәрсенбек Түсіпұлы (Бұл жинаушы жөніндегі мәлімет, үш қыз, бес соқыр ертегісіне жазылған ғылыми сипаттамадан қаралсын).**Аннотациясы.** Басара қаласының патшасы Мәлік Қасеннің жалғыз қызы Саруар сұлудың жазылмас ауруға душар болып, ем таба алмай жан-жақтан хабарлап, Қақааб молданы табуы, оның кітап ашып айтуы бойынша бүкіл патша халқын жалаңаштап патша алдынан өткізуі, Даниял ұлы Жамсатты табуы, Жамсаттың асқан

ғалымдығымен Саруар сұлуды жазып, оны өзінің әйелдікке алуы, одан Мазраб атты бала көріп, оның асқан балуан болуы, Сақда даласында серуендеп жүрген сапарында Мекке шаһарының халифасының жалғыз қызы Жұбар сұлумен бөстесіп күресуі, ақыры осы қызды алып, Мәлік Қасен патшаға оралуы, Мәлік Қасен патшаның қырық күн ойын, отыз күн тойын жасап, құдасы – Мекке шаһарының халифасы шақырып, ризашылық алуы екі патша, екі ғашыққа өз өмірлерінде мұратқа жетіп жақсы дәурен өткізгені хикая болады. Ертегі бір-біріне ұласып, қызықты баяндалады.

Көлемі, қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 29 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көк сиямен көне араб әрпінде жазылған, ертегі бұрын баспада жарияланбаған. Жинаушысы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегінің Стамбул шаһарында араб әрпінен жазылған “Қырық сұлу” кітабынан оқып, жаттап (1914 жылдар) кейін қазақ тілінде ертегі етіп қағазға түсірген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сыртқы беті сары қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. Ел аузынан түскен материалдар. 7-дәптер. Саруар сұлудың сырқаты.

Ш. №172 (ОФК)

Б.12, П.6, Ж.19
21 x 17, 17 x 13

Sölemnen сыққан сансал

Аталуы. Сөлемнен шыққан жанжал (1 б.)

Жинаушысы. Байділдаев Нұрман. *Bajdildaev Nurman*

Аннотациясы. Сиыры көп шал мен кемпір болады. Жалғыз қызы бар екен. Үшеуі де керең екен. Олар бірін-бірі түсінбей ұрыса береді екен. Осыны пайдаланған бір молда малдарын айдап кетіпті.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1-12-беттерінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы жазылған, қорға түскен жылы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптер түптеліп, сұрғылт қалың папкамен тысталған.

Папкасы. № 172. “Сәлемнен шыққан жанжал” ертегісі.

190

Ш. № 180 (ОҒК)

Б.11, П.11, Ж.18
21 x 16, 17 x 14

Аталуы. Серке *Serke*

Жинаушысы. Бейсембетов Тоқтасын. Кеген ауданы, Қарабұлақ ауылы. 1920 жылы туған.

Аннотациясы. Қара мерген деген бір аңшы бір күні аң аулап жүріп бір тауға шықса арғы бетінен қаптаған көп мал көреді. Сұрас-тыра келсе, бұл Серке деген жігіттің малы болып шығады. Серке жасында кедей екен, бірақ оң еңбегімен байып, осындай дәулетке ие болыпты.

Мөрі. 1 және 2-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Түзу жолды дәптерге қара сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы жазылған. Қорға түскен жылы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орна-ласқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптер түптеліп, сұрғылт қалың папкамен тысталған.

Папкасы. № 180. “Серке” ертегісі.

191

Ш. 25 (ОҒК)

Б.7, П.14, Ж.30
36 x 8, 34 x 16

Аталуы. Сиқыр *سیقر*

Жинаушысы. Ескендірұлы Міртай. *هسکه ندرولی میرتای*

Аннотациясы. Ертеде бір молданың сиқыршы әйелі болады. Ол әйел молдаға тамақ пісіріп береді де өзі жемейді. Бұдан сезіктенген молда түнде әйелін андиды. Сөйтсе, әйел түнде моладағы өлген адамдардың етімен тамақтанады екен. Бұған қатты ашуланған мол-

да әйелін ұрады. Сиқыршы әйел молданы сиқырлап ит қылып жібереді. Ақырында молда басынан көптеген қиыншылықтарды өткізіп бір сиқыршы қыздың көмегімен адам қалпына түседі, әрі әйелінен құтылады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның сырты қалың қатырма қағазбен мұқабаланған.

Папкасы. № 25. ОҒК. Ертегілер. 1-дәптер.

192

Ш. 12 (ОҒК)

Б.8, П.7, Ж.22
40 x 23, 26 x 20

Аталуы. Сиқырлы тоқал (1-б.)

Жинаушысы. Ескендірұлы Міртай.

سیقرلی توقال

Аннотациясы. Бір байдың екі әйелі болыпты. Екеуінен екі қызы бар екен. Бәйбішесі өліп, өнерпаз жалғыз қызы қалады. Ол қыз тоқалдың қызынан зерек болған соң тоқал оны қызғанып, бір күні далаға алып барып қызды өлтіреді. Оны бір жігіт көріп ғашық болады. “Кімде-кім осы қызды тірілтсе, ат басындай алтын берем”, – дейді. Мұны естіп біреу қызды тірілтіп, алтынын алады. Жігіт қызды алып мұратына жетіпті.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ескі ақ парақ қағазға сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Жазылған жылы белгісіз. 1948 жылы фондыға түскен.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның бірінші бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі мен ОҒК-ның сопақ мөрі бар. Бұл мөр соңғы бетіне де басылған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбалар әдемілеп түптеліп, жөндеуден өткен.

Ақауы. Бірінші және соңғы (7-б.) беттерінің шеті жыртыла бастаған.

Папкасы. № 12. 1-7-66.

Ш.189 (ОФК)

Б.9, П.9, Ж.28
29 x 20, 20 x 17**Аталуы.** Сиқырлы тас.**Жинаушысы.** Я.П.Гордиенко.

Аннотациясы. Бір шалдың баласының мысықпен, итпен жолдас болғаны, не тілесе соның бәрін орындайтын, көл үстіне көпір салып беретін, алтын терек орнататын, теректің жанынан сүт, бұлақ ағызатын “Дұт” дейтін сиқырлы тасқа ие болғаны, хан қызын алып хан болғаны сөз болады.

Қағазы, сиясы, өрпі. Көгілдір қағазға қазіргі қазақ өрпінде машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба қатырма қағаздан істелген көгілдір тысты папкада сақталған.

Ақауы. Қолжазбаның сақталуы жақсы.**Папкасы.** № 189. Сказки полученные от Я.П.Гордиенко.

Ш. № 175 (ОФК)

Б.17, П. 17, Ж.26
29 x 20, 27 x 17**Аталуы.** Сиыршы жігіт (2 б.) *Sjырсь cigit***Жинаушысы.** Сулеев Омар.

Аннотациясы. Бір жігіт сиыр бағып жүріп далада шауып бара жатқан бір адамды көреді. Жөн сұраса бұл адам түс көріп соны жорытуға бара жатқан екен. Сонда сиқыршы жігіт бұл адамның түсін алты өгіз беріп сатып алыпты. Ақырында түстің жоруы тура келіп, жігіт перінің екі қызын бірдей алып патша болған екен.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.**Мөрі.** 1-бетінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ жолды ескі дәптер парақтарына көк сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы Алматыда жазылған. Фондыға түскен жылы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары өр бетке тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, түбі ақ жіппен тігілген. Сұрғылт қалың папканың ішіне салынған.

Папкасы. № 175. 1-дөп. “Сиыршы жігіт”. 2. “Таз бала” ертегілері.

195

Ш. № 154 (ОФК)

Б.12, П.12, Ж.16
22 x 15, 20 x 16

Аталуы. Соқыр батыр *Soqyr batyr*

Жинаушысы. Ә.Марғұлан. Ә. *Marqulan*

Аннотациясы. Батырдың бір жорығында айдаладағы бір моладан дауыс естіледі. Батырдың қасындағы жолдастары қорқып қашып кетеді. Батыр барып қараса, шала өліп көмілген бір жігіт екен, дереу шығарып алады да туыстарына апарып қосады.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қоры бөлімінің төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. 1-ден 6-бетке дейін шақпақ жолды дәптер парақтарына, 7-ден 12-бетке дейін жолсыз ақ қағаз парақтарына қара сиямен латын әрпінде бір қолтаңбамен жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба парақтары біріктіріліп түптеліп, сұрғылт түсті папканың ішіне салынып, желімдеп тысталған.

Папкасы. № 154. “Соқыр батыр” ертегісі.

196

Ш. № 126 (ОФК)

Б.3, П.2, Ж.26
20 x 16, 18 x 14

Аталуы. Суайт тазша (2 б.) *سوایت تازشا*

Жинаушысы. Ә.Диваев. “Тарту” кітабынан алынған.

Аннотациясы. Ертеде бір тазша өтірікті судай ағызады екен. Бір күні хан еліне жар шақыртып: “Кімде-кім қырық ауыз өтірік айтса,

қызымды берем, айта алмаса басын алам!” – депті. Сонда әлгі тазша келіп бөгелмей қырық ауыз өтірік айтып ханның қызын алады.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Жазылған жылы, жері. 1924 жылы басылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбаның түбі ақ қағазбен желімделіп, қоңыр шұбар папкамен тысталған.

Папкасы. № 126. “Суайт тазша” ертегісі.

Библиографиясы. “Тарту” кітабы. 1924 ж. 60-61-66.

197

Ш. 8 188 (ОҒК)

Б.20, П.10, Ж.36
21 x 16, 19 x 15

Аталуы. Сұлу хан *Sulu han*

Жинаушысы. Қасымов Қ.

Аннотациясы. Сұлу хан. Он бір шаһарды билеп тұрушы Асылбек деген хан болады. Елден асқан сұлу болғандықтан “Сұлу хан” аталады. Бір күні уәзірлерінен: “Дүниеде менен сұлу адам бар ма?” деп сұрайды. Уәзірлері “жоқ” деп жауап береді. Тасболат деген уәзірі: “Тақсыр хан, сізден де сұлу адам бар”, – дейді. Хан сол адамды тауып келуге бұйырады. Табылмаса басын алмақ болады. Тасболат Айдархан деген ханды ертіп келеді. Екі хан дос болады. Сұлу хан әйелін кінәсі үшін өлтіреді. Екі хан қайыршы боп ел қыдырып кетеді. Бір қалаға келсе, бақыт құсын ұшырып хан сайлап жатыр екен. Бақыт құсы Сұлу ханның басына қонады. Асылбек сол елге хан, Айдархан бас уәзір болып, екеуі де бақытты өмір кешеді.

Мөрі. 1-2-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Шақпақ жолды ескі дәптерге көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы Алматыда жазылған. Институт қорына 1941 жылы Қазақстан зерттеу қоғамынан түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке тұғасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптер түптеліп, сұрғылт қалың папкамен тысталған.

Папкасы. № 188. “Сұлу хан”.

Ш. 123 (ӘӨИ)

Б.11, П.6, Ж.20
20,5 x 17, 19,5 x 14,5**Аталуы.** Сүлеймен мен диханшы.**Айтушысы.** Сәлімбаи Жұманов. Ол 1886 жылы бұрынғы Талдықорған облысы, Киров ауданында туған. Сәлімбаи 1958 жылы 72 жаста, әрі осы ауданның Куйбышев атындағы колхозында тұрады екен.**Жинаушысы.** Сәлімбаи Есенаман.**Аннотациясы.** Өзінің адал еңбегі арқылы Сүлеймен пайғамбарды өзіне тәнті еткен диханшы туралы.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Шақпақ жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1958 жыл. Бұрынғы Талдықорған облысы, Киров ауданы, Куйбышев атындағы колхоз.**Текстің орналастырылуы.** Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.**Папкасы.** № 123. ӘӨИ. Ертегілер. 1-дөп. 26-36-бб.

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.24, П.12, Ж.30
17 x 21, 15 x 19

سیمبات سۆلۆدیاڭ قازیناسی

Аталуы. Сымбат сұлудың қазынасы (1 бет).**Жинаушысы.** Сәрсенбек Түсіпұлы (24 бет).**Аннотациясы.** Шам шаһарының Хасен Әли патшасы кезінде бір бейшара-қайыршы Дәуіб атты жігіт Ағзам шаһарының патшасы Қасым Жомарттың байлық, жомарттық даңқын естіп, онымен ди-дарласу үшін ұзақ сапар шегеді. Көп азап, хикмет уақиғаларға тап бола жүріп он жыл дегенде Қасым Жомартқа жолығып, Сымбат сұлуга үйленеді. Сымбат сұлудан Қамза атты ұл көріп, байлық дәулетке ие болып, дүниені бір шалқып өтеді. Бұл хикаяда ертегіден бір ертегі жалғасып отырады. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы 1914 жылы Троицк қаласында оқып жүрген кезінде Стамбул баспасы-

нан шыққан “Қырық сұлу” кітабын оқып, жадына алып, кейін қазақ тілінде ертегі етіп қағазға түсірген. Бұрын баспа бетінде жарияланбаған.

Қағазы, сиясы, жазуы. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен кене араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 19-дәптер “Сымбат сұлудың қазынасы”.

200

Ш. 693 (ӘӨИ)

В.31, П.15, Ж.30
17 x 21, 15 x 19

Аталуы. Сырлы балық. **سرلى بالق**

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (бұл жинаушы өмірбаяны бір ғылыми сипаттамада “Үш қыз, бес соқыр” атты ертегіде беріледі).

Аннотациясы. Шексіз мұхитта бір балықшы шал болыпты. Бір күндерде оның ауына бір шойын құмған түседі. Қақпағын ашып қараса ішінен ат жалын болып аспанға көтеріліп, жерге бір үлкен дәу түседі. Ол от сиқыршы болғандықтан тау сүлеймен ханның дұғасымен құмғанға қамалып қалған екен. Бұл дәу өзінің “мені құмғаннан кім шығарса соны жеймін” деген уәдесі бойынша бұл балықшы шалды жемек болады. Балықшы шал ризашылық білдіріп бір ғана шарт қояды: “Мен сені өтірікші екен деп арманда кетпейін, сен осы құмғанға сыйып жатқандығыңды көзіме көрсет те, мені жей бер” дейді. Дәу от болып аспанға ұшып, ұшқын болып құмғанға қайта кіреді. Шал енді ашпайды. Дәу “мені қайта шығарсаң, өміріңе азық болатын суы таяз, қалың балықтың қасына апарып тастаймын” деп ант береді. Ақыры солай болады. Шалдың ауына бір күні сырт түсіне 18 ғаламның суреті салынған екі балық ілінеді. Оны патшаға тарту етіп, қыруар алтын ділла алады. Патша ол балықтарды қуырып жемек болса, ғайыптан бір сұр келіншек келіп “ей, уағдасыздар” деп дауыстаса, балық адамға айналып, келіншектің соңынан еріп кете барады. Патша мұның сырын білмек болып орман аралап, жолға шықса, орман, қалың орман арасынан кіндіктің жоғары жағы адам, аяқ жағы жуан бір түп ағашты көреді. Одан соң

үңгірде жатқан бір дәуді көреді. Патша алмас қылышпен бұл дәуді өлтіріп, өзі дәу болып тығылып жатса қойнына бір сұлу келіншек келіп кіреді. Оны да алмас қылышпен шауып өлтірсе, бағанағы көрген тау, гүл, орман, жарты адам, жарты ағаш барлығы жоқ болып, ғалам өз орнына келеді. Сөйтсе, ғарабта Шақнар патшаның жалғыз ұлы Тәліптің әйелі сиқыршы дәумен ойнас болып, осы ғаламаттарды істеп жүрген болады. Жарты адам, жарты ағаш болып қалған патша баласы Тәліп өз қалпына келгендігі үшін Әбу Шаби патшаға рахмет айтып, онымен дос болады. Және Саруар деген асқан ақылды сұлу қызын алып, өз ел жұртына келіп, әкесінің орнына қайта патша болып мұратына жетеді. Бұл ертегіде тойлардағы сән-салтанат, берілген сыйлықтардың атау-түрлері жақсы айтылған.

Ертектің көлемі. 12 бет шақпақ жолды дәптер қағазға көгілдір сиямен ескі араб әрпінде жазылған.

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы 1914 жылы Троицк қаласында оқып жүрген кезінде Стамбул шаһарынан басылып шыққан “Бақифани-сани” деген кітаптан оқып жаттап, одан қазақ тілімен өміріне үйлестіріп қағазға түсірген. Қолжазба қорға 1968 жылы қабылданған, бұл ертегі бұрын баспа бетінде жарияланбаған.

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен жазылған бұл ертегі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 6-дәптер. “Сырлы балық”.

201

Ш. № 71 (ОФК)

Б.10, П.5, Ж.28
28 x 20, 24 x 18

Аталуы. Сырттандар (1 б.). **سرتتاندار**

Жинаушысы. Ә.Диваев **ديوايف**

Айтушысы. Ысқақов Есмұқан

Аннотациясы. Бір байдың баласы ылғи да түсінде қара қасқыр жеп қоя жаздай шошынып ояна береді. Әкесі балгерге бал аштырса, ол баланды қасқыр жейді екен дейді. Қасқырдан құтқару үшін бай баласын кербестіге мінгізіп қашырады. Қасқыр неше күндей қуып жете бергенде бір ауылдан үрген иттің даусын естіп бөгеліп қалады. Бала бастан кешкенін ауылға келіп айтады. Үй иесі “ол кісі етіне жерік, егер сені жесе, барлық қасқыр кісі етін жейді. Енді мына итті алып барып қасқырға салайық. Қасқырмен ит айкасқан-

да сен қасқыр жағына шық”, – дейді. Бала мақұл болып барғанымен, қорқып қасқыр жағына шыға алмайды. Қасқыр итті өлтіреді. Иттің иесі қасқырды өлтіреді. Егер ит қасқырды өлтірсе, барлық ит қасқыр алар еді деседі.

Мөрі. Екінші бетінде ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қолтаңбасы. Айтушының қолы.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз ақ қағаз парақтарына көк сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1934 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Қосымша белгілері. 4,5,6,8-беттердің көп жолдары айтушының қолымен сызылып, оның үстінен қайта жазылған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары жолсыз парақ қағаздың бір жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түбі ақ жіппен тігілген. Жыртылған жерлері желімделіп жөндеуден өткен. Осы қолжазбаның латын өрпінде машинкаға басылған нұсқасымен бірге арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 71. 1. “Үш зерек”, 2. “Сырттандар” ертегілері.

Библиографиясы. “Сырттандар”, “Қазақ ертегілері”. II том, А., 175-182-бб.

202

Ш. № 67 (ОФК)

Б.2, П.1, Ж.30
35 x 22, 32 x 20

Аталуы. Сырттанның ажалы (1 б.). **سیرتتائنیڭ اچالی**

Жинаушысы. Ә. Диваев. **دیوایف ۱**

Айтушысы. Беркімбаев.

Аннотациясы. Бір байдың сырттан итінің айдалада қасқыр қамаған жалғыз адамды құтқарып барып өлгені туралы ертегі.

Мөрі. Қолжазбаның бірінші бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі, соңында (2 б.). ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі, соңында (2-б.). ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қолжазбасы. Белгісіз. Екі түрлі қолтаңбамен жазылған.

Қағазы, сиясы, өрпі. Шақпақ жолды үлкен бір парақ қағазға көк сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 67. “Сырттанның ажалы” ертегісі.

203

Ш.175/ОФК/

Б.26, П.26, Ж.34
31x21; 30x18

Аталуы. Таз бала (17 б.) Taz bala.

Жинаушысы. Шәмекенов Д. Сәмекенов Д.

Аннотациясы. Бұл ертегі “Сыршы жігіт” ертегісінің (47-сипаттама, п.175) ОФК (1 2 қолжазбаға қараңыз) басқашарақ жазылған варианты. Мазмұны мен оқиғалары бір-біріне ұқсап келеді.

Қолтанбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз қағаз парақтарына көк сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы жазылған. Қорға түскен жылы белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың оң жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған парақтар біріктіріліп түптеліп, жұқа ақ қағазбен тысталған. Түбі ақ жіппен тігіліп, басқа нұсқамен бірге сұрғылт түсті қалың папкаға салынған.

Папкасы. № 175. 2-дәп. Ертегілер.

204

Ш. № 94 (ОФК)

Б.8, П.4, Ж.25
22 x 17, 19 x 16

Аталуы. Тазша (1-2 б.). تازشا

Жинаушысы. Дәуірұлы Ергали.

Аннотациясы. Тазша (1-4-бб.). Бір тазша баласы жоқ шал мен кемпірге бала болады. Ол өскен соң бір байдың малын бір-бірлеп ұрлап тасып, кемпір-шалды асырапты.

Мөрі. 1-бетінде Қаз ССР-ға ОҒК-нің сопақ мөрі мен Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қолтаңбасы. Жинаушының қолы.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз екі қағазға көк сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Жазылған жылы белгісіз, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Басқа қолжазбалармен біріктіріліп түптеліп, қолжазбалармен тыстаған.

Папкасы. № 94. 1. “Бір тазша”, 2. “Әлім-Тәлім”, 3. “Қыдыр, бақ және ақыл”, 4. “Көкнаршы өзбек”.

205

III. 125 (ӘӨИ)

Б. 3; П. 6; Ж. 19
20 ө 17; 16 x 13

Аталуы. Тазша бала.

Жинаушысы. Баязитов Назкен. Павлодар облысы, Май ауданынан.

Аннотациясы. Ертеде Қытай елінде бір хан болады. Ол бір күні түс көріп шешуін халқынан сұрайды, бірақ ешкім шеше алмайды. Ханның қызы түстің шешуін бір тазша балаға айтады. Тазша бала ханға барып шешуін айтады, бірақ ханнан қорыққанынан кім шешіп бергенін де айтып қояды. Хан қызын шақырып алып тазша балаға қосып, үйден қуып жібереді. Ақырында қыз ақылдылығымен тазша баланы әкесінің орнына таққа отырғызады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 23/XI 1956 жыл, бұрынғы Павлодар облысы, Май ауданы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 125. ӘӨИ. Ертегілер. 5-дәптер.

Ш. 125 (ӘӨИ)

Б. 11; П. 6; Ж. 19
20, 5 x 17; 19 x 16**Аталуы.** Талапты жасқа атаның өсиеті.**Жинаушысы.** Әбетай Нұртазин. Қолжазбадағы мәлімет бойынша, бұрынғы Талдықорған облысы, Матай станциясында темір жол қызметкері болып жұмыс істеген.**Аннотациясы.** Ертеде бір байдың жалғыз баласы болады. Бай баласын алыс сапарға жіберу үшін баласына жолдас іздейді. Балаға қызыр жолдас болып кездесіп, оны көптеген қиыншылықтардан құтқарады. Ақырында балаға бір байдың жақсы қызын әперіп, бақытты өмірге жеткізеді.**Қолтаңбасы.** Жинаушыныкі.**Қағазы, сиясы, әрпі.** Қисық жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.**Жазылған жылы, жері.** 1959 жылғы 24 маусым, бұрынғы Талдықорған облысы, Матай станциясы.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.**Текстің орналастырылуы.** Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.**Қалпына келтірілуі.** Қолжазба ақ қағазбен тысталып, жөндеуден өткен.**Папкасы.** № 125. ӘӨИ. Ертегілер. 1-дөп. 57-66-66.

Ш 7137 (ОҒК)

Б.8, П.8, Ж. 30
30 б 19; 26 б 17**Аталуы.** Тапқыр тазша. *Tarqyr tazsa.***Жинаушысы.** Диваев Ә. *Djwaev Ә.***Аннотациясы.** Жетім тазша панасыз шалға бала болады. Шал ағаш басындағы ақсары құстың жұмыртқасына жұмсайды. Епті бала құсқа білдірмей, жұмыртқаны алып келіп, қайтадан ұяға салады. Шал: “Жарайсың”, — деп, оны түрлі ұрлыққа жұмсайды. Бірде кемпір-шалдың құрт-майын алдырады, бірде қызының ділдөсін ұрлатады. Хан қанша амал жасаса да тазша ұстатпайды. Қызын да алдап кетеді, өзі келіншек болып барып ханды дарға асып кетеді, одан өрең жаны қалған хан; ақыры тазшаны енді, екінші бір көрші

ханды тірідей ұстап әкелуге жұмсайды. Тазша ханның шартын орындайды. Тазшаның айлакерлігіне риза болған хан қызын беріп, ақылшы-кеңесші етіп алады.

Қолжазбада “Кім күшті” деп аталатын балалар ертегісі де жүр.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағаздың бір жағына латын әріпімен машинкада басылған.

Жазылған жылы, жері. 1934 жыл.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде ОФК-нің сопақ мөрі, Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар. “Инв. 1 239, 1948 г.”

Текстің орналастырылуы. Қара сөзбен беттің бір жағына толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, папкаға салынған.

Папкасы. № 137. “Кім күшті”, ”Тапқыр тазша” ертегілері.

208

Ш. 186 (ОФК)

Б. 20, П. 20, Ж. 20
21 x 16; 19 x 13

Аталуы. Тәлімсіген Бикеш (1 б.). *Təlimsgen Bjkes*

Жинаушысы. Байділдаев Н. *Bajdildaev N.*

Аннотациясы. Бикеш деген қызды ата-анасы еркекшора етіп өсіреді. Қыз бойжеткен соң күйеуге бермек болғанда күйеудің не екенін білмей өскен қыз тауға қашады, сонда ауылдың бір қу жігіті қызды онан әрі алып қашады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССРФА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Әр түрлі дәптер парақтарына көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы жазылған.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның үстінен жасыл сиямен түзеген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың оң жақ бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған дәптер парақтары біріктіріліп түптеліп, сұрғылт түсті папкаға салынған.

Папкасы. № 186. “Тәлімсіген Бикеш” ертегісі”.

Ш. № 98 (ОФК)

Б. 6, П. 6, Ж. 32
31 6 20; 26 6 16

توعز توڭقىلداق، ئىر شىڭكىلدەك

Аталуы. Тоғыз Тонқылдақ, бір Шіңкілдек (1 б.)

Жинаушысы. Ә. Диваев. دیوايف ا

Аннотациясы. Бір байдың бәйбішесінен тоғыз ұл, тоқалынан бір ұлы болған екен. Тоғыз ұл зорлықшыл болғандықтан жұрт оларды “Тоғыз Тонқылдақ” – деп, жәбір көрген бір ұлды “Шіңкілдек” – деп атапты. Әбден қорлық көрген Шіңкілдек ақыры айласын асырып тоғыз Тонқылдақтан өшін алыпты.

Қағазы, сиясы, әрпі. Сарғайып тозған ескі жұмсақ қағазға латын әрпінде машинкаға басылған.

Жазылған жылы, жері. Жазылған жылы белгісіз. 1935 жылдары фондыға түскен.

Мөрі. Қолжазбаның 6-бетінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өтіп, қоңыр шұбар түсті папкамен тысталған.

Папкасы. № 98. 1-дөп. “Тоғыз Тонқылдақ, бір Шіңкілдек” ертегісі.

Библиографиясы. “Тоғыз Тонқылдақ, бір Шіңкілдек”, “Қазақ ертегілері”, Алматы, 1957. I том, 311-б.

Ш. № 157 (ОФК)

Б.30, П.15, Ж.24
21 x 17, 19 x 15

تويغوجاننىڭ توعز جولى

Аталуы. Тойғожаның тоғыз жолы (2 б.).

Жинаушысы. Аймағанов Сатыбалды (41 сипаттамаға қараңыз).

Аннотациясы. Тойғожа деген жігіт үш жүз алтын беріп үш түрлі өнер үйренеді. Сол өнерлердің арқасында хан болып, мұратына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Мөрі. Қолжазбаның басында (1-б.) және соңында (15-б.) ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды ескі дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1937 жылы жазылған, қорға түскен жылы белгісіз.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның 1-бетінде жинаушының өзі туралы жазған қысқаша мәліметі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған дәптер түптеліп, сұрғылт қалың папкамен тысталған.

Папкасы. № 157. 1-дөп. “Тойғожаның тоғыз жолы” ертегісі.

211

Ш. 325 (ОФК)

Б.6, П.12, Ж.34
29 x 19, 24 x 17

Аталуы. Тотан батыр. **توتان باتر**

Жинаушысы. Батыр Қозыбақов. 1910 жылы бұрынғы Орал облысы, Жаңақала ауданы, Бөркі ауылында туған. Ұлы Отан соғысының ардагері, 2 топтағы мүгедек. Орал қаласының тұрғыны.

Аннотациясы. Құбақанбай балаға, Тотан батырдың Шынтемір ханның қызы Күнікей сұлуды іздеп, не қиыншылықты басынан өткізіп, жолшыбай сенімді жолдастар тауып, ханның тапсырмасын орындап, жаяу жарыстан, күрестен, бөйгеден, қабақ атудан жүлдені жеңіп алып, Күнікейге үйленуі және мыстан кемпір мен батыр Барақтан қалыңдығын құтқарып алғаны, Мерген, көргіш сияқты жолдастарының оған көмектесуі айтылады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге жасыл сиялы қаламмен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1960 жылы, Орал қаласы.

Текстің орналастырылуы. Қарасөзбен қағаздың екі бетіне жазылған.

Қалпына келтірілуі. Дәптерлер тізімделіп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 325. 1-дөп. “Ел аузындағы өлеңдер”.

Ш. 191 (ОФК)

Б.48, П.48
20 x 16, 16 x 13Аталуы. Тотынама. **توتينااما**

Аударушысы. Қазақ тіліне аударған Ғ.Шамситдинов.

Аннотациясы. Бір байдың тілеп алған баласы үйленгеннен кейін әйелінің қасынан шықпай, шаруаға қарамай жатып алады. Әкесі қатты ренжиді, кейін есі кіріп кәсіпке кіріседі, әйеліне маталар сатып алып беріп, ұзақ сапарға аттанады. Әйелдің сапарға кеткен ерінің көзіне шөп салмақ болғанын дұрыс, шын айтқан бір тотыны өлтіргені, бұдан басқа ерлері сапарға шыққан әйелдердің ерлі-байлы адамдардың арасында болуға тиіс тыныштықты, адалдықты бұзбақ болғаны, әйелдердің істері, өділін айтсам, өлтіреді деп тотының қорыққаны сөз болады. Халық қамын ойлаған адалдығы, ақылдылығымен көрінген уәзір жайы баяндалады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.**Беттелуі.** Араб цифрымен беттелген.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сұрғылт түсті қатырма қағаздан істелген жұқа папкада сақталған.

Папкасы. № 191. Ертегілер.

Ш.693 (ӘӨИ)

Б.18, П.14, Ж.30
18 x 20, 16 x 18**تورت سۆلۆدك ەرگه شعوى**

Аталуы. Төрт сұлудың ерге шығуы (60 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (92 бет).

Аннотациясы. Аспан шаһарының патшасы Гаштастың Ижаз шаһарының патшасы Илиясқа: “Тату көрші ел болып отыру үшін құдаласайық. Әйтпесе, елінді шауып, тағыңа от қойып, қызынды күн, ұлынды күл етемін” деп жазған хаты, жіберген елшісі, Аспан шаһарының патшасы Гаштастың бұл хатқа намыстанып, соғысқа дайындалуы, патша ұлы Бақыт Нәсір мен патша қызы Сәуір сұлудың өзара ақыл-мәслихатқа келіп – екі патшалықты соғыстырмай, бірін-бірі сүйіп, той жасауы – Бақыт Нәсірдің қасына еріп келген

балуан жігіт Қанжардың Зайра сұлуды алуы, 3-балуан жігіт Шалқардың Рауш сұлуды алуы, бұл екі патшалықтың құдалығында сыйлыққа берілген мал-жиһаздар, сойылған төрт түлік малдар, тартылған ғажайып табақ тағамдар, той-салтанаты бәйге-күрес, неше түрлі ойын-сауық салттары баян етіледі. Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні бұрын Стамбул баспасынан шыққан (Авторы Сақи – Фазыл) “Қырық сұлу” хикаясын 1914 жылы оқып, жадына сақтап, кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, сөзі әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 32 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына, көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 25-дәптер. “20-ертегі, төрт сұлудың ерте шығуы”.

214

Ш.693 (ӘӨИ)

Б.304, П.116, Ж.30
18 x 20, 16 x 17

تورت دَرؤوشى حيكاياسى

Аталуы. Төрт дәруіш хикаясы (1 бет).

Жинаушы һәм жырлаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (2 бет). Сәрсенбек Түсіпұлының өмірбаяны жоғарыдағы “Қырық сұлу” хикаясына жазылған ғылыми сипаттамаларда берілген. Ал бұрын ертегі - аңыз болып жүрген “Төрт дәруіш” жырын дастанға айналдырған осы Сәрсенбек Түсіпұлы жырдың алғы сөздері арасында өзін былай таныстырып өтеді.

Опасыз желіп жортып дүние өтер,
Еңбек қып жазғаным жоқ мұны бекер.
Төрт дәруіш хикаясы енді келді,
Жамағат құлақ салып тындаңыздар.
Сәрсенбек мұны жазған менің атым.
Орта жүз қара керей арғы затым.
Әкем Түсіп Ер Қабанбай нәсілінен,
Аруақты халық алдында айтқандайын.
Әуелден оқып едім тілін араб,
Жазушы ем хикая-жыр оған қарап.
Ұнатып аларымды оқығандар,

Ішкендей болатұғын бал мен шарап.
Ойлаймын осы жазған еңбегімді,
Оқушым қабылдар деп көпке балап (3 бет).

Аннотациясы. Стамбул шаһарында парсы тілінде Қалаб Нәби, араб тілінде Азат Бақыт атты ол әділдігі, жомарт-дарқандылығы мен Атымтай Жомарт аталған патша ұзақ дәурен сүреді. Бұл патша заманында өзіне қарасты бай, кедей, жарлы-жалаңаш, жетім-жесір барлық халық ас-киімге, мал-қазынаға малынып, қайғы-қасіретсіз, еркін-бейбіт өмір кешеді. Күндердің күнінде Атымтай Жомарт патша қатты уайым-қайғыға малынып, жүдеп, сары уайымға салынды, мұны білген ең адал уәзірі Қират Манат бір күні патшаға “уа, қымбатты патшам, мен сіздің атаңызға да қызмет істеп, енді сізге де еңбегімді сіңіріп отырмын. Сіз сондай жақсы білесіз, менің қара басым қара жерге кіргенше сізге адал қызмет етіп едім. Тұзыңызды ақтайтынымды. Сондықтан сіз маған айтуға тиісті не арманыңыз бар? Соны білуге мұқтажбын”, – деп жанашырлық білдіргенде, Атымтай Жомарт (Азат Бақыт яки Қалаб Нәби) патша былай деп жауап береді: “Менің бар арманым – бұл дүниеде жалғыз бір перзент көру. Осы арманым үшін қайғырып, көкірегім қақ жарылды”. Міне, хикая патшаның осы арман-зарынан басталады. Хикаяның көлемі 304 б. Жыр арқылы дастанға айналдырылған. Ол мынадай тарауларға бөлінген: 1.Стамбул шаһарының патшасы, 1-9 бет, 2. Бірінші дәруіштің жүгініп отырып өз басынан кешкен уақиғасын баян етуі, 9-81 бет. 3.Екінші дәруіштің басынан кешкендері. 4.Үшінші дәруіштің хикаясы. 5.Алқаласа төртінші дәруіш екі қолын сыбанып қарсы қарап қасқайып отырып өз басынан кешкен уақиғасын баяндап, өңгімесін бастап айтқаны, 252-304 бет.

Жинаушы һәм дастан етіп жырлаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегі-хикаяны Жүсіпбек Қожа Шайқисламұлының бұрын Қазан баспасынан шығарған ертегі-аңызынан және өзінің есітіп-білгендерінен өзінше жыр етіп дастанға айналдырған. ҚазССР Ғылым академиясының Орталық кітапханасында және М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында “Төрт дәруіштің” қара сөз, хикая түрінде, әсіресе, жыр-дастан түрінде сақталып келген варианттары 20 нұсқаға таяу. Ал, Сәрсенбек Түсіпұлы жырлаған бұл “Төрт дәруіш” дастанының мазмұны, уақиғасы, тілі (жыр) көркемдігі жағынан толық және жарамды екендігін зерттеушілерге ескерте кетеміз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жырдың көлемі 304 бет. Шақпақ жолды дәптерге көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Қара сөз бен жырлары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”, 1-дөптер. “Төрт дәруіш хикаясы”.

215

Ш. 47 (ОФК)

Б.84, П.42, Ж.17
23 x 15, 22 x 13

Аталуы. Төрт дәруіш (1-б.) **تورت دارؤش**

Жинаушысы. Сәлменұлы. **سالمان ولی**

Аннотациясы. Бірінші дәруіш – Мұратқан қаңғып келе жатып бейіттің ішінде отырған үш адамға жолығады. Оларға бұл өзінің дүниеде жоқ сарай салғызғанын, Мысыр жерінде салтанаты бұдан асқан бір қызға ғашық болып, оны іздеп жүргенде көк өгізді Әшімге жолыққанын айтады. Көк өгіз пері екен. Әшім перінің қызын алмақшы болып “Есмақзам” дұғасын оқып жатқанда көк өгіз дұғаны алып қашып, қызды шала жансар өлтіріп кетіпті. Мұратқан енді сол дұғаны іздеп жүріп оны таба алмай ақыры жартастан құлап өлейін деп тұрғанда кенеттен шыққан дауысты есітіп, осында келгенін айтады. Осыдан бастап екінші дәруіш – Қайдарқан халы баян етіледі. Бұл ертегі екі дәруіштің оқиғасымен аяқталады.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ескі жолсыз ақ қағаз парақтарына көк сиялы және қара қаламмен араб әрпінде жазылған.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның өшкен жолдары көк сиямен қайта жазылып, түзетілген. Әр дәруіштің өңгімесі біткен жерде Белгібай деген адам сол өңгіменің қысқаша мазмұнын жазып отырған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Мөрі. 28-парақтың екінші жағында ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бір жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, түбі ақ жіппен тігілген. Арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 47. “Төрт дәруіш” ертегісі. 1-дөп.

Библиографиясы. “Төрт дәруіш”, “Қазақ ертегілері”, II том, А., 1962. 52-86-бб.

Ш. 101 (ОФК)

Б.80, П.40, Ж.18
21 x 16, 19 x 15Аталуы. **تورت دَارُوش** Төрт дәруіш (1 б.)

Жинаушысы. Белгісіз.

Аннотациясы. Бұл ертегі 18,19-сипаттамадағы “Төрт дәруіш” ертегісімен мазмұн жағынан жалпы ұқсас келеді. Бірақ көптеген эпизодтары, жер, адам аттары басқаша айтылады. Сонымен қатар оқиғасы біршама толық әрі тәуір баяндалған. Бұрын жарияланбаған.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы ОФК-нің сопақ мөрі мен Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қоры бөлімінің төрт бұрышты мөрі бар. 40-парақтың екінші жағында ҚазССР ҒА-ның ОФК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу және шақпақ жолды ескі дәптер парақтарына қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жылы жазылып, 1948 жылы фондыға түскен.

Қосымша белгілері. 25-парақтың екінші жақ беті қара қарындашпен шимайланған.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазбалар түптеліп, сұрғылт түсті папкамен тысталған.

Папкасы. № 101. 1-дәп. “Төрт дәруіш” ертегісі.

Ш.22(ОФК)

Б.6; П.3; Ж.35
36x21; 31x20Аталуы. **تولەگەن مەن نەزىپا** Төлеген мен Нәзіпа.Жазып алушы. **سماتاي قوربان ۇلى** Сматай Құрбанұлы.

Жинаушысы. Диваев Ә.

Аннотациясы. Кемпір мен шалдың Төлеген деген баласы Нәзі-

па сұлуды түсінде көріп, ғашық болады. Қотыр тайы тұлпарға айналған бала жезтырнақ, Тиутайлақ, Унесел (Утамызған) айдаһарларды жеңеді. Балаға көпті көрген шал көмектеседі. Нәзипа аян беріп, кедергілерді қалай жеңуді айтып отырады. Қасқатай боп тістесең тас көтеріледі. Алшақ мүйіз ақсерке болып сүзсең тас есік ашылады дейді. Сөйтіп ғашықтар ауыр азап, қиындықты жеңіп қосылады.

Папкада “Қарға шаһизат” (7 бет) деген ертегі қоса тігілген.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолды қағазға қара сиялы қаламмен араб өрпінде жазылған.

Қолтаңбасы. Сматай Құрбанұлынікі. 1927 жыл.

Мөрі. ОҒК-ның сопақша мөрі бар. “Ертегі шамалы түзетіп, қайта жазбаса жарамайды. Ес. 9 июль 36 г., ...Материал жарайды, басуға жарамсыз. Басатын күнде қайта жазып шығу керек. Есмағамбет. Октябрь. 34” деген бұрыштамалар бар.

Текстің орналастырылуы. Парақтың екі бетіне де қара сөзбен тығыз жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, папкаға тігілген.

Ақауы. Қағазы сарғайып тозыңқыраған.

Папкасы. № 22. “Төлеген мен Нәзипа”, “Қарға шаһизат” ертегілері.

218

Ш.693(ӘӨИ)

Б.20;П.10;Ж.30

18x20; 16x18

تۇرسىناي سۇلۇدۇڭ ەرىگە تېۋى

Аталуы. Тұрсынай сұлудың ерге тигені (78 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы (92 бет).

Қысқаша мазмұны. Мұқаддас шаһарының Халифасы Заид Набидің кітап оқып отырып бір сөзін шеше алмауы, оқымысты кедей Ғамза шалдың патшаға “Жалғыз ұлым Шайқұл Тағатқа бір сұлу қыз алып беріп үйлендірсең ол кітаптағы түсініксіз сөзді шешіп беремін”, – деп шарт қоюы. Мұқаддас Халифасы Заид Набидың осы шарт бойынша Құддыс патшасы Сағидулланың жалғыз қызы Тұрсынайға құда болуы, құдалыққа берілген мал-мүлік, алтын қазыналар, Шайқұл Тағат пен Тұрсынай сұлудың той-салтанаты, дайындалған жасау-жиһаздар, бәйге, балуан күресі, неше түрлі ойын-сауықтар жарияланған. Берілген бәйге сыйлықтар сөз болады. Жинаушысы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан

шыққан “Қырық сұлу” хикаясынан оқып, жадында сақтап кейін қазақша ертегі етіп қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, жазуы. Ертегінің көлемі 14 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб әрпінде жазылған.

Текстің орналасуы. Ертегі қара сөзбен жазылып, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптеліп, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 25-дәптер. 21-ертегі “Тұрсынай сұлудың ерге тигені”.

219

Ш.116(ӘӨИ)

Б.6;П.3;Ж.18
19x14; 18x10

Аталуы. Түйе іздеген кедей.

Жинаушысы. Уахитов Әбу. Ол жайында мәлімет сипаттамада берілді.

Экспедициясы. 1959 жылғы Павлодар экспедициясы.

Аннотациясы. Бұл ертегіде адал да, көреген адамның өзіне “ұрыс-сың” деп пәле жапқан түйе иесі мен парақор бидің жаласынан қалай құтылғандығы туралы баяндалады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Тор көзді блакнот типтес дәптерге жасыл, көк сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959-60 жылдар, Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 91-үй.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жөндеуден өткен.

Папкасы. № 116. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәп. 17-22-бб.

220

Ш.189(ОҒК)

Б.21;П.105;Ж.20
21x17; 17x15

Аталуы. Тұрт көрпе (1 б.) *Тұрт көрпе*

Жинаушысы. Қасымов Хамза. Солтүстік Қазақстан облысынан.

Пресновский ауданы, Баянский с/п, к-з “Ортақ-куль”, 1941 жылы туған.

Аннотациясы. Баяғы заманда Байсақал деген бай болады. Балаға зр болған оның әйелі дала кезіп кетеді. Оны аюлар қамап үңгіріне алып барады. Жаны үшін аюмен бірге тұрады. Аюдан бір бала туады. Оның атын Аюқұлақ қояды. Бір күні шешесі екеуі үңгірдің аузын ашып үйлеріне қашып келеді. Байдың бөйбішесі де бір ұл тауып, атын Серік қойыпты. Аюқұлақ биікке қойған балды ептілігімен тәкпей алып ханның өмірін орындағаны үшін ханның Гауһар сұлу деген қызын алады. Гауһардың “Тұрт-көрпе” деген ұшатын қасиеті бар көрпесіне мініп, жер мен көктің арасында тұратын Күннен сұлуды алып келіп оған Серікті үйлендіреді. Аюқұлақтың күшінен сескенген елдің ханы оны өлтірмек болады. Мұны сезген Аюқұлақ жарымен және әкесімен қоштасып тоғай ішіне кетеді. Тоғайда бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс шалмен кездесіп, екеуі айқасады. Ақырында шалды жеңіп оның Күміс, Алтын, Жез деген қыздарын алып мақсатына жетеді.

Мөрі. 1-ші және 11-беттерінде ҚазССР ҒА-сы ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қолтаңбасы. Жинаушынікі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Түзу жолды дәптерге көк сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1941 жылы жазылып, Институт қорына 1945 жылы Қазақстан зерттеу қоғамынан түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба дәптердің түбі тігіліп, сұрғылт түсті папканың ішіне салынып, желімдеп тысталған.

Папкасы. № 189. “Тұрт көрпе” ертегісі.

221

Ш. № 76(ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.38

34x21; 28x18

Аталуы. تۈلكى مەن بۈدەنە Түлкі мен бөдене. (1 б.)

Айтушысы. Шынтайұлы Бекмұрат.

Жинаушысы. Ә.Диваев.

Аннотациясы. Түлкі мен бөдене дос болып бір-біріне өнерлерін көрсетеді. Түлкі “мені қорқытшы”, – дейді. Бөдене түлкінің көзін жұмдырып елге алып келеді. Ауылдағылар түлкіні жабыла қуып соғып алуға жақындағанда бір тоғайға кіріп кетіп өзер дегенде

құтылады. Түлкі бөденеге: “Қорқыт дегенде осылай қорқыт деп пе едім”, — деп екеуі араздасып кетіпті.

Қолтаңбасы. Айтушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Түзу жолды үлкен бір парақ қағаздың екі жақ бетіне кара сиямен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жылы жазылған. Түскен жылы белгісіз.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның соңында көк сиямен басқа қолтаңбада жазылған бірнеше жол жазу бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Жыртылған жерлері жұқа қағазбен желімделіп, басқа қолжазбалармен бірге түптеліп, ақ қағазбен қапталған.

Папкасы. № 76. 1. “Түлкі мен қасқыр”, 2. “Жалақ, сулы көз, таз кісілер”, 3. “Түлкі мен бөдене” ертегілері.

Библиографиясы. “Түлкі мен бөдене”. “Қазақ ертегілері”, II том, Алматы, 1962. 183-184-бб.

222

Ш №76(ОФК)

Б.12; П.12; Ж.14
21x17; 17x14

Аталуы. *Tülki men bōdenenin coldas boluŷ*

Түлкі мен бөдененің жолдас болуы (16.)

Жинаушысы. Байділдаев Н.

Аннотациясы. Қарны ашқан қу түлкі бөдене өтірік жолдас болып оны жеуге айналғанда бөдене айласын асырып құтылып кетіпті.

Мәрі. Бірінші бетінде ҚазССР ҒА-сы Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мәрі мен ОФК-нің сопақ мәрі бар.

Ақауы. Қолжазбаның үстінен қызыл сиямен түзеткен.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Қос сызықты дәптерге көк сиямен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жылы жазылып, 1947 жылы фондыға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бір жақ бетіне тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған дәптердің сырты ақ қағазбен тысталып, оған папканың нөмірі мен қолжазбаның аты, жинаушысы жазылған.

Папкасы. № 76. 1.“Түлкі мен қасқыр”, 2.“Жалақ, сулы көз, таз кісілер”, 3.“Түлкі мен бөдене” ертегілері.

223

Ш. № 76(ОҒК)

Б.2; П.1; Ж.38
35x20; 31x20

Аталуы. Түлкі мен қасқыр. (3 б.)

Жинаушысы. Ә.Диваев.

Айтушысы. Туғанбайұлы Жұмағали.

Аннотациясы. Түлкі қасқыр досына қарным ашты деген соң тоқты, ту қой әкеліп береді. Қасқыр олардан айрылып қалады. Енді қасқырды аяғына шеге кіріп жығылып жатқан атқа әкеледі. Ат “аяғымдағы шегені ал, сонан кейін же” дейді. Қасқыр шегені аламын дей бергенде теуіп өлтіреді. Түлкі досының етін жеп, терісін сыпырып алады.

Мөрі. Бірінші бетте (1 2 қ.ж-ның үшінші беті) ҚазССР ҒА-сы ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Папкасы. № 76. 1.“Түлкі мен қасқыр”, 2.“Жалақ, сулы көз, таз кісілер”, 3.“Түлкі мен бөдене” ертегілері.

224

Ш.481(ӘӨИ)

Б.7; П.14; Ж.20
20x17; 18x13

Аталуы. Түс сатып алған тазша.

Жинаушысы. Байжанов Тұрмахан.

Экспедициясы. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясы.

Аннотациясы. Әбіл мен Әжім деген жетім балалар байдың қойын бағып жүреді. Бір күні Әбіл түс көріп, көрген түсін Әжімге айтады. Әжім екі қой беріп, Әбілдің түсін сатып алады. Әбілдің түсінде көргені Әжімнің өңінде орындалып, екі ханның қызын алып, ол қыздардың ақылымен хан болып, бақытты өмір кешеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды дәптерге күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1961 жыл. Бұрынғы Қарақалпақ АССР-ы, Тақтакөпір қаласы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 481. ӘӨИ. 4-дәптер. Ауыз әдебиет үлгілері. 1962 жылғы Қарақалпақ экспедициясының материалдары.

225

Ш.125(ӘӨИ)

Б.5; Ж.27
27x18; 24x16

Аталуы. Ұры.

Айтушысы. Ескенов Жөкіш.

Жинаушысы. Хасенов Қалауия.

Аннотациясы. Ертеде бір кедей шалдың үш баласы болады. Бір күні шал балаларын шақырып алып: “Осы уақытқа дейін мен сендерді асырадым, енді қартайдым. Сендер жассындар, қалай күн көрер екенсіңдер”, – дейді. Үлкен екі баласы “Байдың малын бағамыз”, – деп жауап береді. Кіші баласы “мен байдың малын ұрлап күн көремін”, – дейді. Оның бұл сөзіне әкесі ашуланып баланы үйден қуып жібереді.

Бала айламен байдың тамағын, малын ұрлайды. Сөйтіп жүріп ханның назарына ілігеді. Ақырында айламен ханның өзін жеңіп, ханның бас уәзірі болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға күлгін түсті сиямен қазіргі қазақ әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1959 жыл. Бұрынғы Алматы облысы, Түрген селосы.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан қағаз бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен тысталып, толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 125. ӘӨИ. Ертегілер. 3-дәптер.

Ш.110(ОФК)

Б.7; П.14; Ж.23
33x14; 30x12

Аталуы.

وُرى بالا

Ұры бала.

Жинаушысы.

بەيسەباينەۋس

Бейсембаев С.

Аннотациясы. Ертеде бір байдың баласы өте ұры болады. Ол бір күні үлкен керуенге кезігіп, керуеншілердің тамағын, малын, заттарын ұрлайды. Керуеншілер сол елдің ханына шағым жасайды. Хан ұрыны табу үшін бірнеше ақыл-айла жасайды, бірақ ұрыны ұстай алмайды. Ақырында хан айла жағынан ұры баладан жеңіліп, қызын, әрі тағын береді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Кеңсе қағазына қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жыл.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылғандықтан дәптер бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, толық жөндеуден өткен.

Папкасы. № 110. ОФК. Ертегілер. 1-дәп. 14-20-бб.

Ш.58(ОФК)

Б.18; П.9; Ж.10
14x16; 13x12

Аталуы. Ұры мен аяр.

وُرى مەن ايار

Жинаушысы. Ахметов Мағзұм.

احمەتوف ماغزۇم

Аннотациясы. Бір әйелдің екі күйеуі болады екен. Біреуі ұры, біреуі аяр. Екеуін бірін-біріне білдірмей жүреді. Бір күні ұры мен аяр далада кездесіп қалады. Тамақтарын жейін десе екеуінің азықтары да, кескен жері де дәл келеді; Бір-бірімен үйлерін сұраса екеуі де бір үйді айтады. Ақырында екеуінің алғаны да бір әйел болып шығады. Екеуі қазыға барады. Қазы қай өнерің асқандарың алыңдар дейді. Ұры алатын болады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз қағазға, қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Қосымша белгілері. 1-бетінде латын әрпімен, қара сиямен жазылған жазу бар.

Мөрі. 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі, 18-бетінде ҚазССР ҒА-сы ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағында толық орналасқан; ертегі қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазға желімделіп, басқа қолжазбалармен бірге арнайы папкаға салынған.

Ақауы. Қарындашпен жазылғандықтан қолжазбаның кейбір жолдары өшіріле бастаған.

Папкасы. № 58. ОҒК. Ертегілер.

Библиографиясы. “Ұры мен ғаяр”. “Қазақ ертегілері”. III том. А., 1964. 280-284-бб.

228

Ш.74(ОҒК)

Б.4; П.2; Ж.17
22x14; 18x13.

Аталуы. Ұр тоқпақ.

Жинаушысы. Иронов Әділ.

وَر تَوْقِبَاق

Аннотациясы. Бұрынғы өткен заманда бір кемпір-шал тұзақ қойып күн көреді. Бір күні тұзағына бір қаз түседі. Өлтірейін десе, қаз адамша сөйлеп “мені босат, бір жылдан кейін қалағаныңды берем”, — дейді. Келер жылы іздеп барса, ол қаз Қазыбай деген бай болады. Осы бай берген уәдесін орындағысы келмей біраз айла жасайды, бірақ нәтижесінде адал мұратына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолды қағазға қара сиямен, араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жыл.

Мөрі. 1-бетінде ҚазССР ҒА-сы ОҒК-нің сопақ мөрі бар; 4-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

2. Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағында толық орналасқан, ертегі қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазға желімделіп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 74. ОҒК. Ертегілер.

Библиографиясы. “Ұр тоқпақ” - “Қазақ ертегілері”, I том. А., 320-322-бб.

Ш.139.

Б.35; П.18; Ж.24
20x16; 18x15**Аталуы.** *Үсар хан* Үшар хан.**Жинаушысы.** Құлшымбаев Үмбет.

Аннотациясы. Бір хан жас кезінде перінің қызына ғашық болып, сол қызды іздеу үшін көкке ұшатын өнер үйреніп 30 жыл ұшып жүреді. Қызды қолына түсіре алмай қартайып бара жатқан соң, басқа қызға үйленеді. Осы қыздан туған бала ер жеткен соң, күшті батыр болып, әлгі перінің қызына бұ да ғашық болады. Көп жылдар іздеп жүріп қызды тауып алып, мұратына жетеді.

Қағазы, сиясы, әрпі. Қолжазба ұзын жолды қағазға көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1940 жыл.

Мөрі. Қолжазбаның екі мөрі бар: 1. Институт языка и литературы академии наук КазССР отдел фондов рукописей инв. 1 283. 1948г. 2. ҚазССР Ғылым Академиясы центральная научная библиотека Академия наук КазССР.

Текстің орналастырылуы. Текстің жолдары парақтың екі жағында толық орналасқан, ертегі кара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба папкаға салынған.

Ақауы. Қолжазбаның көп жолдары сызылған. Сөйлемдері түзетілген.

Папкасы. № 139. ОҒК. Ертегілер.

Библиографиясы. “Үшар ханның баласы”; Қазақ ертегілері, I том, 1957, А., 66-75-бб.

Ш.210(ОҒК)

Б.10; П.5; Ж.34
35x25; 32x20.

ۇيادا نه كورسەك، ۇشقاندا سونى الارسىك

Аталуы. Ұяда не көрсен, ұшқанда соны аларсың.

Жинаушысы. Диваев Ә. *ديوايف ۱*

Аннотациясы. Бір ұрының баласы өсе келе, әкесінен де асқан ұры болады. Бала өзінің айласымен сол елдің ханын да алдап, оның ат басындай алтынын алады.

Бұл қолжазбада осы жинаушы жинаған бірнеше ертегі бар.

1. Түс жорығы 1 б.
2. Борамбай мерген 2-3 б.
3. Қотыр торғай 3 б.
4. Өтірік өлең 3 б.
5. Қобыланды батыр 4-5 б.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қосымша жазуы. Қолжазбаның 1-ші және 2-бетінде “Көпшілбайдың аузынан” деген жазу бар. Ертегі аттарының асты қызыл қарындашпен сызылып, кейбіреулеріне номер қойылған.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1920 жыл. Бұрынғы Сырдария губерниясы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағына да толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, арнайы сұрғылт түсті папкаға салынған.

Папкасы. № 210. Ертегілер.

231

Ш.158

Б.4; П;4. Ж.22
30x20; 26x18

Аталуы. Үлгілі үш сөз. **وَلِگَلَىٰ مَوْشِ سُوْر**

Жинаушысы. Әлкей Марғұлан. **الكهَي مَارَعُوْلَان**

Аннотациясы. Бір байдың баласы үш мың тіллә беріп, үш үлгілі сөз үйренеді. Оған бай ашуланып, баланы үйден қуып жібереді. Бала көптеген қиындықтарды басынан өткеріп, ақырында сол сөздердің пайдасын көріп, мақсат-мұратына жетеді.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде ОҒК-ның сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жыл. Жазылған жері белгісіз.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Ертегі жолдары қара сөзбен жазылып, парақтың бір жағына толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен желімденіп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 158. “Үлгілі үш сөз” ертегісі.

Ш. 11 (ОФК)

Б.6; П.6; Ж.24
31x23; 29x19Аталуы. Үлгілі төрт сөз. **ۋ لگلی تورت سوز**Жинаушысы. Ескендірұлы М. **ەسكەندىرۇلى م .**

Аннотациясы. Ертеде бір байдың жалғыз ұлы жылқы бағып жүріп ақсақал адамға кезігеді. Бала шалдан жылқысының жартысын беріп, төрт үлгілі сөз үйренеді. Бай мұны естіп қатты ашуланып, баласын үйден қуып жібереді. Ақырында бала осы төрт сөздің арқасында талай өлімнен қалып, хан болып, мақсат-мұратына жетеді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы. Қолжазбаның 1-бетінде қызыл сиямен латын әрпінде “Бұл ертегінің екінші варианты бар, “Тартудан “алынған” деген жазу бар.

Мөрі. Қолжазбаның 1-ші және 6-шы бетінде ОФК-ның сопақ, сондай-ақ 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ескі қағаз парақтарына көк сиялы қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1935 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың бір ғана жағына толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба мұқият түптеліп, арнайы папкаға салынған.

Ақауы. Қолжазбаның кейбір беттері тозып, жыртыла бастаған.

Папкасы. № 11. Ертегілер.

Ш. 43 (ОФК)

Б.1, П.1, Ж.24
21x15, 19x13Аталуы. **ۋش اعابىندى جىگىت** Үш ағайынды жігіт.

Тапсырушысы. Нұрмағамбетова Жәмиле.

Аннотациясы. Бір шалдың үш баласы болыпты. Шал үшеуін шақырып алып “мен қартайдым, қайратымнан айрылдым, енді сен-

дер мені қалай асырайсыңдар”, – депті. Үлкені молдалық етіп асыраймын, ортаншысы жалданып жүріп асыраймын, кенжесі ұрлықпен асыраймын деген екен. Кенжесінің аты Ақылбек. Өзі асқан қу, пысық жігіт екен. Ол байдың қойшысын алдап қоралы қойын айдап кетіпті, тағы бірде хан сарайына барып, ханды алдап, ханның екі жақсы арғымағын алып кетіпті. Сөйтіп әкесін асырапты.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу жолды ескі дәптердің парак беттеріне қара сиямен қазақ тілінде араб әрпімен қара сөзбен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қосымша белгілері. Осы папкадағы бірінші қолжазбаның соңғы парағы осы қолжазбамен (№ 3) бірге түптелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Басқа қолжазбалармен біріктіріліп түптеліп, сұрғылт түсті папкамен қапталған.

Папкасы. № 43. ОҒК. Ертегілер.

234

Ш.109(ОҒК)

Б.49; П.25; Ж.26
28x18; 23x16

Аталуы. *Үс ауыз сөз*

Үш ауыз сөз.

Жинаушысы. *Djwaev Ә.*

Диваев Әбубәкір.

Аннотациясы. 1) Үш ауыз сөз (1-4-бб.) – Ертеде бір байдың жалғыз баласы жылқы бағып жүрсе, бір адам келіп: “Балам, бір айғыр үйірлі жылқы берсең, мен саған үш ауыз насихат сөз үйретемін”, – дейді. Бала тұрып: “Хүп, берейін, үйретіңіз”, – деп үш ауыз сөз үйренеді. Кешке бала үйіне келсе, әкесі оны ұрысып қуып жібереді. Талай қиыншылықты көріп, нәтижесінде бала сол үш үгіттің арқасында мұратына жетеді.

2) Ханның есер ұлы мен уәзірдің есті ұлы (5-14-бб). Бұрынғы уақытта бір патшаның ақылды уәзірі болған екен. Екеуінің де әйелдері бір күні жүкті болады. Балалар дүниеге келген соң, балаларды айырбастап, ханның баласын уәзірдің әйелі емізіп, уәзірдің баласын патшаның әйелі емізіп, екі бала емшектес қарындас болады. Бір күні ханның әйелі дүниеден өтеді, хан жас қатын алады. Бұл тоқалы патшаны менсінбейді, көңілі бәйбішеден туған ханның ұлына түседі. Бірақ та бала көнбеген соң, оны ханға шағыстырып өлтіртпек болады. Бұл арада уәзірдің баласының көмегімен ханның

баласы қашып кетеді. Біраз қиыншылықтарды басынан өткізеді, ақырында уәзірдің баласы жолдасын тоқалдың өтірік айтқан пәлесінен құтқарады.

3) Есті бала (15-18-бб) Бір бала әкесі өлерде “балаларым, мені былай көмесіндер” деген сөзіне “әке оны сенің өлісің біледі, менің көмісім біледі” деп жауап береді. Басқа балалар мұны ұнатпайды. Ақырында әкелері өлгенде елді шауып баланың сөзі дұрысқа шығады.

4) Ақылды етікші (19-21-бб). Бір патша өзінің бұйрығын халық қалай орындайтынын білмек болып, халқына “ел кешке шам жақпасын, пайда таппасын”, – деп жар шашады. Бұл бұйрықты бір етікші орындамайды. Аяғында тексере келгенде етікшінің ақылды адам екені мәлім болған соң, патша оны өзіне уәзір қылады.

5) Надан тәуіп (22-23-бб). Өткен заманда өзі надан, өзі мақтаншақ бір тәуіп болады. Бір күні патшаның ауру қызын емдемек болып, дәрі жасайды. Сонда надандықпен улы дәрі езіп, оны сынамақ болған патшаның әмірімен өзі ішіп өледі.

Мәрі. 1, 25-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мәрі, 2,6-беттерінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мәрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жалғыз қағазға латын әрпінде машинкамен басылған.

Жазылған жылы, жері. 1924 жыл. Ташкент.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың бір жағына ғана орналасқан, бірінші төрт ертегі қара сөзбен жазылған, ең соңғы ертегі өлеңмен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Ертегілердің машинкаға басылған текстері арнайы папкаға салынған.

Ақауы. Кейбір беттері толық емес және жыртыла бастаған.

Папкасы. № 109. ОҒК. Ертегілер.

Аталуы. Үш бақсы шал. **عۇش باقسی شال**

Жинаушысы. Ескендіров М. **ه سكه ندرولى م**

Аннотациясы. Бір шалдың әйелі әдемі және жас болады. Бір күні шалға: “Сен басқалардай мал таба алмайсың, патшаның бақсысы құрлы жоқсың”, – дейді. Шал намыстанып: “Мен бақсымын”, – деп жар салады. Ханның алтыны жоғалып, шалды алдырады. Ал-

тынын тауып береді. Хан өзін біраз сынайды. Ең соңында хан қолына шегірткені ұстап тап дейді. Сонда шал – “1-де құтылдым, Ш-де тұтылдым” дейді. Хан оны тапты деп есептеп көп нәрсе береді.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1,5-66. ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар. 1-ші бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз қағазға көк сиямен араб әрпімен жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Қосымша белгілері. 1-бетінде қызыл сиямен латын әрпінде “70-25” деген жазуы бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың бір жағына орналасқан, бірақ та 4-беті толық емес. Ертегі қара сөзбен жазылған.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазға желімденіп, арнайы папкаға салынған.

Ақауы.

1) Кейбір беттері жыртыла бастаған;

2) Кейбір жолдары жинаушының өз қолымен сызылып қайта жазылған.

Папкасы. № 46. ОҒК. Ертегілер.

Ескерту. Ескендіров М. материалы екендігі жазуын салыстыру арқылы анықталды.

236

Ш. № 44 (ОҒК)

Б.4, П.2, Ж.19
22 x 17, 18 x 14

Аталуы. Үш жетім бала (1-6.) **ؤش جه تيم بالا**

Жинаушысы. Ә. Диваев **ديوايف ا**

Айтушысы. Төлешқызы А.

Аннотациясы. Әкесі өлген үш жетімнің бір байдың үш қызын қалай алғаны туралы.

Қолтаңбасы. Айтушыныкі.

Мөрі. Бірінші бетінде ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Түзу сызықты дәптерге қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1927 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке тұтасынан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Ақ қағазбен тысталып, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 44. 3-дөп. Ертегілер.

237

Ш. 91 (ОҒК)

Б.13, П.7, Ж.28
20 x 17, 18 x 15

Аталуы. Үш жетім зерек бала. *Үс cetim zerek bala*

Жинаушысы. Байменов Б. *Bajmenov B.*

Аннотациясы. Ертеде бір патшаның жалғыз ұлы қайтыс болады. Бұл қайғыны көтере алмаған патша төсек тартып жатып қалады. Ешкім патшаның көңілін көтере алмайды. Сол елде үш жетім зерек бала бар екен, солар ақын тауып патшаның көңілін көтереді. Бұлардың ақылдылығына тәнті болған патша оларды өзіне үезір етіп алады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты, ал 2-бетінде ОҒК-ның сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзын жолды оқушы дәптердің парағына көк сиямен латын әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жыл, бұрынғы Шымкент облысы, Түркістан станциясы.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағына да толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, арнайы папкаға салынған.
Папкасы. № 91. Ертегілер.

238

Ш. 24. (ОҒК)

Б.7, П.7, Ж.22

Аталуы. Үш зерек бала. *مۈش زەرەك بالا*
Жинаушысы. Ескендірұлы Міртай *هسکه ندرۈلی میرتای*
Аннотациясы. Ата-анадан жастай жетім қалған үш бала күнін

әрең көріп жүреді. Бір күні бір байдың ауылына келіп қонады. Бай бұларды оңаша тігілген қосқа түсіріп, тоқты сойып қонақ қылады. Түнде үшеуі жатып әңгімелеседі, сонда үлкені: “Байдың бізге берген еті арам-ау”, – дейді. Ортаншысы: “Байдың бізге берген еті малдың еті емес иттің еті-ау”, – дейді. Кішісі: “Ет салып берген ыдысы ит аяқ-ау”, – дейді. Тыңшысы арқылы бұл әңгіменің бәрін естіген бай ертесі үшеуін шақырып алып “айтқандарың рас па” – деп сұраса, үшеуі де бірден “рас” деп шу ете түседі. Намыстанған бай қарт шешесін шақырып алып мыналардың айтқан сөздері рас па деп сұрайды. Сонда шешесі: “Баяғыда қатты жұт болып барлық малымыз қырылып жалғыз жетім қозы қалған. Ол да өлетін болған соң, үйде жемтік жеп жүрген бір қаншығымыз болушы еді, соған теліп әрең дегенде аман алып қалғанбыз.

Осы үйдегі қазіргі барлық қой сол қозыдан таралған болатын. Бұлардың айтып отырғаны осы болар”, – дейді. Бай бұл үшеуін тағы бірнеше рет сынап қарап, олардың тапқырлығына көзі әбден жеткен соң үшеуіне ат мінгізіп, шапан жауыпты. Көп сыйлықтар беріп риза қылып аттандырыпты.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. 1-бетінде Тіл және өдебиет институтының төрт бұрышты мөрі, 1-7-беттерінде ҚазССР ҒА ОҒК-нің сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, әрпі. Жолсыз қағазға қара қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1936 жылы жазылып, 1948 жылы фондыға түскен.

Қосымша белгілері. Қолжазбаның үстінен көк сиямен түзету жүргізілген. 7-парақтың екінші жақ бұрышында “Түзетілді. Дегенмен басқа вариантын қарау керек. Ес.6/VII-36 г.” – деген бұрыштама бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бірінші жақ бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жұқа ақ қағазбен тысталып, сұрғылт түсті папкаға салынған.

Папкасы. № 24. ОҒК. “Үш зерек бала” ертегісі

Аннотациясы. Ертеде бір бай сан мыңдаған жылқыларын тек бір ғана құдықтан суғарады екен. Құдықтың суы өмірі таусылмайтын болады, оған қуанған бай құдыққа күніге бір ту бие тастап тұратын болған. Бір күні байдың баласы бұл құдықтың қандай сиқыры бар деген оймен, құдыққа түседі. Құдықтың ішінде перінің қызына кездеседі, оған ғашық болады. Қыз балаға шарт қояды, бала оны орындап қызды алады.

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Мөрі. Қолжазбаның 1-бетінде ОҒК-ның сопақ, өрі Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Жолсыз сарғыш қағазға қара қарындашпен араб өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1949 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағына да толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба түптеліп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 63. Ертегілер.

240

Ш.106 (ОҒК)

Б.11, П.6, Ж.19

21 x 16, 17 x 14

Аталуы. Үш келіншектің сыр айтысуы. *Үс kelincektin сыр ajtysub*

Жинаушысы. Әбдіраев Ы. *Abdiraev Y*

Аннотациясы. Ертеде үш келіншек тойда кездесіп, өздерінің жастық шақта бастан кешкен әңгімелерін айтысады. Ертегінің көркемдік дәрежесі төмен, тәрбиелік һәм эстетикалық мән-маңызы жоққа тән,

Қолтаңбасы. Жинаушыныкі.

Қосымша жазуы. Қолжазбаның 2-бетінде қара сиямен латын өрпінде “бізде бар” деп жазылған.

Мөрі. Қолжазбаның 2-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты, ал 2-бетінде ОҒК-ның сопақ мөрі бар.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ұзын жолды оқушы дәптерінің парағына қара қарындашпен латын өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. 1939 жыл.

Беттелуі. Араб цифрымен беттелген.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары парақтың екі жағына толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба ақ қағазбен түптеліп, арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 106. Ертегілер.

241

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.42, П.21, Ж.25

17 x 21, 15 x 19

ئۇش قىز، بەس سوقمەرتە گىسى

Аталуы. Үш қыз, бес соқыр ертегісі ... (1 бет).

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы. Сәрсенбек ақсақал 1903 жылы бұрынғы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылында қара шаруа Түсіп семьясында туған. Сәрсенбек 7 жасынан бастап ауылдық медреседе, кейін Троицк қаласындағы үлкен орталық медреседен орысша оқып, оны бітіргеннен кейін Семей қаласындағы орыс мектебіне түсіп 4 класс бітіреді. 1926 жылдан 1929 жылдар аралығында Семей қаласындағы диірменде және Түрксиб теміржолының Ертіс көпірінде жұмысшы болып қызмет істейді. 1930 жылдан 1942 жылдар аралығында Қарағанды облысы, Ақтоғай аудандық сауда орынында (РАИПО-да) қоймашылық қызметінде болады. 1942 жылдан соң Алматыға келіп астық дайындау курсына оқып, Алматы қаласындағы № 1 нан заводына жұмысшы болып қызметке орналасады. Осы жұмыстан 1970 жылы босап құрметті зейнетке шығады. Қазір Алматы қаласы 841 квартал Трофенина көшесі 6 үй, 2 пәтерде тұрады. Ескіше қисса, ертегі дастандарды көп оқып, көңіліне көп тоқыған көкірек-көзі ашық сауатты адам болған. Бұл кісі көдімгі шығыс халқының өмірінен алынған 42 ертегіні жинастырып (өзі де құрастырып) бағзыларын өлең-дастанға айналдырып, ҚазССР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорына тапсырған.

Аннотациясы. Арон Рашид патшаның заманында Бағдат шаһарында дәулеті асып, мәртебесі жоғарылаған бала Көпес деген асқан бай-көпес болады. Ол көпестігімен үш қатын алады. Үш қатыннан үш қыз көреді. Ақыры бір ұлға зар болып жүріп дүние салады. Бала көпестің үлкен қызы Алия Нұр әрі сұлу, әрі ақылды, әрі оқымысты болып ер жетіп әкесінің бүкіл алтын-жиһаз, дүние-мүлкіне иегершілік етеді. Екі сіндісін оқытып, тәрбиелеп өсіреді. Күндердің күнінде екі сіндісі бой жетіп өз еншілерін алып, өздері таңдаған екі

жігітке тұрмысқа шығады. Бірақ бұлардың барған жігіттері құмаршы болып, бар дүние-қазыналарын құмарға ұттырып, екі сіндісі Алия Нұрдың қарамағына қайтып келеді. Алия Нұр үлкен қамқорлық жасап бұларды өз сарайында бағып тәрбиелейді. Күндердің күнінде Алия Нұр бір Ғабдул Манап деген сұлу жігітке ғашық болып теңіз үстінде қайықпен саяхат қылып жүргендерінде екі сіндісі қызғанып, Алия Нұр мен Ғабдул Манапты қайықтан құлатып, теңізге тастап кетеді. Алия Нұрды теңіз апатынан Гаугар Лағын шаһарының патшасы Шалас дегеннің кенже қызы құтқарып қалады. Бұл қыз да Ғабдул Манапқа ғашық екен. Алия Нұрды өз сарайына әкеліп құдай екі сіндісін сиқырмен екі қаншық (күшік) етіп қояды. Хан Алия Нұрға бұл екеуіне күніне бес жүз қамшы дәре соғып қинауды тапсырады. Күндердің күнінде Бағдат шаһарынан жеке-жеке бес соқыр жігіт Алия Нұрдың сарайына қонаққа келеді. Алия Нұр бұларды тұтқынға алып, соқыр болу себептерін сұрайды. Бұлардың барлығы патша балалары болып әр түрлі болып жалғандықтарын айтып тұтқыннан босайды. Осы соқырлардың таратқан аңыз деректері бойынша ғашық болып, Алия Нұрды тоқалдыққа алады.

Алия Нұр жүкті болып, екі менді сымбатты сұлу бір ұл табады. Атын Менді Ғалип қояды. Менді Ғалип өсіп, ер жетіп жігіт болған шағында түс көріп, түсінде не ғажайып уақиғалар оның ішінде ай десе аузы, күн десе көзі бар бір сұлуға ғашық болып ұзақ сапарға аттанады. Жол-жөнекей (нелер қиыншылықтарды) қыдыр дарыған ақсақал шалдарға көз болып, солардың ақыл-айла, сиқыр-сыйларымен не қиыншылық-қауіп қатерлерден құтылып, көзді ашып-жұмғанша барам деген жерлеріне барып жүріп, құс перісі Ғайни Камал деген қызды алып Бағдатқа, өз ел жұртына қайта оралады. Қырық күн ойын, отыз күн тойын өткізіп мұратына жетеді. Ертегі оқиғаға толы ғибратты және қызықты айтылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба сары қағазбен қапталып, қайта түптеліп, толық түзетуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар” 6-дөптер. “Үш қыз, бес соқыр” ертегісі.

Ш.85 (ОФК)

Б.14, П.14, Ж.14
35 x 15, 30 x 12

Аталуы. Үш мерген (1 б.). **ؤش مەرگەن**
Жинаушысы. Бейсенбаев С.

Аннотациясы. Ертеде Сұрмерген, Арғынмерген, Найманмерген деген үш мерген болыпты. Бұлар қартайған кездерінде бас қосып бір-бірінен өмірде не істегендерін сұрасыпты. Сонда Сұрмерген өз басынан кешкендерін баяндапты.

Ертегіде жалғыз Сұрмергеннің басынан кешкендері – жезтырнақпен, жалғыз көзді диюмен, перілермен кездесіп әр алуан құбылыстарға тап болғаны, талай-талай азап шеккені айтылады.

Қолтаңбасы. Белгісіз.

Қағазы, сиясы, әрпі. Ұзынша етіп қиылған жұқа сарғыш қағазға қара сиямен араб әрпінде жазылған.

Қосымша белгілері. 1-бетінде “Өте араласып, қойыртпақ болған ертегі. 13/1-36. Қ.” деген латын әрпінде жазылған жазуы бар.

Қолжазбаның үстінен кей жолдарын сызып өшіріп, қайта түзету жүргізген.

Жазылған жылы, жері. 1934 жылы жазылып, 1948 жылы қорға түскен.

Мөрі. 1,14-беттерінде ҚазССР ҒА ОФК-нің сопақ мөрі, 1-бетінде Тіл және әдебиет институтының төрт бұрышты мөрі бар.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр парақтың бір жақ бетіне толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба біріктіріліп түптеліп, сұрғылт түсті папкамен тысталған.

Папкасы. № 85. “Үш мерген “Сұрмерген, Арғынмерген, Найманмерген” әңгімесі”.

Ш. 502 (ӨӨИ)

Б.12, П.6, Ж.20
20,5 x 17, 17 x 13

Аталуы. Үш ойшы

Жинаушысы. Адамбаев Б. Әдебиет және өнер институты.

Экспедициясы. 1963 жылы Қарағанды ғылыми экспедициясы.

Аннотациясы. Бір адамның үш баласы болыпты. Ол адам осы

балалары үшін мол қазына жинап, оны көзі тірісінде балаларының алдында бір жерге көмдіріп қойған екен. Әкесі өлгеннен кейін балалары өлгі көмілген қазынаны бөліп алмақшы болып барса, орнында жоқ болып шығады. Бір-бірінен көрген үшеуі ханға барып жүгінеді. Үшеуінің тапқырлығымен ақыры қазына табылыпты.

Қолтаңбасы. Жинаушыныңкі.

Қағазы, сиясы, өрпі. Түзу жолды қалың дәптерге жасыл сиямен қазіргі қазақ өрпінде жазылған.

Жазылған жылы, жері. Белгісіз.

Текстің орналастырылуы. Текст жолдары әр бетке толық орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба жазылған дәптер бозғылт түсті қалың қағаздан жасалған арнайы папкаға салынған.

Папкасы. № 502. ӘӨИ. 1963 жылғы Қарағанды экспедициясының материалдары. 1-дөп.

244

Ш. 693 (ӘӨИ)

Б.28, П.14, Ж.30
18 x 20, 16 x 20

Аталуы. Үш сұлу... (1 бет). **موش سولو**

Жинаушысы. Сәрсенбек Түсіпұлы... (23 б.)

Аннотациясы. Азмұрт шаһарының патшасы Найқаттың 80 жасқа дейін 17 қатын алса да бір перзентке (бір ұлға) зар болуы, барлық уәзір, қолбасшылары бас қосып, бас уәзір Бақылаудың 18 жастағы Әнуар атты қызын алып беруі, Әнуар айналасы бір аптада жүкті болып, тоғыз ай, тоғыз күн, тоғыз сағатта бір ұл табуы, барлық ғұламалар жиналып, зор салтанатпен бұл ұлға “Сексен” деп ат қоюы Сексен өсіп, ер жетіп, әкесінің тағына отырып патша болуы, 21 жасқа толғанда Йемен шаһарының асқан бай-көпесі Кәрімнің Менді сұлу атты қызын алуы: айлар өтіп, жылдар өтіп, Сексеннің Ақылдас атты ұл көруі, Ақылдас өсіп, ер жетіп 19 жасқа жеткенде Йемен шаһарының патшасы Мәмбетәлінің немере қызы Гүлжамалға үйленуі, бұл аралықтардағы той, салтанат, жиһаз-мүлік, қызық-тамашалар хикая етіледі.

Жинаушы Сәрсенбек Түсіпұлы бұл ертегіні Стамбул баспасынан шыққан (Авторы Сақи Базул) “Қырық сұлу” кітабынан 1914 жылы оқып, жатқа сақтап, кейін қазақша қағазға түсірген.

Қағазы, сиясы, өрпі. Ертегінің көлемі 23 бет. Шақпақ жолды дәптер қағазына көгілдір сиямен көне араб өрпінде жазылған.

Текстің орналастырылуы. Ертегі қара сөзбен жазылған, әр бетке бір қатардан орналасқан.

Қалпына келтірілуі. Қолжазба нұсқа сарғыш қағазбен қапталып, қайта түптелген, тиісті жөндеуден өткен.

Папкасы. № 693. “Ел аузынан түскен материалдар”. 24-дөптер “Үш сұлу”.

245

Ш. 7 (ОФК)

Б.6, П.3, Ж.36
30 x 21, 28 x 19

Аталуы. Үш сылқым. **ؤش سلقم**

Жинаушысы. Уәлитов Ж. **ؤاليتوؤ ج.**

Аннотациясы. Бұл қолжазбада үш ертегі кездесті. Жинаушысы бір болғандықтан бұл ертегілерді бір сипаттаманың көлемінде қарастырдық.

1. Үш сылқым (1-2-бб.). Бір байдың үш баласы болады. Әкесі өлерінде оларға өсиет сөз айтады. Бірақ та балалары әкелерінің сөзіне құлақ аспай, бастарынан көптеген қиыншылықтарды өткізеді.

